

«I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕНОВ ОҚУЛАРЫ»

атты «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары
18-19 қазан, 2018

Том II

«I МЕЖДУНАРОДНЫЕ ЕСЕНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

материалы международной научно-практической конференции
проводимой в рамках Программы модернизации общественного сознания
«Ориентация на будущее: Рухани жаңғыру»
18-19 октября, 2018

Том II

«I INTERNATIONAL YESSENOV READINGS»

materials of the international scientific and practical conference conducted
with in the framework of the Program for Modernization of Public
Consciousness «Orientation for the future: Spiritual revival»
18-19 october, 2018

Том II

УДК 378
ББК 74.58
Е79

Под общей редакцией ректора Yessenov University
Б.Б.Ахметова

Редакционная коллегия:

Е.Т. Нурмағанбет, А.М. Джанисенова (отв. секретарь сборника)

Е79 «I Халықаралық Есенов оқулары»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары=«I Международные Есеновские чтения»: материалы международной научно-практической конференции=«I International Yessenov readings»: materials of the international scientific and practical conference-Актау: КГУТИ им. Ш. Есенова, 2018, том II -261 с. – Казахский, русский, английский.

ISBN 978-601-308-080-2

«I Халықаралық Есенов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы ғылыми зерттеулерді, ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологияларды дамыту мен қолданудың практикалық нәтижелерін қарастырады, сондай-ақ жоғары сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, отын-энергетикалық кешен мен мұнай-газ геологиялық ғылымды дамытуға бағытталған өзекті мәселелер, Каспий аймағының экологиялық проблемаларын, жасыл технологияларды, инновацияларды және қолжетімдіктің мәселелерін қарастырылады, студенттердің экономикалық және құқықтық жүйелерді басқарудағы өзекті мәселелерін және проблемаларын шешуге, сондай-ақ студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіпкерлік белсенділігін дамыту сұрақтары қарастырылады.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции «I Международные Есеновские чтения» рассматриваются научные исследования, практические результаты развития и использования информационных технологий в науке и образовании, обсуждаются вопросы по дальнейшей реализации национальной программы «Рухани жаңғыру», а так же вопросы по актуальным проблемам, направленным на обеспечение качественного экономического роста, развития топливно-энергетического комплекса и нефтегазовой геологической науки, рассматриваются решения экологических проблем Каспийского региона, зеленые технологии, инновации и доступная энергия, развитие способностей обучающихся в решении актуальных задач и проблем управления экономическими и правовыми системами, а так же развитие предпринимательской активности студентов и ППС.

УДК 378
ББК 74.58

© Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, 2018

ISBN 978-601-308-080-2

АРМЫСЫЗДАР, ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, СТУДЕНТ ЖАСТАР, ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ!

Бүгінде Қазақстан мемлекеттік және ұлттық дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріліп келеді. Бұл орайда барлық мүмкіндіктер іске қосылуда. Осы арқылы әр қазақстандықтың жеке дамуына да алғышарттар қаланған. Қазір елімізде қолға алынған істер аса ауқымды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазір ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген адам озады» деп үнемі бағыт сілтеп отыруы студенттер мен оқытушылардан ғылыми ізденіс пен кәсіби шеберлікті, біліктілікті талап еткені. Еліміздің бұдан былайғы дамуы тек қана ғылымның деңгейімен өлшенетінін атап өткен Елбасы ғылымға басты назар аударуға тиіс екенімізді айтып келеді. Бұл үшін білім жүйесінде білім беру мен оқытудың, ғылымды игерудің халықаралық талаптарын меңгертудің маңызы зор.

Осы орайда өңірдегі бірден бір білім ордасы Ш.Есенов атындағы КМТИУ де бүгінгі таңда Президенттің жолдауларында қарастырылған жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, ғылыми бағыттағы ынтымақтастық қызметінде алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен халықаралық байланыстарды ұйымдастыру және дамыту жұмыстары бойынша бірқатар жұмыстар атқаруда.

Соның бір айғағы бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылып отырған І Халықаралық Есенов Оқуының өтілуі. І Халықаралық Есенов Оқуының мақсаты - Қазақстан қоғамының рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін дамыту, оны елімізде және алыс-жақын шет елдерде таныту болып отыр.

Жоғары оқу орындарында халықаралық дәрежеде өтіліп келе жатқан дәстүрлі Әл-Фараби, Абай оқулары бар екендігі бәрімізге белгілі. Осындай тың, жаңашыл үрдісті Ш.Есенов университетінде жалғастыру баршамыз үшін үлкен қуаныш, құптарлық жайт. Маңғыстау өлкесіндегі білім ордасына аты беріліп отырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-геолог, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА академигі Шахмардан Есеновтің еліміздің ғылымына қосқан үлесі өлшеусіз зор. Оның ішінде Маңғыстаудың мұнай-газ кен орындарын барлап табу ісіне тікелей басшылық жасап, Маңғышлақты Қазақстанның құрамында қалдыру туралы шешім қабылдауға өзіндік үлесін қосуы өлкеміздің даму тарихындағы орнының қаншалықты екендігін көрсетеді. І Халықаралық Есенов оқулары қатысушылар ғылым мен білім берудің интеграциясы, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін өркендету, Есенов еңбектерін зерделеуге қатысты мәселелерді талқылап, ортаға салады деп есептейміз. Бүгінгі І Халықаралық Есенов оқуының тағы бір басты ерекшелігі Нобель сыйлығының иегері Доктор Раджендра Пачаури мырза құрметті қонақ ретінде қатысып отыр!

Елбасымыздың таяудағы 5 қазан 2018 жылы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" тақырыбындағы дәстүрлі Жолдауы жылдағыдан ерекше. Бұрынғы Жолдауларында ол елді экономикалық және саяси тұрғыдан жаңғыртуға күш салған болса, енді Қазақстан азаматтарының тұрмыс-ахуалын арттыруды көздеген әлеуметтік шаралар жасау тұрғысындағы мақсаттарды белгілеп отыр. Елбасы Жолдауында білім беру саласын дамытуға ерекше көңіл бөлу керектігі айтылған. Енді білім беру ісінде креативті, сыни ойлау, командада жұмыс істей білуге назар аударылады. Сонымен қатар, білім саласына қатысты басты жаңалық – келер жылдан бастап «Педагог мәртебесі туралы» Заң күшіне еңбек. Бұл мұғалімдерге деген қоғамдағы құрметті арттыруға, олардың құжатпен айналысып емес, тек балаларға білім берумен айналысуына мүмкіндік береді.

І Халықаралық Есенов оқулары жұмысына шығармашылық табыс, сәттілік тілеймін, алдағы уақытта да жалғасын таба берсін!

**Маңғыстау облысының әкімі
Е.Л. Тоғжанов**

ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, ӘРІШТЕСТЕР, СТУДЕНТТЕР!

I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕНОВ ОҚУЛАРЫНА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Шахмардан Есенов, Қаныш Сәтпаев пен Евней Букетовпен қатар, ең көрнекті қазақстандық ғалымдардың бірі болып саналады. Оның ауқымды іс-шаралары және белсенді қатысуы арқасында ірі табиғи ресурстар (мұнай, газ, мыс және басқалар) – Жезқазған, Жаңаөзен, Қаражанбас, Жетібай, Қаламқас, Бозашы және басқа да кенорындар ашылып, одан әрі дамып, өндірістік кешендер құрылды. Бүгінгі күні аталған кенорындар Қазақстан экономикасының негізін құрап отыр.

Елбасының 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында Ең алдымен, «Болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет деп атап көрсеткен болатын. Яғни еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады.

Университет базасында жасанды интеллект технологиясын әзірлеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын құру сондай жобалардың бірі бола алады деп университеттегі оқу мен ғылымға деген бағыттарды көрсеткен болатын.

Осы өткізіліп отырған I Халықаралық Есенов оқуларының мақсаты – оқытушылар мен жас ғалымдар өз дарындылығын көрсетуге, әртүрлі салаларда қосымша білімділік артып, пікірлестерді табуға және олардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсетуге қабілетті интенсивті оқу үрдісін құру. Сонымен қатар конференцияда бәсекеге қабілетті ұрпақты дамыту мен бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мәселелер талқылады.

Аталған конференцияға Нобель сыйлығының бейбітшілік бойынша иегері – Раджендра Пачаури, шет елдерден Путра Малайзия университетінің профессоры Мохамед Бин Отман және еліміздің басқа аймақтарынан келген қонақтар қатысып отыр.

Конференция аясында Елбасының экологиялық таза және жасыл технологияны дамыту саясатын орындауға байланысты университетте елімізде алғаш рет электромобильді қуаттандыратын станция ашылып отыр.

Есенов оқулары біз жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференция ретінде қалыптастыру ойымызда бар.

Конференция қатысушыларына алдыңғы жұмыстарыңызға сәттілік және жемісті болуын тілеймін.

**Ректор Yessenov University
Б.Б. Ахметов**

ӘОЖ 33.330.3

**ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ МӘНІСІ ЖӘНЕ
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Алибеков Д.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасында басым бағыттарға ие болған индустриалды-инновациялық дамудың негізгі алғы шарттары мен дамытудың басым бағыттары қарастырылады.

Түйінді сөздер: инновация, инновациялық үрдіс, инновациялық өнім, индустриалды-инновациялық саясат.

Инновациялық үрдіс өзіне тән ерекшеліктерге байланысты ғылымды, техниканы, өндірісті, кәсіпкерлікті, қаржы секторын, маркетинг және менеджментті біріктіреді. Инновациялық процестің барысында сапалық қатынасындағы әртүрлі міндеттер шешіледі, сондай-ақ айтарлықтай дифференцияланған экономикалық нәтижелерге қол жеткізілуі мүмкін.

Қазақстанның экономиканы нарықтық негізде ұйымдастыруға өтуіне байланысты кәсіпорындардың қызмет жағдайлары түбегейлі өзгеріске ұшырады. Нарықтық жүйенің толық құқылы субъектісі болу үшін, кәсіпорын қаржыландыру көздерін іздестіруді, шағаратын өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алатын тиімді технологияларды таңдап алуды, өткізу нарығын талдауды, жаңа тауар жеткізушілермен байланыс орнатуды және басқа да көптеген, яғни ресурстарды барынша тиімді пайдалану мақсатында «жаңа комбинацияларды» өз бетінше жүзеге асыруы тиіс. Отандық инновациялық қызметті жүргізудің жеткілікті тәжірибесі жоқ. Сол себепті соңғы уақыттарда инновациялық үрдістерді микро және макро деңгейлерде реттеумен, инновациялық қызметті мемлекеттік реттеудің тікелей және жанама әдістерін пайдаланудың тиімділігімен байланысты мәселелер ерекше маңызға ие болып отыр [1].

Алайда «инновация» ұғымының кейбір теориялық аспектілері нақтылауды және одан әрі зерттеуді талап етеді, атап айтқанда, ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырудың ғылыми тәсілдері, экономикалық теория пәні тұрғысынан зерттелуі тиіс.

Инновациялар уақытша монополияны қамтамасыз ететін өзіндік ерекшелікті білімнің нәтижесі, сонымен бірге шығындарды қайтарудың және пайда алудың жағдайы болуы себепті нарықтық айналыстың объектісі болады. Заңи ұғым ретіндегі «интеллектуалдық меншіктің» пайда болуымен және авторлық құқықтардың алынуымен инновацияны жасақтаушылардың, соның қатарында инновацияның аса маңызды көзі ғылымды ұйымдастырудың жүйесіне ықпал етуші институт ретіндегі мемлекеттің де ролі айтарлықтай өзгеріске ұшырайды.

Әртүрлі зерттеушілердің инновация ұғымына көзқарастарын қарастыра отырып, біз инновацияның, біздің пікірімізше, отандық ғылымның қазіргі талаптарына жауап

беретін келесідей анықтамасын ұсынамыз. Инновация – бұл мемлекеттік қолдаудың және бәсекелестіктің нарықтық тетігінің негізінде жүзеге асырылған «пайдалы инновациялық тиімділікке» ие болатын инновациялық процестің түпкі нәтижесі болып табылады.

Бірқатар факторларға байланысты күрделі саяси, экономикалық жағдайларда жүргізіліп отырған тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету – Қазақстан үшін ағымдағы кезеңдегі өзекті мәселе болып табылады. Республика экономикасында жағымды тенденциялар пайда болып, шаруашылық байланыстардың үзілуінен, төлемсіздік дағдарысынан, бартерлік тауарайырбастаудың, толлинг операцияларының басымдығынан, отандық өнімдерге деген төлемқабілетті сұраныстың төмендеуінен болған қиындықтар біртіндеп еңсеріліп келеді.

Кәсіпорындардан, министрліктер мен ведомствалардан келген инновациялық қызмет бойынша құжаттармен жұмыс жасау, сондай-ақ жарияланымдар және мерзімді баспасөзді талдау «инновация» және «инновациялық қызмет» терминдерінің бірегей түсіндірілуін бекітудің қажеттілігін көрсетіп отыр, себебі бұл ұғымдарды қабыл алу, қабылданатын басқарушылық шешімдерге және өндірістік қызметті ұйымдастырумен, қарыжландыру мен салық салу мәселелерімен, шараларды жүзеге асыруға жұмсалған шығындарды есептеумен, интеллектуалдық меншікті қорғаумен байланысты әрекеттерге ықпал етеді.

Әдеби бастауларда «инновация» терминін түсіндірудің көптеген үлгілері анықталған.

Инновация – бұл жаңа немесе жетілдірілген тауар (жұмыс, қызмет көрсету) немесе экономикалық айналымда пайдаланылатын жаңа жетілдірілген технологиялық үрдіс түрінде жүзеге асырылған интеллектуалдық шығармашылық еңбектің түпкі нәтижесі.

Инновация – бұл қызмет үрдісін немесе оның нәтижелерін жетілдіруге бағытталған интеллектуалдық (ғылыми-техникалық) қызметтің нәтижесін қоғамның әлдебір өрісінде пайдалану.

Инновация – жаңа өнімді, затты, процесті, технологияны, қызмет көрсетуді енгізудің үрдісі.

Инновация – (жаңа құрылым, жаңадан енгізу) жаңа немесе жетілдірілген өнім, технологиялық процесс түрінде жүзеге асырылған біріккен интеллектуалдық және өндірістік қызметтің нәтижесі.

Инновация – нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнім, практикалық қызметте немесе әлеуметтік қызмет көрсетулердегі жаңа тәсілдерді пайдаланылатын жаңа немесе жетілдірілген техникалық процесс ретінде көрінісін тапқан инновациялық қызметтің түпкі нәтижесі.

«Инновация» термині анықтамасының көптігі және оны әртүрлі түсіндіру заңи тұрғыдағы мәселелерді пайда қылады, қаржыландыру, есепке алу, инновациялық қызмет бойынша есеп беру мәселелеріне әсерін тигізуі мүмкін.

Инновацияның ғылыммен байланысын ерекше атап көрсету керек. Көптеген әдеби бастауларда олардың қатарында отандық әдебиеттерде де, инновация ғылыми-зерттеу үрдісінің тікелей салдары ретінде түсіндіріледі. Дегенмен өздерінің экономикасын дамудың инновациялық жолына бағыттаған дамыған елдердің тәжірибесі инновацияның, тіпті олардың нәтижесін пайдаланудың барынша жоғары деңгейінде де тек ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстардың нәтижесі болып табылмайтындығын көрсетіп отыр. Инновациялық процесс, яғни инновацияның өзі де кәсіпорындарда (және басқа да тұтынушыларда) таза ғылыми жетістіктердің арқасында, сондай-ақ тауар өндірушілердің клиенттермен, жеткізушілермен және бәсекелестерімен

байланыстарының, яғни нарықтың конъюктурасына қатысты ақпараттың негізінде пайда болады.

Осыған байланысты инновацияның дамуы үшін қажетті білім, ғылыми процестің барысында қалыптасатын білімнен айырмашылықтарға ие болады. Бұл айырмашылықтар өзара байланысты, солардың қатарындағы технологиялық эксперименттер, нарық мониторингі сияқты қызметтердің кешеніне негізделген, сонымен бірге көп жағдайда бұл кәсіпкерлік болып табылады [2].

Инновациялық қызмет жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, өндірістің әртүрлі өрістеріне және нәтижелері экономикалық өсім және бәсекеге қабілеттілік үшін пайдаланылатын қоғамды басқару саласына енгізуге бағытталған.

Инновациялық қызмет – инновацияны құру және жүзеге асыру үрдісі.

«Инновация» терминіне бізбен берілген анықтаманы басшылыққа ала отырып, «инновациялық қызмет» терминін түсіндірудің келесідей нұсқасын ұсынамыз – инновациялық қызмет өндірістік өнімдердің жаңа түрлерін өндіруге, тауарлардың, қызмет көрсетулердің бәсекелестік басымдылықтарына қол жеткізуге және басқа да жаңалықтарды пайдалану негізінде өткізу нарығын кеңейту және нарықты игеруге бағытталған қызмет болып табылады.

Тұрақты экономикасы ІЖӨ жыл сайынғы жоғарғы өсуі жан басына шаққандағы ІЖӨ жоғарғы деңгейімен, әлемдік нарықта басым жағдайға ие экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі осындай нәтижелерге көп жағдайда мемлекеттік органдардың тарапынан қолдау көрсетудің арқасында жеткендігін көрсетеді.

Экономика ғылымы инновацияның 5 түрін айырып көрсетеді:

1. Жаңа өнімді енгізу
2. Өндірістің жаңа әдісін енгізу
3. Жаңа нарықты құру
4. Шикізатты немесе жартылайфабрикаттарды жеткізудің жаңа көздерін игеру
5. Басқару жүйесін қайта ұйымдастыру

Жоғарыда көрсетілген тізбенің 1, 2 және 4 пунктері жаңа өнеркәсіптік немесе өзгелері өнімдерді және технологиялық процестерді құруды, сондай-ақ өнімдер мен үрдістердің айтарлықтай технологиялық өзгерістерін қарастырады, яғни инновацияның осындай технологиялық инновацияларға жатқызу керек. Осыған сәйкес технологиялық инновациялардың екі типін ажыратады - өнімдік және үрдістік (процестік).

Өнімдік инновациялар өнімнің функционалдық сипаты, қасиеттері немесе пайдаланылған материалдары мен компоненттері бұрын шығарылып келген өнімнен айтарлықтай айырмашылықтарға ие болатын жағдайдағы радикалды өнімдік инновация ретінде анықталатын жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді енгізу процесін қамтиды. Бұл арада тауардың немесе қызмет көрсетудің жаңа түріне сұранысты және ұсынысты қалыптастыру бөлігінде нарықтың тиісті өрісінің конъюктурасына инновацияның болашақтағы ықпалы маңызды мән-жай болып табылады. Егер өндіріс үрдісіне қолданылатын болса, бәсекелестік басымдығына және нарықта тұрақты сұранысқа ие болса, инновацияны жүзеге асырылған деп санауға болады.

Процестік (үрдістік) инновациялар – бұл өндірістің жаңа технологиялары, автоматизацияның барынша жоғарғы деңгейі, жаңа технологияларға қатысты өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістері. Әдетте, процестік инновациялар өнімдік инновациялармен бірге жүргізіледі және де процестік инновациялардың белсенді түрде дамуы технологиялық тараптың дамуына алып келеді [3].

Мақсатты бағытталған әрекеттер және тиісті экономикалық жағдайларды жасау, өз кезегінде, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болып табылатын, ғылыми және жоғары технологиялық өнімдерді шығаратын салалардың, республикада дамуына жағдай туғыза алады.

Қазіргі уақыттағы инновациялардың топтастырылуын талдау бізге қосымша төмендегідей түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- Пайда болуының бастауы бойынша: «өсіру» инновациясы - өзінің ғылыми-техникалық әлеуетімен жаңа өнімдер мен процестерді құру; «имитация» немесе «көшіріп алу» инновациясы – болашақта модификациялау, елдің жағдайына бейімдеу жолымен шетелдік инновацияларды игеру;

- өнімнің типі бойынша: қоғамдық; аралас (клубтық); жеке;

- тиімділігінің түрі бойынша: экономикалық тиімділікке ие болатын инновациялар; әлеуметтік тиімді инновациялар; экологиялық тиімділікке ие болатын инновациялар; ғылыми-техникалық тиімділігі бар инновациялар.

Осыған дейінгі топтастырудың толықтырылуын біріншіден, қазіргі уақыттағы инновациялық қызметтің сипатты ерекшелігі бұл ішкі бастаулармен салыстырғанда жаңа технологиялардың сырттан келуі каналының кеңейе түсуі болып табылады.

Екіншіден, инновациялардың институционалдық аспектілері, соған сәйкес, инновацияларды енгізудің пайдалы тиімділіктерін иеленуді реттеудің мүмкіндіктері инновациялық жобаларды жасақтау барасында ескерілмейді.

Үшіншіден, қазіргі жағдайда Қазақстан экономикасы дамуының бағыттарын ескере отырып, болашақтағы инновациялардың тиімділігін бағалауда және оларды нарыққа енгізу туралы шешім қабылдауда ғылыми-техникалық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тиімділігін назарда ұстау қажет.

Экономикалық талдау үшін «инновация» категориясының төрт аспектісі маңызды:

- Біріншіден, инновация интеллектуалдық еңбектің нәтижесі ретінде кәсіпкердің инновациялық қызметі арқылы инновациялық өнім түрінде нақты өмірге енгізіледі;

- Екіншіден, инновация – бұл нарықтық тепе-теңдікті бұзатын бәсекелестік күші;

- Үшіншіден, инновация пайдалы тиімділікті қамтамасыз ететін жаңа тип немесе жетілдірілген өнім немесе үрдіс ретінде;

- Төртіншіден, инновация экономикалық өсудің факторы ретінде.

Осылайша, бәсекелестік басымдықты ұстап тұруға және дамытуға бағытталған инновациялық экономика және инновациялық қызмет тек өндіріс пен технологияларды, өндірілетін өнімнің түрлері мен сапасын үзіліссіз жаңартудың негізінде ғана мүмкін болады, бұл өз кезегінде ғылымды қажет ететін салаларды және технологияларды дамытуды керек етеді, олардың арқасында ҒЗТҚЖ нәтижелері жүзеге асырылады және пайдаланылады. Ғылымды қажет ететін салалар және өндірістер ғылым жетістіктеріне, тұтынушылық тауарлардың, қызмет көрсетулердің жаңа түрлеріне деген сұранысты қалыптастыруға қабілетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Закон Республики Казахстан «Об инвестиционных фондах в Республики Казахстан» // Казахстанская правда, 2007, 12 марта.

2. Инвестиционное проектирование: практическое руководство по экономическому обоснованию инвестиционных проектов. - М.: 2015.

3. Смирнов А.Л. Организация финансирования инвестиционных проектов. -М.: АО Консалтбанкир. - 2013, 103 с.

ENTREPRENEURIAL MIND MAPPING IN KAZAKHSTAN: CASE OF YESSENOV UNIVERSITY

Kosmaganbetova G.

Sh. Yessenov Caspian state university of technologies and engineering, Aktau

Abstract. In many nations, the best way to develop their competitiveness and strengthen their economy is entrepreneurship. People all around the world started realizing that this method could be the road to success. The best way to run the entrepreneurship is to embrace the political policies and provide the private business holders with the right environment. Another successful way to work this method is that universities are providing brief and advanced knowledge about entrepreneurship.

Keyword: Entrepreneurial, Mind Mapping, Yessenov University, Kazakhstan.

History. In different countries, persons are innovating new ideas, starting businesses, and creating assets worth millions of dollars. These entrepreneurs start out their productions at such young age, while they are studying in universities and colleges.

The purpose of education is to teach entrepreneurship as a special activity and to provide students with skills useful for becoming a successful entrepreneur. International practice demonstrates time-tested technologies of entrepreneurship training: teach the basics of entrepreneurship, entrepreneurial thinking, the basics of marketing and Finance, strategies for building production and managing the growth of the company. There are such departments in many large universities of the world. The task of training students: the development of entrepreneurial mind mapping among students.

Understanding of Entrepreneurial Education

The strategic approach to entrepreneurial education in the West involves a large number of practices aimed at the development of entrepreneurial competencies (such as opportunity assessment, networking, strategy development, risk assessment and reduction). All courses are designed to integrate practical elements into the curriculum. The focus is on experimental training. In the US, higher education is based on sponsorship and entrepreneurial initiative. Corporate universities directly connected with large industrial, trade and investment companies are widely spread. US universities are growing as a Corporation. In foreign countries, entrepreneurship is a very popular specialty / direction of secondary vocational and higher education. In the US, it is the third most popular area of higher education in the bachelor's degree (after law and information and communication technologies and programming). Currently, more than 200 USA universities are implementing bachelor's and master's programs in entrepreneurship. Graduates of such programs receive academic degrees of bachelors or masters of entrepreneurship upon completion of the programs. In our country, entrepreneurship education is mostly informal. It includes short-term business trainings, various classes on designing innovations and generating business ideas, courses for young entrepreneurs on business planning, business modeling and investment, courses on accounting and taxation of small businesses, as well as longer training programs, including those with state funding, focused on startups and participants of business incubators. In Yessenov University this year, functioning the Caspian entrepreneurship center. It is the center of additional education which is engaged in professional training in different spheres of business activity. The University holds various seminars covering all the thematic needs of business in modern conditions (business planning, marketing research, taxation, accounting, commercialization of technologies, etc.). Also, the University plans to conclude a Memorandum of cooperation with

the entrepreneurship development Fund "DAMU" and the National chamber of entrepreneurs "Atameken". In the framework of the implementation of this agreement has been jointly realized projects. A small number of universities and colleges offer separate courses on entrepreneurship or its basics. The problem, however, is that the very topic of entrepreneurship education has not yet received a holistic view in the educational spaces of secondary vocational education, bachelor's and master's degrees, i.e. in the key links of training people for professional activities. The main reason for this situation is that in the organization of bachelor's and master's degree there is no basic concept and standards of entrepreneurship education. As a result, universities do not have basic educational programs, which would be aimed primarily at students' entrepreneurial education and systematically focused on the formation of graduates of the relevant competencies. The purpose of the center for the creation of the University of Entrepreneurial Type: training of future entrepreneurs who are able to work in the real sector of the economy, to be able to take risks, to be innovative and initiative, to be responsible for the decisions taken. Entrepreneurial activity of universities should be manifested in all types of activities: from the provision of educational services to ensure their own effective functioning. It is necessary to choose the directions of further development of universities taking into account regional peculiarities, to develop an economic mechanism for transforming the University into an "entrepreneurial organization" positioning itself in the region. The discipline "Fundamentals of Economics and entrepreneurship" is taught at all non-economic specialties of Yessenov University. The purpose of the discipline: through theoretical, scientific and practical knowledge to form students' readiness for business. The course is designed for students of 1-3 courses. Lectures are held in the form of review, problem, active, interactive classes. Practical (seminar) classes-in the form of active, problem seminars, seminars, discussions, business games, solutions to business cases in subgroups.

Conclusion

It is planned to gradually acquire the necessary skills on the example of your own business idea, which gradually, in the process of learning takes the form and content of the business plan. In most foreign universities, students have the opportunity to study entrepreneurship in specialized faculties (business schools) on independent educational programs. The market requires graduates with knowledge and understanding of the meaning of entrepreneurship, ethics, entrepreneurship, business law, skills of a qualified execution of business functions, principles of successful management of business processes, development, business communications, etc. Yessenov University is in the process of transition from traditional University to the University of the entrepreneurial type. Our University has sufficient scientific and intellectual potential to solve this urgent and ambitious task.

REFERENCING

1. <https://shss.nu.edu.kz/wp-content/uploads/2017/01/Economic-Policy-Paper-1.pdf>
2. <https://www.timeshighereducation.com/student/best-universities/best-universities-world>
3. <https://www.usnews.com/best-colleges/rankings/national-universities>
4. https://getrevising.co.uk/diagrams/characteristics_of_entrepreneurs_3
5. <https://astanatimes.com/2015/08/kazakh-women-entrepreneurs-work-to-develop-leadership-skills/>
6. www.yu.edu.kz

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУДА ТӘУЕКЕЛ КАРТАСЫН ҚОЛДАНУ


Аманчаева К.Р.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Маңғыстау облысының экономикалық даму көрсеткіштерін талдауда тәуекел картасын қолдану ерекшеліктері көрсетілген. Тәуекелдер картасын құрастырудың формасы, тәуекелді бағалаудың көрсеткіштері көрсетілген.

Түйінді сөздер: Тәуекел-профилі (бейіні), тәуекелдер картасы (risk mapping), тәуекелді анықтау (идентификация), тәуекелді бағалау, тәуекелді басқару, тәуекелге бақылау орнату.

Тәуекелдерді талдау - тәуекелдерді анықтау (идентификациялау), тәуекелдерді бағалау және тәуекел-портфелін (тәуекел картасын) құрастырудан тұрады.



Сурет 1 - Тәуекелдерді талдаудың қысқаша схемасы [1]

Тәуекелдерді талдаудың қысқаша схемасы 1 суретте көрсетілген.

I этапта - Тәуекелдерді анықтау

Тәуекелдерді анықтауда келесі әдістерді қолдана отырып, белгілі бір қызметтерге тән қауіп қатерлерлер анықталып ақпарат жинақталады:

- Бір қалыпқа келтірілген анықтамалық бет;
- Басқарушылық және қаржы есептіліктің алғашқы (бастапқы) құжаттарын қарастыру және талдау;
- Қаржы есептемелерінің көрсеткіштерін талдау;
- Фирманың ұйымдық құрылымы диаграмасын салу және талдау;
- Өндірістік процесстердің технологиялық ағымдарының карталарын талдау және құрастыру;
- Өндірістік бөлімшелерге тексеру үшін барып қадағалау;
- Сол сфераағы мамандардың кеңестеріне жүгіну.

Тәуекелді талдаудың II этабы - тәуекелді бағалау

Жағымсыз жағдайлардың туындау мүмкіндігін анықтау және мүмкін болатын шығындарды ескеру. Тәуекелдерді бағалаудың бірнеше әдістері қарастрылады. Бірақ ескеретін жағдай, барлық тәуекелдер бағалануға жатпайды: мысалға, өте ерекше жағдайлар, үлкен апаттар, террористік акциялар тәуекелі, экологиялық тәуекелдер.

Тәуекелді талдаудың III этабы – тәуекел профилін (бейінін) құрастыру
Тәуекел-профилі (бейіні) – тәуекелдер картасы (risk mapping) түрінде беріледі, онда тәуекелдер екі жақтан қарастырылады:

- Кездесуі (жағдайдың болу ықтималдылығы, мүмкіндігі);
- Тәуекел нәтижелері (салдары) бағалаудың маңыздылығы. Тәуекел зардабы тек қана қаржылық жағынан ғана емес, потенциалды жалпы әсері жағынан да қарастырылуы мүмкін.




Сурет 2 - Тәуекелдер картасын құрастырудың формасы [3]

Тәуекелдер картасын құрастырудың формасы 2 суретте көрсетілген.

Тәуекелді бағалаудың көрсеткіштері

Бір нәрсенің алдын ала анықталмаған нәтижесі, белгісіз жағдай, экспериментом, ғылыми нәтиже болып есептеледі.



Сурет 3 - Тәуекелдерді басқару арқылы нәтижелерге жету [3]

Құрастырылған тәуекелдер картасына қандай жағдайларды орнатқанда, тәуекелдерді азайтуға болады деген сұраққа жауап ізделеді. Тәуекелдерді басқару арқылы нәтижелерге жету 3 суретте көрсетілген.

Тәуекел дәрежесін өлшеудің екі әдісі белгілі:

- Априори – дедукция әдісі (себептен салдарға). Алдындағы тәжірибе нәтижелері қажет етілмейді. Болашақта тәуекел жағдайы болған жағдайда, не болатыны алдын-ала белгілі.

- Апостериори – қарастырылатын өлшемдер статистикалық талдау арқылы есептеледі. Мұнда бұрын болған тәжірибеге сүйену арқылы, тәуекел жағдайы болған жағдайда сондай зардаптар болады деп есептеледі. Тәуекелдердің қаншалықты көп кездескендігі статистикалық жағынан маңызды болып есептеледі.

Тәуекелдерді басқару процесінің этаптары

1. Тәуекелді анықтау (идентификация);
2. Тәуекелді бағалау;
3. Тәуекелді басқару;
4. Тәуекелге бақылау орнату.

Кесте 1 - Тәуекелдер, пайда болу себептері

Тәуекел	Пайда болу себептері	Ықтималдылық	Әсері
1. Өнім нарығы тәуекелі	- бір салаға сүйену; - өңдеу өнеркәсібінің аздығы; - саланың шикізаттық бағдарлануы.	орта	төмен
2. Технологиялық, техникалық және инновациялық тәуекел	- жабдықтың моральді тозуы; - жаңа өндірістің жетіспеушілігі; - қазақстандық мазмұн (қазақстандық тауарларды қолдаудың төмендігі); - инновациялар, ғылыми-зерттеу институттарының, университеттердің, кәсіпкерліктің дамуы	орта	орта
3. Макроэкономикалық тәуекел	- дағдарыс; - баға, валюта бағамының өзгеріп тұруы; - ресурстарға бағалардың төмендеуі;	орта	төмен
4. Инвестициялық тәуекел	- инвесторлардың азайуы	орта	өте төмен
5. Қаржылық тәуекел	- өз қызметтерін жақсарту бойынша банктар арасында бәсекелестіктің аздығы; - жабылып қалу қаупінен кейбір банктарға халықтың сенбеушілігі	төмен	төмен
6. Құқықтық тәуекел	- кейбір жағдайларға байланысты заңдардың өзгеруі	төмен	өте төмен
7. Экономикалық тәуекел	- жұмыссыздық; - облыстағы кедейшілік деңгейі	төмен	орта
8. Кадрлық тәуекел	- орта деңгей кәсіби мамандарының жетіспеушілігі	өте төмен	жоғары
9. Апаттық жағдайлар және экологиялық тәуекел	- жер сілкінісінің болу ықтималдылығы; - мұнайдың төгілуі, - жылу электр орталығының қала маңында орналасуы; - Маңғыстау облысындағы радиоактивті қалдықтардың жасанды көлінің орналасуы	төмен	жоғары

Маңғыстау облысының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, оны 9 тәуекел жағынан қарастыру көзделді: өнім нарығы тәуекелі; технологиялық, техникалық және инновациялық тәуекел; макроэкономикалық тәуекел; инвестициялық тәуекел; қаржылық тәуекел; құқықтық тәуекел; экономикалық тәуекел; кадрлық тәуекел; апаттық жағдайлар және экологиялық тәуекел (1 кесте) [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балдин К.В., Воробьев С.Н. Риск менеджмент М.: Гардарики, 2005. — 285 с.
2. Фомичев А. Н. Риск-менеджмент Издательство: Дашков и Ко, 2011 - 375с.
3. Владимиров В.В. Риски. Управление рисками: Учебное пособие для студентов экономических специальностей. - Оренбург: ГОУ ОГУ, 1999. - 36 с.

УДК 65.011.12

ОСОБЕННОСТИ УЧЕТА РАСЧЕТОВ С ПОКУПАТЕЛЯМИ И ЗАКАЗЧИКАМИ ПО ДОГОВОРУ МЕНЫ И РАСЧЕТОВ АВАНСАМИ

Петросянц Т.В.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье рассматриваются основные принципы признание дохода, порядок отражения в бухгалтерском учете договора мены, определена сущность договора комиссии и расчетов авансами, рассматриваются бухгалтерские проводки по учету предварительной оплаты.

Ключевые слова: договор мена, товар, доход, бухгалтерский учет, договор комиссии, комиссионер.

Учет расчетов с покупателями при продаже продукции по договору мены. В соответствии с МСФО, продавец может признать доход в то время, когда право пользования на проданный товар передается покупателю.

В соответствии с договором мены каждая сторона, которая участвует в сделке является одновременно и продавцом, и покупателем. Поэтому, собственность на данный товар предприятие получает, почти в тоже время с тем моментом, когда прекращает быть собственником переданного им товара. Это совершается в тот момент, когда прекращает быть собственником переданного им товара.

Это совершается в тот момент, когда обе стороны передают друг другу все обязанности по договору. Не выполнить его можно только в том случае если, определить порядок перехода права собственности в договоре. Таким образом, в соответствии с договором мена доход признается только в том случае, когда обе стороны в полной мере выполняют свои договорные обязательства, то есть с отгрузкой друг другу товара. Значит, если организация отгрузила товар раньше своего партнера, то она учитывается на активном счете 1330 «Товары». А доход отражается в тот же день, когда контрагент организации передает все что причитается в соответствии с условиями договора мены [1].

В том случае, если партнером были выполнены свои обязательства ранее, то до того момента пока предприятие не произведет встречную отгрузку товара, то все полученное имущество принадлежит продавцу и должно учитываться на счете, который

является забалансовым-002 «Товарно-материальные ценности, запасы, принятые на хранение».

Затем, после окончания расчета в соответствии с договором, купленный товар приходуется на счете 1310 «Сырье и материалы» и 1330 «Товары».

Помимо этого, в себестоимость данных товаров включается сумма доплаты без учета НДС, но только в том случае, если это предусмотрено договором. Потому как себестоимость товара, который был куплен равна сумме затрат, связанных с его приобретением.

В бухгалтерском учете договор мены отражается в следующем порядке:

Дебет 3510 Кредит 6010 - отражена выручка от реализации продукции равная стоимости полученных по договору мены товаров с учетом доплаты;

Дебет 1420 Кредит 3130 - начислен НДС с выручки от реализации продукции;

Дебет 7919 Кредит 1310 - списана себестоимость продукции;

Дебет 5410 «Прибыль (убыток) отчетного года Кредит 6010 - отражена прибыль от реализации продукции;

Дебет 1330 Кредит 7010 - оприходованы товары по договору мены по фактической себестоимости, которая равна продажной стоимости переданной продукции за вычетом НДС;

Дебет 1040 Кредит 3510 - получена доплата за продукцию;

Дебет 3510 Кредит 6280 «Прочие доходы» - отражена разница между выручкой и стоимостью полученных товаров [2].

Расчеты с покупателями и заказчиками при осуществлении посреднических операций. В случае продажи продукции организация может воспользоваться услугами лица, выступающего посредником. Данная операция должна быть оформлена соответствующим договором, который может быть определен тремя видами: комиссия, поручения и агентские. В связи с чем, все посреднические организации обладают общими или в зависимости от вида собственности организации особенностями.

В соответствии с договором комиссии одна сторона, которая выступает в роли комиссионера, обязуется по поручению другой стороны, выступающей в роли комитента, за оплату произвести одну или несколько сделок от своего имени, при этом, отличительной чертой таких сделок является, то что в соответствии с операциями, которые были совершены комиссионеров с третьими лицами, организация приобретает права и становится должником комиссионера. Таким образом, в отличии от договора, поручения или агентского соглашения все сделки от своего имени совершаются комиссионером.

В договоре комиссии определена цена в соответствии, с которой продавец продает товар комитента. В связи с чем, в договоре устанавливается фиксированное ее значение (продажа товара может быть осуществлена только по этой цене), так и возможность комиссионера продать товар с учетом своей, не большой наценки. При этом кроме вознаграждения комиссионер получает определенную выгоду, но только в том случае, если продает товар по завышенной цене. Однако, в соответствии с законодательством данная выгода в виде надбавки делиться равными долями между комитентом и комиссионером. А значит, в договоре комиссии может быть определена и другая последовательность распределения дополнительного дохода, вплоть до 100%-го перечисления суммы в пользу одного из лиц, выступающим в роли комиссионера или комитента.

Комиссионер, который продал товар по заниженной цене, должен возместить разницу, но только в том случае, если не сможет доказать, что у него не было другой возможности, как реализовать товар по данной цене, во избежание еще больших

убытков. В связи с чем, возможность продажи по заниженной цене может быть определена договором комиссии. В соответствии с договором комиссии на посредника могут возлагаться обязанности по приобретению товара (оплата работ, услуг) для комитента за счет его собственных средств. За подобного рода услуги комиссионеру полагаются доплаты. К расходам такого рода могут относиться такие расходы как: таможенные (в случае продажи товара на экспорт или при покупке импортных товаров), на транспортировку и страхование товара (в том случае, если она включена в цену товара, а так же расходы на тару и т.д.) [3].

Однако следует иметь в виду, что комиссионер не имеет права на возмещение расходов на хранение находящегося у него имущества комитента, если договором комиссии не установлено иное. Данное положение особенно актуально для организаций, осуществляющих комиссионную торговлю через магазины или иные пункты розничной сети. В этом случае плату за хранение товара (например, при возврате комитенту нереализованного товара) комиссионер имеет право требовать лишь при наличии такого рода обязательства комитента в договоре комиссии.

В целях исполнения договора комиссии комиссионер имеет право заключать договора субкомиссии с другими лицами, если иное не предусмотрено этим договором.

По договору субкомиссии комиссионер приобретает в отношении субкомиссионера права и обязанности комитента. При этом перед своим комитентом комиссионер остается единственным ответственным за все действия субкомиссионера.

Поскольку для целей бухгалтерского учета и налогообложения посредническая деятельность является самостоятельным видом деятельности, для учета прямых расходов комиссионера целесообразно применять счет 8010 «Основное производство», а для учета косвенных затрат (управленческих расходов) - счет 8040 «Накладные расходы».

Законодательством не ограничен строгими рамками предмет комиссионного договора. По поручению комитента комиссионер может осуществлять как приобретение для него материальных ценностей у третьих лиц, так и заключение договоров с покупателями на реализацию товаров комитента [3].

Договором может быть предусмотрено, что дополнительные расходы, произведенные комиссионером при реализации товаров, ему не будут возмещаться комитентом. В этом случае такого рода расходы будут являться затратами комиссионера по обеспечению выполнения поручений клиента (комитента).

Расчеты авансами. Под авансом выданным подразумевается предоплата, осуществленная в счет будущей поставки товаров, выполнения работ либо оказания услуг.

Если на расчетный счет или в кассу организации поступили денежные средства от другой организации или от гражданина в виде аванса, оформляется следующая проводка:

Дебет 1010 «Денежные средства в кассе», 1030 «Денежные средства на текущих банковских счетах», Кредит 3510 «Краткосрочные авансы полученные» - поступи краткосрочные авансовые платежи от покупателей и заказчиков. [4]

Если организация получает доход, относящийся к будущим периодам, оформляется следующая проводка:

Дебет 1010, 1030 Кредит 3520 «Доходы будущих периодов» - получен доход будущих периодов [5].

Авансы не приносят организации экономической выгоды, так как ей предстоит исполнить свои обязательства - отгрузить товар, выполнить работу или оказать услугу. И только после исполнения обязательства можно сказать, что организация получила

доход. Если же организация откажется от взятых на себя обязательств, то аванс придется вернуть.

При предоплате в счет будущей поставки товаров (авансе выданном) организация-продавец может передумать и, оставив товар себе, вернуть деньги несостоявшемуся покупателю. К авансам также следует относить суммы, поступившие за работу, которую организация еще не выполнила. Таким образом, если средства, поступившие от заказчика, принесут организации экономическую выгоду и деньги не придется возвращать, то эти средства можно относить к доходам будущих периодов. Если же имеются сомнения в том, что деньги придется возвращать, поступившие суммы являются авансами, полученными под отгрузку товаров, выполнение работ либо оказание услуг.

После фактической реализации продукции организация производит зачет ранее полученной предварительной оплаты в счет данной поставки продукции, что отражается в бухгалтерском учете следующей записью:

Дебет 4410 «Долгосрочные авансы полученные», Кредит 3510 - произведен зачет ранее полученного аванса.

Пример. Предприятие ТОО «S» получила в счет реализации продукции собственного производства 100%-ную предоплату от покупателя в сумме 45 000 тенге. Отгрузка произведена через 10 дней после получения предоплаты. Себестоимость отгруженной продукции равна 20 000 тенге.

В бухгалтерском учете организации оформляются следующие записи:

Дебет 1030 Кредит 4410 – 54 000 тенге. - отражено поступление аванса в счет предстоящей поставки продукции;

Дебет 4410 Кредит 3130 - (54 000 x 12%) 6 480 тенге- отражено начисление в бюджет НДС с аванса;

Дебет 3510 Кредит 6010 «Доход от реализации готовой продукции и оказания услуг» 54 000 тенге - отражено признание выручки от реализации продукции;

Дебет 1420 «НДС» Кредит 3130, - 6 480 тенге. - начислен НДС с выручки от реализации;

Дебет 7010 «Себестоимость реализованной продукции и оказания услуг» Кредит 1320 «Готовая продукция» - 20 000 тенге - списана себестоимость проданной продукции;

Дебет 4410 Кредит 3510 – 54 000 тенге - зачтена сумма предоплаты за проданную продукцию;

Дебет 3130 «НДС» Кредит 3510 - 6 480 тенге - принят к вычету НДС, исчисленный с полученной предоплаты и отраженный в налоговой декларации. [4]

Таким образом, при реализации своей продукции организация предпочитает иметь дело с посредниками, которые оформляются договором. В договоре предусматриваются определенные затраты, связанные с реализацией товара, которые могут не возвращаться комиссионером. Расчеты авансами не приносят особой выгоды, так как по данным расходам предстоит исполнить обязательства.

ЛИТЕРАТУРА

1. Нурсеитов Э.О. Бухгалтерский учет в организациях//Учебное пособие. – Алматы, 2006г. , С. 472.
2. Сейдахметова Ф.С. Современный бухгалтерский учет // Учебное пособие. - Алматы: Экономика, 2000 г. С.356.
3. Разливаева Л.В. Производственный учет // Учебное пособие – Караганда: КЭУ, 2001г. С. 615.

4. Проскурина В.П. «Бухгалтерские проводки», сборник бухгалтерских проводок по разделам типового плана счетов бухгалтерского учета, утвержденного приказом МФ РК от 23.05.2007г. № 185, Издательство LEM», Алматы, 2012г. С. 322.

5. Сейдахметова Ф.С. Современный бухгалтерский учет // Учебное пособие. - Алматы: Экономика, 2000 г. С. 325

ӘОЖ 338.20

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кубигулова Р.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Андатпа. Қазіргі уақытта халықаралық талаптарға сәйкес жасалған және жұмыс істейтін жоғары дамыған ақпараттық жүйені білдіретін экономика бірыңғай есепке алудың жүйесі болып табылады, ол оның әртүрлі аспектілерін (статистикалық есепке алу, салықтық есепке алу, бухгалтерлік есепке алу және т.б.) қамтиды.

Түйінді сөздер: дизайн, смета, инвентаризация, норматив, субъект.

Қазіргі заманғы бухгалтерлік есептің мәліметтері бойынша дивиденд саясаты, негізгі және айналым қорларымен, ақша активтерімен жұмыс істеудің арнайы әдістері, салық есебінің ережелері мен әдістері анықталады. Осылайша бухгалтерлік есеп активтер мен пассивтердің, құрылымын, ақша қаражаттарының, тауарлы-материалдық қорлардың, негізгі қорлардың қозғалысын және басқа да бухгалтерлік есептің барлық объектілерін зерттейді. Шаруашылық субъектілеріндегі шаруашылық операциялар экономикалық процестің негізгі фазаларымен сәйкес тіркелуі қажет.

Ол фазаларға келесілер жатады:

- 1.Активтер мен олардың көздерінің қалыптасуы;
- 2.Инвестициялар;
- 3.Қаржы активтерінің қалыптасуы экономикалық ресурстардың және міндеттемелерді қабылдау;
- 4.Өндіріс процесімен байланысты активтерде өзгерістердің болуы;
- 5.Табыстардың қалыптасуы;
- 6.Табыстардың бөлінуі және қайта бөлінуі;
- 7.«Бөлінбеген пайданың» қалыптасуы және оның өндіріс процесін кеңейтуге қолданылуы.

Бухгалтерлік есептің — есептің басқа түрлерінен (мысалы, статистикалық) ерекшеленетін бірқатар өзгеше белгілері бар:

- 1.Кәсіпорында жүргізілетін шаруашылық операциялардың бәрі түгел бухгалтерлік есеп жүйесінде бейнеленеді;
- 2.Бухгалтерлік есепте тек қана ақшалай түрде өлшенетін шаруашылық операциялар көрсетіледі;
- 3.Бухгалтерлік есепте тек қана өзіне тән арнайы әдістер (тәсілдер) (мысалы: шоттар, қосарлы жазу, баланс) қолданылады.

Бухгалтерлік есеп кәсіпорынды басқаруда үлкен рөл атқарады, өйткені оның қызметі, қаржылық жағдайы туралы толық ақпарат береді. Нарықтық экономика жағдайында бухгалтерлік есептің рөлі мен маңызы күшейе түсті. Есепте орын алатын көрсеткіштер қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдау кезінде тек

кәсіпорынның өзімен ғана емес, онымен тығыз серіктестік байланыста болатын жеткізушілер, тапсырысшылар, несие берушілер (банктер) және тағы басқалармен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта есептің көрсеткіштерін салық және қаржы органдары, банктер пайдаланады, ал кәсіпорынмен жасалған келісім шарт бойынша тексеру кезінде — аудиторлық фирмалар, кеңесшілер, заңгерлер, әсіресе жетекшілік пен басқарудың әртүрлі деңгейлерінде қаралатын даулы мәселелерді шешуде кәсіпорынның мүдделерін қорғауы қажет болған уақыттарда қолданады.

Сондықтан да ақпарат заң нормаларына сәйкес болуы тиіс. Ол үшін кәсіпорынның басшысы, бас бухгалтері және материалдық құралдар мен ақша қаражаттарға сақтаушы тұлғалар жауапты болады [1].

Бухгалтерлік есеп Материалды жауапты тұлғалардың қызметі үстінен бақылау үшін ақпаратпен қамтамасыз етеді, ол үшін әрбір Материалды жауапты тұлға бойынша материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттарының есебі бөлек жүргізіледі.

Бухгалтерлік есеп принциптері бойынша кәсіпорынның есеп саясаты деп ұйымның бухгалтерлік есепті жүргізу әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын, яғни алғашқы бақылау, құндық өлшеу, ағымдағы топтау мен шаруашылық қызметтің фактілерін жинақтап қорытындылау жолдарын айтады.

Бухгалтерлік есепті жүргізу әдістеріне шаруашылық қызмет фактілерін топтау мен бағалау әдістері, активтердің құнын есептеу, айналымын қабылдауды ұйымдастыру, түгендеу (инвентаризациялау), бухгалтерлік есепшоттарын қолдану әдістері, бухгалтерлік есептің тіркелім жүйесі, мәліметті өңдеу мен басқа да сәйкес әдістер мен амалдар кіреді.

Ұйымның өзінің есеп саясатын өңдеу мүмкіндігі мен қажеттілігі бухгалтерлік есеп пен басқа екінші деңгейлі нормативтік құжаттар бойынша баптарда (стандарттарда) қарастырылған бухгалтерлік есептің кез келген мәселелерін шешудің кеп түрлілігімен анықталады. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» Қазақстан Республикасының заңы мен Бухгалтерлік есеп принциптерінде кәсіпорын өзінің есеп саясатын құруы барысында бұйрық немесе жарлық бойынша қажетті құжаттар тізімін бекітуі керек екендігі көрсетілген. Бұл бекітілетін құжаттардың қатарына мыналар жатады:

- бухгалтерлік есептің уақытша және есеп берудің толық тиісті талаптарына сәйкес жүргізілуі;
- бухгалтерлік есеп жұмысын жүргізуде қолданылатын синтетикалық және аналитикалық шоттарының жұмыс жоспары;

Бухгалтерлік есеп – белгілі бір шаруашылық жүргізуші субъект туралы қажылық ақпараттарды өлшеуді, өңдеуді және тапсыруды жүзеге асырушы жүйе. Бұл ақпараттар оларды пайдаланушыларға (тұтынушыларға) субъектінің шаруашылық қызметіне басқару жүргізудің альтернативтік варианттарын таңдау кезінде негізді шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Америкалық ант беруші бухгалтерлер институтының мәлімдеуінше, бухгалтерлік есептің міндетті қызметі (функциясы) — басқару шешімдерін қабылдау мақсатына пайдалану үшін шаруашылық жүргізуші субъект туралы қаржылық сипаттағы сандық ақпараттарды дайындау.

Бухгалтерлік есеп субъектінің шаруашылық қызметі мен шешім қабылдаушы адамдардың арасын байланыстырушы сала ретінде қызмет атқарады. Ол:

1. Субъектінің шаруашылық қызметі туралы мәліметтерді ары қарай пайдалану үшін оларды тіркеу жолымен өлшейді;
2. Керекті сәтке дейін сақтай отырып, мәліметтерді өңдейді, ал содан кейін олар пайдалы ақпараттарға айналу үшін қайта өңдейді;

3. Қорытынды есеп беру арқылы ақпараттарды оларды пайдаланушылар шешім қабылдау үшін тапсырады.

Бухгалтерлік есеп пен шоттарды жүргізудің айырмашылығы – шоттарды жүргізу (орыс. – счетоводство, eng. — bookkeeping) – бухгалтерлік есепті жүргізу процесі, шаруашылық операциясын тіркеу және есептік құжаттарды сақтау құралы. Бұл үдеріс – бухгалтерлік есептің бір ғана бөлігі. Бухгалтерлік есепке жүйелер дизайны, смета құру, шығындарды талдау, аудиторлық тексеру, табыс салығын есептеу және жоспарлау кіргізіледі.

Бухгалтерлік есеп – басқару ақпараттық жүйенің қаржылық орталығы. Ол басқару аппаратында да, сыртқы пайдаланушыларда да кәсіпорынның шаруашылық қызметінің толық көрінісінің бар болуына мүмкіндік береді. Бухгалтерлік есептің негізгі міндеттері: 1. Субъектіні, сонымен бірге басқа да мүдделі тұлғаларды оның шаруашылық қызметі туралы толық және дұрыс ақпараттармен қамтамасыз ету; 2. Субъектінің шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуына бақылау жасаушы мемлекеттік органдарды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету. [2].

Бухгалтерлік есепті зерттеу білім алуға және маңызды басқару шешімдерін қабылдай білуге мүмкіндік береді. Есептік ақпараттар кәсіпорын ішінде де, одан тыс жерде де ондай шешімдерді қабылдауға негіз болады. Ол үш бірдей міндетті қызметті (функцияны) – жоспарлауды, бақылауды, бағалауды – жүзеге асыру үшін басқару аппаратын сандық ақпараттармен қамтамасыз етеді.

1. Жоспарлау (planning) — іс әрекеттердің тәртібін, тұжырымдау процесі. Ол мақсаттың қойылуын, оған жету жолдарының іздестірілуін және ең жақсы альтернативтің таңдалуын қамтиды. Бұл сатыда бухгалтер кәсіпорында бар қаржылық альтернативтер туралы анық қорытынды есепті дайындап тапсыруға міндетті. Келешекке жоспар жасау үшін ақша қаражаттарына деген қажеттіліктер және болжамды таза табыс туралы ақпараттың маңызы зор.

2. Бақылау (control) – жоспардың орындалуын қадағалау процесі. Бұл сатыда бухгалтер нақты шығындар мен табыстардың жоспармен салыстыруынан тұратын ақпараттарды дайындауға тиісті.

3. Бағалау (evaluation) – барлық қабылданған шешімдер жүйесін, оларды жақсарту мақсатында зерттеу процесі. Бұл кезеңде бағалау ақпараты жылдық және басқадай қаржылық қорытынды есептерде бухгалтерлік ақпараттардың негізінде көрсетіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрғалиева, Г. Банктегі бухгалтерлік есеп: Оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 213б.

2. Ахметжанов, Б.А., Рауандина Г.К., Бухгалтерлік есеп: Оқулық – Қарағанды: ҚАРМТУ, 2017. – 315б.

ӘОЖ 33.334.7.021

КӘСІПОРЫН ӨНІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ ЖОЛДАРЫ

Омарова А.И.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Әлемдік нарықтың қатаң талаптары мен бәсекелік шарты отандық өнімдерді өндіруші кәсіпорындардың сол талаптар мен шарттарды ұстануын қалайды. Өйтпеген жағдайда әлемдік нарықта өнім түрлері бойынша негізгі өндіруші ірі мемлекеттер өздерінің бәсекелік ықпалымен еліміздің ішкі нарығын және енуге мүмкін болатын көршілес мемлекеттердің нарықтарын игеріп алуы қиын емес.

Сондықтан ішкі нарық өнімдерінің бәсекелік қабілеті ең алдымен, олардың сапасына байланысты. Өнімдердің сапалық деңгейі бірнеше тұрғыда анықталады. Әлемдік нарыққа шығудың негізгі жолы болып, халықаралық сапа стандартының талаптарын орындау және оны өндіріске енгізу қадамадары болып саналады.

Түйінді сөздер: бәсекеге қабілеттілік, сапа саясаты, халықаралық стандарттар.

Бәсекелік саясатта тауарға қатысты, ең алдымен, оның функционалдық тағайындалуын, сенімділік, қолдануындағы ыңғайлылық, сыртқы келбетің эстетикалығы және басқа сипаттамалары, яғни берілген тауардың үлгі тауарларға қарағандағы тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктері назарға алынады. Берілген тауардың жиынтық қасиеттерін қосатын тауардың мұндай тұтынушылық құндылықтарын қалыптастыру нарықта өмір сүріп қалудың маңызды шарты болып табылады. Өндіруші бәсекеге қабілетті тауарды өндіргенде әртүрлі стратегияны қолданылады:

- бәсекелестер тауарынан айырмашылығы бар кәсіпорын тауарына тұтынушының назарын аудару;
- өндіріске айқындалған тауарлардан барлық тұтынушылар үшін тартымды бір тауарды таңдап, соның негізінде нарықты жаулап алу;
- кәсіпорынның өндірістік бағдарламасынан экономикалық тиімсіз тауарды уақытылы алып тастау;
- ескі және жаңа тауарлармен жаңа нарыққа шығудың амалын табу;
- сатып алушының жаңа қажеттіліктері мен талғамдарына сәйкес өндірілетін тауардың модификациясын жасау;
- сатылатын тауарлардың сервистік қызмет жүйесі және жалпы өткізуді ынталандыру жүйесін жетілдіріп дамыту.

Халықаралық еңбек бөлінісі мен ғылыми-техникалық прогрестің әсерінен бәсекеге қабілеттіліктің кең таралуы өндірушілерді жаңа бәсекеге қабілетті тауарларды мен оны өткізудің жаңа нарықтарын көбірек іздеуге мәжбүр етеді. Халықаралық тәжірибе бір ғана өнім емес, ассортименттік топты құрастыратын кең параметрлік қатарды өндіру тиімді екенін көрсетеді. Параметрлік қатар мен ассортименттік топ кең болған сайын, тұтынушы өзі үшін сатып алудың оптималды нұсқасын табатынына ықтималдылығы жоғары болады. Мысалы, бір-бірінен жүккөтерімділігі, жылдамдығы, айналу радиусы және басқа айырмашылығы бар бір типті автотиеуіштерді шығару. Әрбір сатып алушыға оның жұмыс жағдайы есебінен сатып алынатын автотиеуіштердің кейбір анықталған эксплуатациялық параметрлері қажет болады. Егер сатушы ол қажеттіліктерді қанағаттандырса, тұтынушы оны сатып алады; егер қанағаттандырмаса, тұтынушы басқа сатушыны іздейді.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін, ең алдымен, бәсекелестері өнімді сатып жатқан немесе өткізуге мақсат қойған нарықтар туралы объективті ақпаратты алуы керек. Нарықтарды талдауға ерекше назар аударылады. Әсіресе берілген тауар қанағаттандырмайтын қажеттіліктер және тұтынушылар атап өткен тауардың жақсы қасиеттері бағалану керек. Ең соңында техникалық деңгейі және сапасы бойынша өндірілетін өнімнің ақырғы тұтынушылардың талаптарына сәйкес келетіні туралы мәселе шешіліп, нарықты комплексті зерттеуі нәтижесінде оның бәсекеқабілеттілігі бағаланады.

Тауардың қазіргі және болашақтағы бәсекеге қабілеттілігін бағалаудан кейін одан әрі өндірістік-өткізу саясаты туралы шешім қабылданады:

- берілген тауардың өндірісі мен өткізуін жалғастыру керек пе;
- өндірістің модернизациясын жасау керек пе;
- оны өндірістен алып тастап, жаңа тауарды шығаруға кірісу керек пе;
- тауарды нарықтық жаңалық тауарға айналдыруындағы модернизацияны өткізу керек пе;
- қаржылық ресурстар, тауарды өткізу торы, сатылған тауардың сервисін қамтамасыз ету мүмкіндігінің жеткіліктік есебінен жаңа өткізу нарығын іздеуге кірісу керек пе [1].

Өнеркәсіптік кәсіпорын жағынан өндіріс рентабельділігі мен өткізуін қамтамасыз ету мақсатында нарықтың жоспарланған үлеске ие болуға мүмкіндік беретін тауарлардың өндіріс көлемін туралы мәселе шешілуі тиіс. Сонымен бірге, кәсіпорынды ресурстық қамтамасыз ету - қажетті материалдар, жинақтайтын бұйымдар, жартылай фабрикаттар сатып алу мүмкіндігі, қажетті қаржылық ресурстар мен квалификациялық деңгейі жоғары кадрларды тарту да өте маңызды мәселе болып табылады. Көптеген бәсекелестерге қатысты нарықта ұстанымды жаулап алудың негізгісәті – өндірілетін тауарлардың уақытылы жаңаруы, өнімнің жаңа түрлерінің өндірісін ұйымдастыру мен даярлау. Қазіргі жағдайдағы нарықта кәсіпорынның гүлденуі үшін жаңа тауарлардың өндірісі мен қалыптастыру шешуші мағынаға ие. Статистикалық мәліметтер бойынша өндірістің негізін қалайтын жаңа өнімді игергеннен кейін оның өткізуінің өсу темпі бәсекелестерге қарағанда 2 есе артық. Жаңа өнімді шығарғанда және тауарлардың ассортиментін кеңейткенде кәсіпорын нарықтың болжанбайтын өзгерістер есебінен банкротқа әкеле алатын бір тауардан тәуелділігін азайтуға тырысады. Нарыққа шығарылған жаңа тауарлардың бірталайы коммерциялық сәтсіздікке ұшырайтыны белгілі: шамалас 10 өнімнен 8 өнім өндірушілер оларға артқан сенімділігін ақтамайды. Негізгі себептері: берілген тауарларға сұраныс көлемінің жеткіліксіздігі, тауардың техникалық және эксплуатациялық кемшіліктері, тиімсіз жарнма, жоғары баға, бәсекелестердің болжанбайтын жауапты қимылдары, нарыққа шығу үшін тандалған дұрыс емес уақыт, өндірістің шешілмеген мәселелері, жалпы алғанда бәсекелес саясаттың дұрыс емес болжануы.

Жаңа тауарларды шығару тұжырымдамасының негізінде тек жаңа техникалық және техникалық-экономикалық параметрлерге жетудегі дәстүрлі ұмтылысты сақтау ғана емес, сонымен бірге басқа аналог тауарларға қарағанда бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейлі «нарықтық жаңалық тауарды» құруға талпыныс болып табылады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату жолдарын таңдаған кезде жаңа тауар шығару емес, өндірістен моральдық ескірген тауарды шығару емес, тауардың модификациясы туралы уақытылы шешім қабылдау жиі жақсы нәтижеге әкеледі. Тауардың модификациясы туралы шешім үлкен пайда алу үшін тұтынушының ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қабылданады. Сонымен қатар, машина, құрал-жабдық және басқа өнеркәсіптік өнімді қолдану мен өткізумен байланысты комплексті қызметті көрсету, олардың жоғары тиімділікті эксплуатацияға әрқашан дайын болуы, яғни сервистік немесе сатудан кейінгі қызмет көрсету өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатуға дұрыс бағыт болып табылады. Білікті ұйымда өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатудың шешуші факторы сервис болып табылады, өйткені қосалқы бөлшектерге баға өндірісте қолданылатын жинақтаушы бөлшектерге қарағанда 1,5-2,0 есе төмен.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату міндетін шешуінде таңдау мәселесі мен жаңа өткізу нарықтарын игеру мағынасы жылдан жылға артып келеді. Осыған байланысты әрбір кәсіпорында бұл салады талдау-іздеу жігері өте маңызды. Жаңа өткізу

нарықтары тауардың бәсекеге қабілеттілігі мен өткізу қызметінің рентабельділігін күрт өзгерте алады. Жаңа нарыққа тауарды еңгізіп, оның өмірлік циклін ұзартуға болатыны түсінікті. Әлемнің әрбір түкпірінде сұраныстағы маусымдық ауытқулар тауардың сәтті өтуіне себеп бола алады. Ал жаңа нарықтарда сату көлемінің өсуі бірлік өнім өндірісіне кеткен шығынды азайта алады, бұл ең алдымен арзан жұмыс күші, салықтың төмен деңгейі, және кеден баждары мен өткізу жаңа нарықтардағы басқа факторлар есебінен болуы мүмкін. Осыған байланысты, егер ішкі нарықта тауардың бәсекеге қабілеттілігі күрт төмендесе, тауардың бәсекеге қабілеттілігі әрі қарай дамуы үшін (оның модификациясын жасамас бұрын, жаңа өнім немесе ескі өнімді өндірістен шығармас бұрын) онымен өткізу жаңа нарығына шығуға әрекет жасау керек [2].

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау нәтижесінде бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудың келесі жолдары қабылдануы мүмкін:

- қолданылатын материалдардың, комплект бұйымдардың немесе өнім конструкциясының құрамы мен құрылымының өзгеруі;
- өнімді жобалау тәртібінің өзгеруі;
- өнімді дайындау технологиясының; дайындау сапасы, сақтау, орама, транспорттау мен монтаждауды бақылау жүйесінің өзгеруі;
- өнім бағасының, қызмет көрсету мен жөндеу бағасының, қосалқы бөлшектерге бағаның өзгеруі;
- нарықта өнімді өткізу тәртібінің өзгеруі;
- өнімді өткізу, өндіріс, жетілдіруге арналған инвестиция көлемі мен құрылымының өзгеруі;
- жабдықтаушыларды ынталандыру жүйесінің өзгеруі;
- импорт құрылымы мен импортталатын өнім түрлерінің өзгеруі.

Қорытындылай келіп, өнімнің бәсеке қабілеттілігін жоғарылатудың 3 негізгі жолдарын көрсетуге болады:

1. тауардың сапасын жоғарылату;
2. тауардың бағасын арзандату;
3. тауардың өткізуін өрістету.

Соңғысына біз ашып қарастырайық.

Бәсекеге қабілеттіліктің өсуі, евро курсының жоғарылауы мен доллардың төмен түсуі өндірушілерді өз өнімін өткізуінде тұтынушылар мен делдалдарға жол беруге тура келеді. Одан басқа, жарнама тиімділігі өсіп жатқан шығындар есебінен төмендейді. Сондықтан, соңғы кездері көптеген кәсіпорындар жарнама компаниясына тиімді сүйеу болатын өткізуді ынталандыруға сүйенеді.

Сатуды ынталандыру көп мақсатты бағытқа ие. Мақсат алдағы ықпал объектісіне байланысты таңдалады. Мақсаттық аудиториялардың бірнеше типтері бар:

1. Тұтынушы: оның мағынасы өте үлкен және барлық маркетингтік саясат сол тұтынушыға бағытталады. Сатуды ынталандырудың кең спектр тәсілдері бір ғана мақсатпен жасалған - тұтынушыны ең тиімді әдіспен тарту және оның сұранысын қанағаттандыру. Тұтынушыға арналған ынталандыру жолдары келесідей:

- сатып алушылардың санын көбейту;
- бір сатып алушымен сатып алынған тауарлар көлемін ұлғайту.

2. Сатушы: сатушының тауарды сату қабілеттілігі мен шеберлігі өндіруші назарынан тыс қалмауы керек. Фирманың мақсаты сол қасиеттерді ынталандырып көтермелеу. Сатушыға арналған ынталандыру мақсаттары: тауарға қызығушылығы жоқ тұтынушыны қызықтыру.

3. Сауда делдалы: өндіруші мен тұтынушының арасында негізгі буын болып, реттейтін қызметін атқаратын өзіндік объектісі болып табылады. Ынталандыру мақсаттары келесідей болуы мүмкін:

- тез танымалды болатындай тауардың белгілі бір имиджін қалыптастыру;
- сауда желісіне келіп түсетін тауар көлемін ұлғайту;
- бір немесе басқа марканың белсенді өтуінде делдалдың қызығушылын көтеру,

т.б.

Ынталандыру шаралары қойылған мақсатқа байланысты таңдалып алынады. Оларды 3 ірі топқа біріктіруге болады:

- баға ұсынысы (төмен бағамен сату, жеңілдік купондары мен талондары);
- натуралды формадағы ұсыныс (премиялар, тауар үлгілері);
- белсенді ұсыныс (сатып алушылар конкурсы, ойындар мен лотереялар) [3].

Мұнай саласы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру біртұтас механизм ретінде нарықтық сұраныс пен ұсыныстың жалпы жағдайына, қоғамның дамуына, адамзат мәдениеті мен ой-санасына, қауіпсіздік пен эстетика және экология талаптарына, сонымен қатар, кәсіпорынның мүмкіндігіне сай болуы тиіс.

Бәсекеге қабілеттілік арттыру механизмі – кәсіпорынның нәтижелі жетістікке жету жолында атқаратын іс-әрекеттері арқылы сипатталады. Дұрыс таңдап алынған механизм осы кәсіпорынның нарықтық бәсекелестерімен салыстырғанда ұзақ уақытқа ұтымды жағдай жасауына негіз болады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмі іс-әрекеттердің жиынтық көрінісі ретінде оларды жүзеге асыратын бірнеше тетіктерге тәуелді. Бұл тетіктер диплом жұмысымда өзіндік сипаттары бойынша төрт топқа бөліп қарастырылады:

бірінші топ - өнімнің сапасын арттыру шаралары немесе кәсіпорынның сапа жүйесін жетілдіру;

екінші топ - өнімнің бағасын қалыптастыру немесе кәсіпорынның баға саясатын реттеу;

үшінші топ - өнімнің тартымдылығын арттыру немесе кәсіпорынның маркетингтік жүйесін жетілдіру;

төртінші топ - өнімнің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету немесе өндірісті мемлекеттік қолдау [4].

Әлемдік нарықтың қатаң талаптары мен бәсекелік шарты отандық мұнай өнімін өндіруші кәсіпорындардың сол талаптар мен шарттарды ұстануын қалайды. Өйтпеген жағдайда әлемдік нарықта осы өнім түрлері бойынша негізгі өндірушілер саналатын АҚШ, Израиль, Голландия, Ресей және Дания сынды мемлекеттер өздерінің бәсекелік ықпалымен еліміздің ішкі нарығын және енуге мүмкін болатын көршілес мемлекеттердің нарықтарын игеріп алуы қиын емес.

Сондықтан да ішкі нарықтағы мұнай өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, олардың сапасына байланысты.

Мұнай өнімдерінің сапалық деңгейі бірнеше тұрғыда анықталады. Әлемдік нарыққа шығудың негізгі жолы болып – халықаралық сапа стандарттарының талаптарын орындау және оны өндіріске енгізу қадамдары саналады, сонымен қатар, өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу саясатын да негізгі назарда ұстанған жөн деп санаймыз.

Өндіріске инновациялық және ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу, алдыңғы қатарлы озық технологияларды пайдалану тек өнімнің сапалық қасиеттерінің жақсаруына ғана емес, шикізат пен материалдарды үнемді пайдалануға, сонымен қатар, оның баға бәсекесі жағдайындағы өтімділігін арттыруға да серпін береді.

Бүгінгі жағдайда, өндеуші өнеркәсіптердің, соның ішінде мұнай өнімі кәсіпорындарының инвесторлар үшін тартымдылығы жоғары екендігін ескере отырып, сол кәсіпорындардың өздері нақты ұсыныстарды алға тартуы тиіс. Өйткені, ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіріске тарту ірі көлемдегі қаржының көмегінің жүзеге асуы мүмкін емес.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу міндетін қойып отыр. Ол үшін ең алдымен бізде өндірілетін өнімдер әлемдік талаптарға сай болуы керек. Сондықтан өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында, оның бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын сапасын жақсарту мен баға саясатын жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Елімізде 2006 жылдан бастап жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығын алуға арналған конкурсы және «Алтын сапа» республикалық көрме конкурсын өткізу белгіленген. Ол конкурстар еліміздегі кәсіпорындардың сапалы өнім шығаруын ынталандыру мақсатында туындағаны мәлім. Конкурста берілетін сыйлықтармен қатар, бір салық жылы ішінде корпоративтік табыс салығының 50 пайыздық жеңілдікке ие болатынын және екі жыл бойына сыйлық эмблемаларын жарнамалық мақсаттар үшін пайдалана алатындарын ерекше атап көрсеткен жөн.

«Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығы өнімнің сапасы, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгені үшін, сондай – ақ ұйымның сапаның басқарудың тиімділігі жоғары әдістерін енгізгені үшін конкурстық негізде жыл сайын беріледі.

Нарықтық экономикада кәсіпорын өнімдерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеті оның баға белгілеудегі ұстанып отырған саясатына тікелей байланысты. Бұл жерде кәсіпорынның басты мақсаты тек мол табыс алуға ғана емес, сонымен қатар, тұтынушыларды төмен бағамен ынталандыру арқылы ұзақ уақыт бойы өнімдерін нарыққа тиімді өткізуге де негізделуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018ж.
2. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі: оқу құралы / Е. Әмірбекұлы. – Алматы: Экономика, 2009 – 120б.
3. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2009 – 218 б.
4. Жилқайдарова Г.Б. «Кәсіпорынның нәтижелі жетістігі – бәсеке қабілеттілігі» // ҚазЭУ хабаршысы – 2009 №5 б 117-121

ӘОЖ 33.330.12

КЕДЕЙШІЛІК – ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Сутбаева Р.О.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада кедейшілік мәселесі қарастырылған. Кедейшілік мәселесі қазіргі таңда ең өзекті проблемалардың бірі болып отыр. Жұмыста кедейшіліктің пайда болу салдары, оның алдын алу шаралары да көрсетілген. Оған қоса кедейшілік мәселесін төмендету және алдын алу шаралары, түрлері баяндалған.

Түйінді сөздер: кедейшілік, демография, әлеуметтік, ЖІӨ, дағдарыс, табыс, саясат, халық, экономика, жұмыссыздық.

Кедейшілік-жеке адамның, отбасының немесе әлеуметтік топтың қажетті игіліктер құнын өзі төлей алмайтын экономикалық жағдайы, яғни өзінің өмірлік қажеттерін қамтамасыз етуге жағдайының жетіспеуі, негізгі тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің төмендігі немесе жоқтығы. Кедейшілік салыстырмалы түрде белгілі бір қоғамдағы тұрмыстың деңгейіне, қоғамдық байлықтың бөлінуіне байланысты болатын үдеріс ретінде қарастырылады. Оның пайда болуының негізгі себептері-саяси, экономикалық және демографиялық жағдайлар, саяси-экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, жалақы мен зейнетақының күнкөріс минимумынан төмендігі, халықтың әлеуметтік тұрғыдан нашар қорғалуы және т.б.

Қоғамдағы кедейшіліктің орны туралы зерттеулер XVIII ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін (А. Смит, Д. Рикардо, Т. Мальтус, Г. Спенсер, Ж. Прудон, Э. Реклю, К. Маркс, Ч. Бут, С. Раунтри) қарастырылса, XX ғасырдың орта шенінен бастап, Кедейшіліктің мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, саяси даму деңгейіне ықпалы жан-жақты қарастырыла бастады (Ф.А. Хайек, П. Таунсенд және т.б.). Қазіргі кезде жаңа мыңжылдықтың басты мәселелерінің бірі ретінде кедейшілік мәселесі екендігін БҰҰ өз баяндамаларында да атап көрсеткен болатын [1].

Кедейшілік бір-бірімен өзара байланысқан және бірқатар ерекшеліктерге ие құбылыс болғандықтан, оларды келесідей топтарға біріктіруге болады:

- Экономикалық (жұмыссыздық, төменгі еңбекақы, төменгі еңбек өнімділігі, саланың бәсекеге қабілетсіздігі);
- Әлеуметтік-медициналық (мүгедектік, кәрілік, аурдың жоғары деңгейі);
- Демографиялық (толық емес жанұя, жанұядағы басқа адамның көмегіне мұқтаж жандардың саны);
- Әлеуметтік-экономикалық (әлеуметтік кепілдіктің төменгі деңгейі);
- Білімдік-біліктілік (білімнің төменгі деңгейі, кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі);
- Саяси (әскери қақтығыстар, еріксіз көшіп-қону);
- Аймақтық-географиялық (аймақтардың біркелік дамымауы).

У.Уилсонның пайымы бойынша кедейшілікті қоғам өзі тудырады. Өйткені, калалардың орталығында жұмыс орны жеткіліксіз. Сондықтан, кедейлердің енжарлығы мүмкіндіктердің шектеулі болуының нәтижесі. Нарық экономикасының үстеме пайда табу заңдылығына сай, ірі өндіріс орынынның иесі оның тиімділігін арттыру үшін оны шикізаты мен еңбек қоры арзан елдерге көшіреді. Табыс жоғары кезінде өндіріс кеңейтіледі. Ал, дағдарыс кезінде қызметкерлерді аяусыз қысқарта бастайды. Сондықтан, Еуропада жұмыссыздық 7 пайыздан 10 пайызға дейін өсті [2].

Кедейшілік мәселесі Қазақстанды 90-шы жылдардың басынан толғандыра бастады. Оның өткірлігі, кедейшілік нақты табыстың күрт төмендеуі мен қоғамның әлеуметтік жіктелуінің күшеюі салдарынан қоғамдық әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әсер ете бастаған сәттен бастап байқалды. Кедейшіліктің өсуі, оның үлес салмағынан да, кедейшілік санаттары бойынша да көрініс тапты.

Кедейшілік деңгейінің өзгеру қарқынында оның қалыптасуының екі кезеңін бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең - 90-шы жылдардың бірінші жартысы - бұл кезде халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлауынан, кедейшілік ауқымының ұлғаюынан, табыстар, тұтыну, маңызды материалдық және әлеуметтік игіліктерге қолжетімділік бойынша қарастырғанда әлеуметтік алақұлалықтың күшеюінен көрінген аса келеңсіз үрдістер байқалды. Екінші кезең - 90-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, қазіргі кезге дейін - экономиканың нақты секторындағы оңды ілгерілеулер нәтижесінде халықтың бақуаттылығы өлшемдерінің біршама тұрақтану кезеңі.

Қазақстанда 1990-1995 жж. жылдамтылған экономикалық құлдырау байқалды, 1990 жылдың деңгейіне қарағанда 1995 жылға қарай нақты ЖІӨ 61,4 пайызға дейін төмендеді, 1990 жылдардың басындағы жоғарғы инфляция 1,975 пайыз жышдық

деңгейде 1994 ж өз шыңына жетті. Содан кейін, 1998 жылы 7,6 пайызға дейін және 1999 жылы 8,3 пайызға дейін төмендеді [3].

1996 жылы ЖІӨ көлемінің төмендеуі тоқтатылды. 1997 жылдан бастап, ЖІӨ көлемі біртіндеп көтеріле бастап, елімізде экономикалық өсу байқалды. 1990-1995 жылдарға дейін созылған экономиканың құлдырауы халықтып маргинализация, жұмыссыздық, кедейшілік және т.б. сияқты әлеуметтік құбылыстардың өсуіне ықпал етті.

Осындай тәріздес құбылыстарды жою үшін ғалымдардың пікірінше, 10 жыл мерзім ішіндегі жыл сайынғы экономикалық өсім 5-8 пайызға жетуі керек.

Кедейшілік мәселесі қалай экономистердің, әлеуметтанушылардың және саясаттанушылардың, сонымен бірге, қарапайым азаматтардың да назарында болып келді. Бұл мәселе жөнінде көптеген пікірлер айтылып, талдап-талқылаулар жүргізілді. Біздің ойымызша кедейшіліктің негізгі негативті салдарын көрсетуге болады. Бірінші, ұлт генофондының төмендеуі мен азаюы: халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының азаюы, туудың төмендеуі, халық денсаулығының нашарлауы, мінез-құлықтың, маскүнемдіктің және нашакорлықтың өсуі. Екінші, қылмыстың өсуі, адамдардың қауіпсіздік қауіп-қатерінің өсуі. Үшінші, әлеуметтік шиеленіс қаупінің артуы, халықтың өмір сүру деңгейімен қанағаттанбауы, наразылық акциялары.

Сонымен, Қазақстанда кедейшілік мәселесі еліміздің қауіпсіздігіне қауіп әкелмес бұрын, кідіртпей дұрыс оңтайлы шешім қабылдауды талап етеді. Елдегі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшелігі ретінде, «жаңа кедейлер» деп аталатындардың пайда болғанын айтуға болады. Бұған реформаларға дейінгі кезеңде болған әдеттегі кедейлерден бастап, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет салаларында жұмыссыз қалғандар жатады.

Шағын бизнес өкілдері, зейнет жасына жеткен адамдар, мектеп, жоғары оқу орындарын бітірушілер, экологиялық дағдарыс өңірлерінде тұрып жатқан халық жоғары тәуекел аймағында қалып отыр.

«Жаңа кедейшілік» ауқымы ауылдық жерлерде тұратын халықтың есебінен едәуір кенейді. Ауыл халқының табысы қала халқының табысынан орташа алғанда 2,2 есе төмен және ауылдағы кедейшілік деңгейі едәуір жоғары.

Қазақстан Республикасында кедейшілікпен күресу жөніндегі әртүрлі бағдарламалар қабылданғанымен, кедейшіліктің үлесі төмендемей отыр. 2010 жылғы мәлімет бойынша өмір сүру минимумынан төменгі табысқа ие қазақстандықтардың саны 2009 жылмен салыстырғанда 4,4 пайызға төмендеген. Кедейшілік деңгейін төмендетуге бағытталған бағдарламалардың бірі ретінде 2011 жылы қабылданған «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы. «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасында көзделген міндеттерді іске асыру барысында 2016 жылға қарай келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады: кедейшілік деңгейі 8,2 %-дан 6 %-ға төмендету; жұмыссыздық деңгейі 5,5 % аспау; жұмыспен қамтылған халық құрамындағы өз бетінше жұмыспен айналысушылардың үлесі 33,3 %-дан 26 %-ға төмендету және еңбек өнімділігінің қосымша өсімі 20 % құрауы.

Қорыта айтқанда, кедейшілік мәселесі ХХІ ғасырдағы жаһандық сипаттағы әлеуметтік-экономикалық мәселе. Бұл мәселені шешу әлем елдерінің бірлесе шешім қабылдауын талап етеді. Кедейшілік мәселесін төмендету – кез-келген мемлекеттің халықты сапалы өмір сүруімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР адам дамуы бойынша Ұлттық есебі, 2009, Астана, б.115.

2. В.С.Сычева. Кедейшілікті өлшеу деңгейі: сұрақ тарихы. - СОЦИС, 2008, № 3. б. 22.

3. Е. Гайдар. Байлар және кедейлер. Қазіргі әлемдегі әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуы мен дағдарысы. Бірінші мақала-Еуропа хабаршысы, № 10, 2009 ж. б. 9.

УДК 65.023.28

ОПТИМИЗАЦИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА В КАЗАХСТАНЕ

Абдешов Д.Д.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы развития и трансформации агропромышленного комплекса. Ключевой элемент конкурентоспособности сельского хозяйства - это его высокая производительность. В нормальных рыночных отношениях кооперативы должны развиваться естественным путем, исходя из очевидных выгод для участников кооператива. Роль государства должна быть только в создании среды, которая будет стимулировать сельхоз кооперацию

Ключевые слова: сельское хозяйство, аграрный бизнес, субсидии, инвестиции, агропромышленный комплекс, кооперативы

В настоящее время нашими основными партнерами в области финансирования агропромышленного комплекса на уровне малого и среднего бизнеса - фермерами и фермерскими хозяйствами являются кредитные партнерства, созданные фермерами. Это учреждение демонстрирует положительную динамику развития. Причины очевидны: в регионах банки второго уровня работают в филиалах, расположенных в региональных и районных центрах. Кредитные партнерства расположены на внешней торговой платформе и имеют значительную гибкость в обслуживании объектов агропромышленного комплекса

С 2001 года в Казахстане создано 193 кредитных товарищества, объединяющих более 15 000 сельскохозяйственных производителей. Около 10% от общего числа сельскохозяйственных производителей в этой отрасли. За последние шесть лет динамическое увеличение количества КТ - с 6800 до 15 800 в 2011 году, или в 2,3 раза. Территориальный охват КТ в настоящее время составляет 93%.

В стране насчитывается несколько десятков отдельных населенных пунктов, таких как Алматы, Южный Казахстан и Акмола. Например, в Южно-Казахстанской области существует 22 кредитных товарищества, из которых более 5000 организаций являются членами.

В течение 16 лет через кредитные товарищества фермеры получили более 241 млрд. Долл. США. Было выдано 40 тысяч тенге. Сегодня Аграрная кредитная корпорация остается единственным источником финансирования кредитных партнерств.

Сегодня нам приходится работать в условиях низкого уровня финансовых институтов, в частности, банков второго уровня в кредитовании проектов агропромышленного комплекса. Эта ситуация не влияет на интенсивное развитие агропромышленного комплекса в целом и еще более усложняет зависимость субъектов агропромышленного комплекса от квазинациональных компаний от финансовых ресурсов.

Новая стратегия развития наряду с улучшением оперативной деятельности АКК (Аграрная кредитная организация) предусматривает расширение партнерских отношений с финансовыми институтами и увеличение доли косвенного финансирования. Реализация механизма финансирования финансовых учреждений будет осуществляться в разумные сроки для дальнейшего финансирования предприятий агробизнеса через кредитные товарищества, микрофинансовые организации, лизинговые компании, банки второго уровня.

Это позволит обеспечить четкую и сбалансированную политику рыночных сегментов малого и среднего бизнеса для максимального охвата агропромышленных предприятий различными кредитными продуктами. Это даст позитивный сигнал рынку финансовых услуг и побудит другие финансовые учреждения увеличить объем кредитов сельскохозяйственному сектору.

Основная цель стратегии - сократить долю прямого финансирования проектов и многое другое - завершить эту практику. Стратегия устанавливает параметры реального времени до 2026, и нам нужно достичь нуля. Возможно, мы можем добиться этого, так как в настоящее время 50% средств, направляемых на все проекты агропромышленного комплекса через все эти финансовые учреждения, уже существуют. [1]

Сегодня необходимо консолидировать усилия кредитных союзов по диверсификации источников кредитования через центральный кредитный союз. Кредитные товарищества получили возможность выступать в качестве единого фронта в переговорах с внешними кредиторами - внутренними банками и международными финансовыми институтами. Сегодня крупные активы ТТ составляют 5-6 миллиардов долларов. Он не превышает КЗТ, чего недостаточно для прямого взаимодействия с международными финансовыми институтами. Но концентрация активов 193 кредитных компаний увеличилась до 120 млрд. Тенге, и здесь есть предмет для обсуждения. В то же время доля безнадежных долгов в КТ составляет менее 5%. Это очень привлекательный аргумент в переговорах с инвесторами, поскольку их привлекательность как объекта инвестиций. В этом случае ААС может стать гарантией того, что центральные и частные ИТ-фонды будут привлекать международные рынки капитала.

Инвесторы делают инвестиции в наш агробизнес, так как следующие аспекты:

1. Вопросы страхования растений и животных. Вопрос. Приоритетом развития агропромышленного комплекса является развитие сельского хозяйства в Послании Главы государства народу Казахстана.

2. Вторая - необходимость подготовки финансовых учреждений для финансирования проектов фермеров и сельскохозяйственных производителей. Вам не нужно учиться делать заявку на получение кредита или бизнес-план. Результаты деятельности Фонда «Даму» и ОЭЗ «Атамекен» в этом направлении уже эффективны. В настоящее время сельскохозяйственные товаропроизводители используют льготный период для займа. Однако у него нет необходимой компетенции и опыта, чтобы тратить много времени на выбор соответствующей технологии. И все ошибки типичны. Неверный выбор выбранных технологий, ошибки при выборе бизнес-модели и другие ошибки. Фермеры должны изучать конкретные ситуации с примерами.

По итогам прошлого года валовый выпуск АПК составил сразу 3,62 трлн тг - это на 9,3% больше, чем в 2015 году. Показатели 2015 также опережали предыдущий год - сразу на 30,8%.

Данные анализа показывают, что возможность конкурировать в пространстве ВТО возрастает. Снизившиеся цены на нефть, наоборот, должны благоприятно сказываться на себестоимости сельхозпродукции. Если снижения цен на топливо не происходит, то это проблема не сельского хозяйства, а общей экономической политики правительства.

В нормальных рыночных отношениях высокая конкуренция и снижение прибыли заставляют сельхозпроизводителей повышать свою производительность. В нормальных рыночных отношениях финансовые ресурсы распределяются естественным путем. Инвестиции получают лучшие, а худшие банкротятся и закрываются.

Необходимо принять во внимания следующие реформы, что есть в текущей программе «Агробизнес-2020». То есть привнести изменения к выработанной программе, а именно государством должно в полной мере создавать условия для процветания АПК. Ключевой элемент конкурентоспособности сельского хозяйства - это его высокая производительность. В нормальных рыночных отношениях кооперативы должны развиваться естественным путем, исходя из очевидных выгод для участников кооператива. Роль государства должна быть только в создании среды, которая будет стимулировать сельхоз кооперацию. [3]

В целях активизации работы по развитию массового предпринимательства, начата реализация мер по обеспечению занятости сельского населения и дозагрузки перерабатывающих мощностей предприятий за счет использования потенциала личных подсобных хозяйств в сельхозкооперативах для организации централизованной деятельности в производстве и сбыте сельскохозяйственной продукции.

За счет реализации мер обеспечения занятости сельского населения за 3 года планируется вовлечь в товарное производство сельскохозяйственной продукции 226 тысяч ЛПХ (личное подсобное хозяйство), создать более 70 тысяч постоянных рабочих мест и увеличить загрузку перерабатывающих предприятий как минимум на 20 %.

На сегодняшний день уже создано 448 сельскохозяйственных кооперативов. В настоящее время ведется работа по исключению требования по наличию земли при применении специального налогового режима для сельскохозяйственных кооперативов.

Необходимо принять во внимания следующие реформы, что есть в текущей программе «Агробизнес-2020». То есть привнести изменения к выработанной программе, а именно государством должно в полной мере создавать условия для процветания АПК (рисунок 1).

Создаваемые сельскохозяйственные кооперативы могут заниматься заготовкой молока, мяса, плодов и овощей, шерсти и шкур, пчеловодством, птицеводством, товарным рыбоводством и другими направлениями АПК.

Согласно «Карте повышения эффективности мер государственной поддержки АПК», в 2018 предполагается исключить еще 15 видов субсидий. И так далее: в течение действия Госпрограммы развития АПК РК на 2017–2021 ежегодно предполагается высвобождать порядка 24 млрд тенге. То есть, по 10% от общей суммы, предусмотренной госбюджетом на субсидирование - в 2018 она составляет 224 млрд тенге. Высвобождаемые средства будут направляться на льготное кредитование форвардного закупа приоритетных культур (фуражных и масличных) для последующей переработки и выпуск востребованного на рынке комбикорма и растительного масла. А также на закуп животноводческой продукции (ягнятины) для формирования экспортных поставок через Экспортный центр, созданный на базе «Продкорпорации».

Вторая карта посвящена переработке сельхозпродукции. Анализ деятельности 1345 предприятий (основные – молокозаводы и мясокомбинаты) показал, что из-за низкой эффективности отрасль ежегодно недополучает продукции на 1 трлн тенге.

Основные отличия от существующей программы «Агробизнес-2020»



Рисунок 1 - Процесс перехода реформирования аграрного бизнеса

Казахстану нужно обеспечить переработку сырья и выходить на мировые рынки с высококачественной готовой продукцией, но этого уже недостаточно. Необходимо переориентировать весь агропромышленный комплекс на кардинальное увеличение производительности труда и рост экспорта переработанной сельскохозяйственной продукции. Приоритетного внимания требует развитие аграрной науки:

1. Трансферты новых технологий и их адаптацией к отечественным условиям.
2. Изменить роль аграрных университетов, то есть готовить специалистов, которые реально будут работать в АПК или заниматься научной деятельностью. Для этого вузам требуется обновить программы обучения и стать центрами распространения самых передовых знаний и лучшей практики в АПК".

При этом многократное повышения производительности можно достичь благодаря технологиям прогнозирования оптимального времени для посевной и уборки урожая, "умного полива", интеллектуальным системам внесения минеральных

удобрений и борьбы с вредителями и сорняками. Беспилотная техника позволяет значительно сократить себестоимость земледелия, минимизировать человеческий фактор.

Кроме того, внедрение новых технологий и бизнес-моделей, повышение наук ёмкости АПК усиливают необходимость кооперации хозяйств, а также оказывать всестороннюю поддержку сельхозкооперативам. Партнёрство государства с бизнесом должно находить стратегические ниши на международных рынках и продвигать отечественную продукцию [1].

ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. www.akorda.kz
2. Указ Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева. Государственная программы развития АПК на 2017-2021 годы. <http://mgov.kz>
3. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан "Агробизнес - 2017"
4. Официальный сайт Министерства национальной экономики.

ӘОЖ 364.5

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУДА ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абилшеева Р.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қоғамдық құқықтық мәдениетті дамытуда ұлттық құқықтық тәрбие құндылықтарының маңызы, олардың бүгінгі таңда қайта жаңғыртудың кейбір мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Құқықтық мәдениет, құқықтық сана, ұлттық тәрбие, құқықтық құндылықтар.

Қазіргі таңда қазақстандық қоғам рухани жаңғыру бағытында ұлттық сананы қалыптастырудың маңызды кезеңін бастан өткеруде. Бұл маңызды үрдістің түпкі мақсаты әрбір қазақстандықтың азаматтық позициясының бағдарының нақтылығы мен дұрыстығын айқындауы тиіс. Елбасы бұл жаңғырудың маңыздылығына нақтылап баға берді: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу керек. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алмаса ол адасуға бастайды» [1].

Ежелден-ақ қазақ халқы тәлім-тәрбиеге ерекше мән берген. Оны біз көп ғасырлар бойы жинақталған тәрбие нәтижесінен көре аламыз. Халықтық тәрбие болмаған жерде зиялы қоғам болуы екіталай. Әр халықтың өзіне тән этникалық өзгешіліктері мен ұлттық қасиеттері одан көрініс табады. Әрине, бұл халықтық тәрбие ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, халықтың тарихы және әлеуметтік тәжірибесінің жемісінің жиынтығы. Әрі әдет-ғұрып заңдарымен қорғалып отырады.

Рухани-құнды феномен ретінде құқықтық сана, құқық субъектісінің құқықтық кемелденгенін көрсетеді, өйткені адамдардың санасында көрініс табатын құқықтық мәні

бар ақиқаттың жақтары және құқықтық сананың қажетті жақтары болып табылатын мінез-құлықты психикалық реттеу, әрқашанда ішкі рухани тәжірибеге тәуелді.

Көшпелі өмір өз ішіндегі қатынас тәртіптілігіне ерекше мән берді. Оның бастысы ретінде тәлім-тәрбие тұрды. Тәлім-тәрбие жемісі болғанда ғана бейбіт өмір, тыныштық орнайтынын терең түсінді. Бұл деген сөз ел ішінің тыныштығы, ағайын татулығы, ел жарастығы, бірлігі, ынтымағы, адамдардың тату-тәттілігі тәлім-тәрбиеден бастау алады дегенге саяды. Тәртіпсіздік, алаңсыздық адамды еркінен, азаттығынан айырып, құлдық пен күндікке душар етерін көре білді. Сондықтан бұл жолында оны жүзеге асыру үшін қоғамдағы барлық механизмдер қолданысқа түсті. Бұл механизмдердің басты талабы «Әділет тілесен, атаңның болсын айыбын айт» деген қағиданы талап етті.

Адамзатқа дем алу үшін ауа қандай қажет болса, тәлім-тәрбие де қоғам болып өмір сүруде сондай қажет болғандықтан, халықтық дәстүрлер пайда бола бастады. Қоғам ішіндегі зиялылары өзінің қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын, тәлім-тәрбие жайлы қағида-ережелерін ұрпақтарына мұра етіп берді, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениеті қалыптасты.

Бұл рухани-мәдени, тәлім-тәрбиелік өмірін анықтаушы нәрселер күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі еңбектен, табиғаттан, дарындылықтан, адамдық жақсы қасиеттерден туындады. Әрі осылар тәрбиенің шынайы қасиеттерін жарқыратып жинақтады. Сол үшін тәлім-тәрбиенің шынайы қасиеттерін жарқыратып көрсетті. Сол үшін тәлім-тәрбие өмірдің басты заңдылығына айналып, оны бүкіл қоғам мүшелері қолдады, «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» еңбектенді. Нәтижеде қоғамның экономикалық өмірі мен рухани мәдениеті шарықтап өсті. Қазақ қоғамына көшпелі тұрмыспен күнелту басқа күнкөрістен анағұрлым қолайлы болды. Қоғамдық сананың дамуына табиғат пен күнкөріс игі әсер етіп, қозғаушы күшке айналды.

Халықтық тәрбие қоғамда шешуші рөл атқарады. Өйткені, халық ұрпақтан-ұрпаққа өзінің қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын мұра етіп бере отырып, өшпес рухани-материалдық байлығын жаратты. Рухани-материалдық байлық еңбектен, табиғаттан, табиғилық дарыннан және адамгершілік тұтқасы имандылықтан туындайды. Бүкіл халық болып ұрпағын, өздерін жалғастырушыларды тәрбиеледі, өздері де дәл солайша тәрбие көрді. Халықтық тәрбиенің қоғамдық сана элементі ретінде дамуы, тәжірибе мен дәстүрлердің жинақталуы іріленіп, аясы кеңі түсті. Бірте-бірте тәрбиенің айқындалып, қоғамды түлетуге, тәртіпті қоғамдық қарым-қатынас орнатуға жәрдемдесті. Тәрбиеге қоғамдық салалардың бәрі қатынасып, оның жүзеге асуына қамқор болды. Ауызекі сөзі адамгершілік тәрбиесінің негізгі құралына айналды. Оны біз өзімізге жеткен өлең-жырлардан, мақал-мәтел, афоризмдік тіркестерден, тарихи оқиғалардан көре аламыз. Бұлардың бәрі адамгершілік, елін сүю, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сақтауды насихаттады, ақыл-ой тәрбиесін дәріптеді.

Адамды жетілдіруді халық мейлінше түсініп, адамның синтезді бейнесін ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой, адамгершілікке толы мінез-құлық, сұлулық әдептерінде жетілдірді. Сөз бен істің бірлігі жетілген тұлғадан көрінді. Сөйтіп, отбасынан басталған тәрбие нәтижесі бүкіл қауым қолдап-қуаттайтын үлгі, өнегеге айналды, өзін-өзі іс жүзінде көрсеткен тәжірибенің озығы бүкіл аймаққа таралды. Тәлім-тәрбиелік мәдениет сөзбен жүзеге асып, оның сан түрлі тәсілдері бой көтерді. Бесік жырынан басталған тәрбие ірі қоғамдық мәселелерге дейін көтерілді.

Аталы сөзді халық қатты қадірлеген. «Аталы сөзге арсыз тоқтамайды» деп аталы сөздің мәнін ұғынуға міндеттеген. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп, әрдайым жақсы, аталы сөз есітуге, айтуға бейім тұрған. Аталы сөздің арыны қатты, мәні терең, мазмұны әр алуан. Онда ел, халық, Отан, бірлік, ерлік, өнер, білім, еңбек, дау-дамай, адамдық, имандылық жайлы біртуар мәнді тұжырымдар өте көп. «Туған жерге туың тік», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ел іші алтын бесік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз

елінде ұлтан бол», «Ырыс алды ынтымақ», «Бірлік болмай – тірлік болмас» деген сөздер Отан, ел, ынтымақ, бірлік мәнін терең ашып көрсетеді [2].

Тарихи тағдыр, өмірдің әлеуметтік-экономикалық тәртіптері ортақтығы жағдайында дамыған халықтық тәлім-тәрбие еңбек пен тұрмыстық хал-ахуалына дөп келетін ұмтылыс-армандарын қамти отырып, әділетсіздікке қарсы, ұрпақ болашағы үшін тынбай жұмыс істеді. Оның толық бейнесі қазақ халқының болмысында, отбасы өмірінде, мәдениетінде көрініп, құқықтық саналарына игі әсер етті. Адамгершілік, табиғатпен үйлесімдік, көпшілдік, еңбекті сүю, сезімталдық, тәрбиенің жүйелілігі мен бірізділігі, талаптар бірлігі, бала тұлғасына ілтипат пен құрмет тәлім-тәрбиенің халықтық бастаулары жүйесін құрады. Яғни, дағдылы ортада бала тәрбиесін жүргізу туған тілінде, мәдени-рухани, тарихи-ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы тәрбиелеуді қамтамасыз етті.

Өйткені, құқықтық-мәдени құндылықтар адамдар үшін жаратылған, адам тек құқықтық қатынастың субъектісі, ал адам құқықтары мен бостандығы және міндеттері құқық объектісі болып табылады. Сол үшін де, қай заманда болмасын, құқықтық тәртіп бірінші орынға қойылып, ол қоғамдық өмірдің түрлі салаларын реттейтін, адамдардың мінез-құлқына әсер ету сипатымен бір-бірінен ерекшеленетін әлеуметтік нормалар түрлері: әдет-ғұрыпты, мораль нормаларын, халықтық тәлім-тәрбиелерді жүзеге асырады.

Біз алдымызға құқықтық мемлекет құруды мақсат еткендіктен, алдымен құқықтық мәдениетке маңыз беріп, қоғам мүшелерінің қызметін реттеу үшін пайдаланылатын құндылықтарды: ата-бабаларымыздың құқықтық идеяларынан туындаған қағида-ережелерді, сенім-нанымдарын, мінез-құлықтарын, құқықтық дәстүрлерін қайта тірілтіп, қазақи сипаттарға ие тұлғаларды тәрбиелеу керек. Сонда ғана ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық, ұлттық тіл, ұлттық патриотизм, ұлттық намыс қалыптасып, нағыз құқықтық-демократиялық мемлекет құру жемісті болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // www.egemen.kz
2. А. Өсеров. Қазақ әдет-ғұрып заң нормаларындағы тәлім-тәрбие тағылымдары. Тараз, 2007. – 120 б.

УДК 346.3

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Акберов З.

Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В данной статье рассматриваются правовое регулирование инвестиционной деятельности в Республике Казахстан.

Ключевые слова: инвестиция, правовое регулирование, финансовый рынок.

В современных условиях инвестиционной деятельности заметно возрастает. Осознанную роль инвестиционная деятельность приобретает в условиях совершенствования товарно-денежных отношений в нашей республике. Основу правового развития многих стран, в том числе и Казахстане в целом составляет

инвестиционную деятельность, как объективная общественно необходимая закономерность, лежащая в основе материальных и духовных благ человека, условий развития и выживания на территории отдельных государств и мирового сообщества в целом.

За период существования независимого Казахстана в стране был принят целый ряд законов и правовых актов, которые регулируют различные аспекты отношений собственности, инвестиционной деятельности, налогообложения, недропользования и формируют правовую среду осуществления инвестиционных проектов. Однако существующие законодательные акты по значительному числу ключевых моментов либо вступают в явное противоречие друг с другом, либо предлагают не во всем совпадающие формулировки, раскрывающие содержание тех или иных понимаемых на первый взгляд единообразно правовых норм.

Одной из новых сфер деятельности государства в Казахстане является привлечение благосостояния всех казахстанцев и к долгосрочным приобретенным целям и стратегии реализации отнесен экономический рост, базирующийся на открытой рыночной экономике с высоким уровнем иностранных инвестиций и внутренних сбережений.

Необходимость совершения органов управления и правового решения в сфере инвестиционной деятельности очевидна. Для Казахстана важной задачей является вхождение в систему мировой экономики. В ходе экономической реформы, проводимой в Республике Казахстан, особое значение приобретают институциональные и системные преобразования, призванные создать необходимые предпосылки к экономическому росту, к повышению доходности и безопасности инвестиций. Институциональные преобразования, осуществляемые в Казахстане в ходе приватизации государственной собственности, демонополизации, смены типа хозяйствования и реструктуризации, либерализации цен и кардинальных изменений условий внешнеэкономической деятельности, послужили началом становления и развития отечественного финансового рынка и его таких сегментов, как денежный, фондовый рынки и рынок ссудного капитала.

В связи с этим особенно актуально исследование правового регулирования инвестиционных отношений и становления и развития инвестиционного процесса в целях обеспечения экономического роста и активизации хозяйственной деятельности во всех секторах экономики. Существенное повышение роли инвестиционной деятельности и развития инвестиционного процесса для обеспечения роста национальной экономики, преодоление затянувшегося финансово-экономического кризиса объясняется потребностью устойчивого социально-экономического функционирования, обеспечивающим повышение уровня жизнеобеспечения населения страны [1].

Главная трудность экономических преобразований в настоящее время заключается в ограниченных возможностях внутренних государственных расходов и незрелости как в целом финансового, так и фондового рынка в полной мере способствовать финансовой стабилизации, экономическому росту.

В рамках рассматриваемой проблематики для нас представляет интерес иностранное инвестирование. В экономическом аспекте инвестирование, осуществляемое иностранным субъектом на территории другого государства, является наиболее эффективным по сравнению, например, с таким экономическим процессом как внешняя торговля, средством в целях обеспечения связи экономики страны с мировым рынком.

Под иностранным инвестированием принято понимать, как правило, инвестирование, идущее из-за рубежа. Однако национальное право государств содержит также правила, определяющие инвестирование, направляемое из страны за рубеж,

Импорт – шай, майлар және өсімдік майлары, қант не хош иістелген, сулар минералды газдалған және газсыз, минералды және химиялық тыңайтқыштар, киімдер.



Сурет 1 - Маңғыстау облысы мен Әзірбайжан Республикасының сыртқы сауда айналымының 2014-2016 жылдар арасындағы көрсеткіштері

2013 жылы сәуір айының 16-18 күндері Әзірбайжан Республикасының Ақтау қаласындағы Бас консулдығының ұйымдастыруымен Ақтау қаласы әкімдігінің делегациясы Сумгаит және Баку қалаларында арнайы сапармен болды. 2009 жылдан бері Әзірбайжан Республикасының Сумгаит қаласы мен Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының Ақтау қаласы бауырлас қалалар болып табылады. Осы құжаттың негізінде Ақтау қаласынан келген делегация Сумгаиттың тұрғын үй шаруашылық, құрылыс, сауда-саттық, қаланы көгалдандыру және абаттандыру мәселелерімен танысты. «Сапардың басты мақсаты: екі қала арасындағы қарым-қатынас пен бауырластықты дамыту» [4].

Сәуірдің 16-сы күні Ақтау қаласының әкімі бастаған делегация Сумгаит қаласында қала басшысымен кездесті. Кездесу Әзірбайжанның жалпыұлттық лидері Гейдар Әлиевтің ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Ақтаулық делегацияны қабылдап, Сумгаит қаласының бүгінгі тұрмыс-тіршілігімен танысты. Екі қала басшысы қалалар арасындағы мәдени қарым-қатынас, тұрғын үй шаруашылық, сауда-саттық мәселелер төңірегінде ой алмасты. ақтаулық делегация қаланың көрікті жерлері мен теңіз жағасындағы инфрақұрылымды көрді.

Ақтау қаласының әкімі теңіз жағасын абаттандыру, қалада демалыс саябақтарын көркейту, қаланы көгалдандыру мәселесінде әзірбайжандық әріптестердің тәжірибесі мол, сол салада үйренерлік жақтары бар екенін айтты. Қаланы аралағаннан кейін ақтаулық делегация Әзірбайжандағы ең ері технологиялық парктердің бірі Сумгаит

Технологиялық Паркін аралады, одан кейін Әзірбайжан Республикасының «Әзерхимия» мемлекеттік мұнай компаниясының жұмысымен танысты.

Сәуірдің 17-і ақтаулық делегация Баку қаласында Әзірбайжан Республикасының «AZPROMO» инвестиция және экспорт қорының ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелге қатысты. Жиында әзірбайжандық кәсіпкерлерге Ақтау қаласының сауда-экономикалық мүмкіндіктері таныстырылды. Жиынға Әзірбайжан Республикасының Экономикалық даму вице-министрі қатысты. Ақтау қаласының әкімі кіріспе сөзінде жоғары деңгейде ұйымдастырылған жиынға алғыс айтып, бауырлас қалалар: Сумгаит пен Ақтаудың болашақ қарым-қатынасы және қаланың сауда-экономикалық мүмкіндігін баяндады. Дөңгелек үстелде «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы дирекциясының директоры, «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны кәріз суларын тазарту құрылысы 1-ші учаскісінің басшысы, «Каспий» су тұщыту зауыты» ЖШС директоры, «Маңғыстау экспериментальдық ботаника бағы» Республикалық коммуналдық кәсіпорнының бас директоры баяндама жасады. Әзірбайжандық кәсіпкерлер тарапынан Ақтау қаласында аграрлық шаруашылық, жылыжай, қаланы абаттандыру жағына инвестиция салу мәселесі талқыланды. Соның ішінде, «Ақтау Теңіз Порты» арнайы экономикалық аймағындағы мүмкіндіктер әзірбайжандық кәсіпкерлердің қызығушылығын арттырды. Сол күні ақтаулық делегация «Азерсун» холдингінің құрамындағы Баку жылыжайымен танысып, екі ел мамандары болашақта өзара тәжірибе алмасуға келісті.

Сәуірдің 18-і күні ақтаулық делегация Галаба елді мекенінде Әзірбайжанның ауыл-шаруашылық бағдарламалар аясында жасалып жатқан жұмыстар мен шөл және шөлейтті жерлерді көгалдандыру бойынша білікті мамандармен кездесті, сондай-ақ болашақта осы салада атқарылар бірнеше жоспарды талқылады [4].

2017 жылдың 23 маусым күні Ақтау қаласында Әзірбайжан елі мен Маңғыстау облысының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өтті. Жиын барысында екі жақтың кәсіпкерлері арасындағы ынтымақтастықты практикалық тұрғыда кеңейту мәселелері талқыланды.

2017 жылдың 22 қыркүйек күні Достық сарайында Маңғыстау облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі және Алматы басқару университетінің ұйымдастыруымен Каспий маңы мемлекеттері жастарының I халықаралық форумының ашылуы болды.

Форумда Әзірбайжан елінен Әзірбайжан Республикасының жастар және спорт министрінің орынбасары Интигам Бабаев бастаған бір топ делегация қатысты. Әзірбайжан Республикасының Бас консулдыңының басшысы - Эльхан Зейналов, Ұлттық кеңес төрағасының орынбасары (Әзірбайжан) – Айсун Зейналова, Фаиг Гурбатов – Әзірбайжан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар қорының штабының бастығы сияқты қонақтар форумға белсенді қатысып, тәжірибе алмасты [5].

Қазақстан-Әзербайжан қатынастары Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 2005 жылы мамырда Баку қаласына жасаған ресми сапарының қорытындысында қол қойылған Стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастар туралы шартқа сәйкес Маңғыстау облысы мен Әзербайжан Республикасымен дамып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі <http://mfa.gov.kz/>
2. Азаттық радиосы <https://www.azattyq.org>
3. Маңғыстау облыс әкімдігінің ресми интернет – ресурсы <http://mangystau.gov.kz/>
4. Қазақстанның жаңалықтары. Ақпараттық порталы «Бақ.kz» <https://baq.kz>
5. Маңғыстау облыс әкімдігінің ресми интернет – ресурсы <http://mangystau.gov.kz/>

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МЕНШІГІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚТАРДАН ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Алибеков С.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ғылыми мақалада меншік қатынастарын криминалдық қатерлерден қорғау және экономикалық қызмет саласындағы қатынастарды қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау жүйесін қалыптастыру мәселесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: қылмыстық қатерлердің алдын алу; меншік қатынастары; әлеуметтік профилактика; коррупция; ұйымдасқан қылмыс; қылмыскерді әшкерелеу.

Азаматтардың қауіпсіздігін қылмыстық қатерлерден қамтамасыз ету, оларды қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау – әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда жеке адамды, сондай-ақ қоғамды әртүрлі қылмыстық құқықтық іс-әрекеттерден әлеуметтік тұрғыдан қорғауды қылмыстылықпен күрес жүргізудің басым бағыты ретінде қарастыру қажет. Осы орайда әлеуметтік қорғау қылмыстылықпен күрес жүргізуде оның алдын алуға негізгі маңыз береді. Бұл жерде, қылмыстылықтың әлеуметтік құбылыс екендігін, оның әлеуметтік детерминациямен байланысты себептері қоғамның негізінен бастау алатындығын айтып отырмыз. Әлеуметтік қорғаудың басты идеясы келесідей тұжырымдарға келіп саяды: қазіргі заманға лайықты қоғам құрудың барысында, қылмыстылықпен күресудің ақылға қонымды жүйесін құруға тырысу. Бұл үшін оның қауіпсіздігін қылмыстық қатерлерден қамтамасыз ету және азаматтарды қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау қажет болды.

Осының барысында негізгі ойды түйіндеуге болады: қылмыстылықпен күрес жүргізудің ақылға қонымды саясаты тұтастай алғандағы әлеуметтік-экономикалық өмірді ақылға қонымды, жоспарлы түрде құруды қарастырады. Олай болса, бұл саясатты жалпы саясаттан, мемлекеттің ұлттық саясатынан ажыратып қарастыруға болмайды. Негізінен алғанда жеке тұлғаны және қоғамды әлеуметтік қорғауға бағытталатын қылмыстың әлеуметтік профилактикасының да мәнісі осында.

Қылмыстың әлеуметтік профилактикасы және қоғамға жат өмір салтын ұстанатын тұлғаларға құқықтық ықпал ету – бұл қоғамды және жеке тұлғаны әлеуметтік қорғау концепциясында бұрын олқы соғып тұрған екі элемент болатын. Сондықтан осындай концепция қылмыстың алдын алу жүйесін дұрыс негізде құруға қауқарсыз болып келген еді. Бұрынғы концепция әлеуметтік қорғауды құқықтық нормалар жиынтығының қасаң шеңберінде ғана көруге тырысатын. Қазіргі концепция әлеуметтік қорғаудан нақ осы әлеуметтік проблеманы айқындауға тырысады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау алдыңғы кезекке қойылады. Заңды меншікті, оған деген құқықты қорғау, азаматтардың тиісті деңгейдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.

Меншік құқығы толық көлемінде ҚР Конституциясымен және басқа заңдармен реттеледі. Меншік қатынастарының қалай болғанда да құқықтық қатынастармен соқтығысатындығын басшылыққа алу қажет. Олар бірі-бірінен өзінше өмір сүре алмайды десе де болады. Бұл жерде көптеген соның ішінде криминологиялық, қылмыстық құқықтық аспектілер бар. Криминологиялық және қылмыстық құқықтық көзқарас тұрғысынан

меншік қатынастары көп жағдайларда қылмыстық жүріс-тұрыстарға бастау болады. Кейбір реттерде меншікке қарсы, экономикалық қылмыстылық құқыққа қайшы меншік қатынастарының нәтижесі деген де пікірлер айтылады [1].

Меншікке қарсы қылмыстар қылмыстылықтың құрылымында оның сандық жағын айқындай отырып, әрдайым маңызды орын алып келген болатын. Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың қалай өзгергеніне қарамастан қылмыстың аталған түрлері қылмыстылықтың сапалық мазмұнын сипаттай отырып, өздерін қоғамдық қауіптілігі жоғары іс-әрекет ретінде көрсеткен. Еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік өмірінде жүзеге асырылған реформалардың нәтижесінде қоғамдағы меншік ұғымына деген көзқарас түбегейлі өзгеріске ұшырап жаңа мазмұнға ие болды.

Меншікке қол сұғу қоғамдық қатынастардың қалыпты дамуын бұзады жеке адамға, қоғамға және мемлекетке қарсы тұрады олардың қалыпты өміріне нұқсан келтіреді [2]. Осыдан меншікке қол сұғудың қоғамдық қауіптілігі де көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда ұйымдасқан меншікке қарсы қылмыстылық ерекше қауіпті құбылыс болып табылады. Осы аталған ұғымыды жалпы алғандағы ұйымдасқан қылмыстылық ұғымынан бөле-жара қарастыру әрине қиын, дегенмен экономика өрісіне қатысты айтар болсақ өзіндік ерекшеліктердің бары рас.

Ұйымдасқан қылмыстылыққа сипаттама бере отырып В.В. Лунеев ең алдымен оның көлеңкелі экономикамен және заңсыз қаржы көздерімен байланысты екендігіне назар аударады «халықты жаппай тонау, тапсырыспен кісі өлтіру, адамдарды кепілге алу, көшелерде ашықтан ашық зорлық, күш қолдану, рэккет, терроризм осылардың барлығы қылмыстылықтың берілген түріне тән болады» [3]. Экономика, қаржы, меншік – ұйымдасқан қылмыстың негізгі элементтері болып табылады. Оның барысында негізіне алғанда пайдакүнемдік мақсаттарға қол жеткізу пиғылындағы және сол пайданы табу үшін «экономикалық оқиғаларға» бақылау жасау үшін қылмыстар жасалады.

Қазіргі уақытта ұйымдасқан қылмыстың ұлттық байлықтарды иеленіп алуға тырысушылығы анық байқалады және де бұл жерде коррупция ерекше маңызды орын алады. Коррупцияның барынша кең көлемде көрініс беруі нақ осы экономикамен, қаржымен, меншікпен байланысты болып отырғаны аян. Коррупция меншік қатынастарын, экономиканы қылмыстық ортаның бақылауына қоюдың тәсілі ретінде пайдаланылады. Бұл жердегі мақсат біреу экономикалық жүйені коррупциялау және оны мафияның бақылауға алуы мен қылмыстық реттеу деңгейіне алып шығу.

Коррупция немесе сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан экономикалық қылмыстылықпен тығыз байланысты әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік және басқа қызметкерлерді сатып алумен және осы негізде оларды жеке немесе топтық, корпоративтік мақсаттарда пайдаланумен сипатталады. Кейбір реттерде коррупция «мемлекеттік билік және басқару органының лауазымды тұлғасының өзінің қызметтік жағдайын баю мақсатында пайдакүнемдікпен пайдалануынан көрініс табатын әлеуметтік құбылыс» деген анықтама беріледі. Аталған құбылыс сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстардың жиынтығы болып табылады. Шындығында бұл криминалды экономикалық сала.

Құқық қорғаушылық қызмет – бұл біріншіден меншік қатынастары, экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстарды анықтау, тосқауыл қою, ашу және оларды жасауға кінәлі тұлғаларға заңмен қарастырылған шараларды қолдану бағытындағы қызмет, екіншіден, аталған қылмыстармен келтірілген залалды өтеуге, жәбірленушілердің қылмыстан бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіретін, құқықты қалпына келтіруші қызмет болып табылады.

Қылмыстылықпен күрестің жалпы ұйыдастырылуы өзінің құрамына келесі мәселелерді кірістіреді: ақпараттық – талдау қызметі, болжамдау, қылмыстылықпен күрес жүргізудің стратегиясын айқындау, құқықтық реттеу мәселелері және т. б.

Осы айтылғандардың барлығы өз кезегінде меншікке қарсы қылмыстылықпен күрес жүргізудің келесідей басым, басты бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді:

- . қылмыстарды анықтау және тіркеу, латенттік (жасырын) іс әрекеттерді барынша шектеу, қылмыскерлер мен жәбірленушілердің есебін жүргізу;
- . қылмыстан сақтандыру, ойластырылған іс әрекеттердің алдын алу және дайындалу үстіндегі әрекеттерге тосқауыл қою;
- . қылмыстарды ашу, қылмыскерлерді іздестіру және әшкерелеу, жазадан құтылмаушылықты қамтамасыз ету;
- . қылмыскерлерді түзету.

Осы айтылғандар әрине қылмыс атауымен күрес жүргізуді ұйымдастыру барысында жалпы басшылыққа алынатын бағыттар болып есептелінеді сондықтан меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстылыққа байланысты төмендегілерді айырып атап көрсеткен дұрыс деп санаймыз:

- . ұйымдасқан қылмысқа қарсы шаралар алу, қылмыстық топтар мен қауымдастықтарды ыдырату, оларды бейтараптандыру;
- . сыбайлас жемқорлықпен күресу;
- . меншікке қарсы қылмыстардың жекелеген түрлерінің, санаттарының және топтарының алдын алу;
- . қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және меншік қатынастары өрісіндегі құқық тәртібін нығайту;
- . меншік қатынастары өрісінде орын алатын қылмыстық қатерлерден азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адамды оның меншігіне қылмыстық қол сұғудан қорғау

Жоғарыда атап көрсетілгендердің негізінде, меншікке қарсы қылмыстылықпен күрестің жалпы ұйымдастырылуы төмендегідей мәселелерді қарастыруы тиіс:

- меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстылықпен күрес үрдістерін басқару;
- . қылмыстылықтың берілген түрімен күрес үрдісін басқарудың ақпараттық жағынан қамтамасыз етілуі;
- . меншік қатынастары, экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстылықпен күрес шараларын талдау, болжамдау және жоспарлау;
- . көрсетілген саладағы қызметті үйлестіру және бірігіп әрекет ету;
- . меншік қатынастарына қарсы бағытталған қылмыстылықпен күрес бойынша қызметті құқықтық реттеу және аталған қызметтің кадр және ресурс жағынан қамтамасыз етілуі;
- . меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстылықпен күрес мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеу, іс тәжірибелерін талдау және зерттеу нәтижелерін іс тәжірибелеріне енгізу;
- . меншік қатынастарына қарсы бағытталған қылмыстылықпен күрес жүргізудің стратегиясы мен бағдарламасын жасақтап жүзеге асыру, меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстылықпен күрес жүргізу үрдісіне бақылау жасауды қамтамасыз ету;
- . көрсетілген қызметтің нәтижелеріне тиісті бақылау мен ұдайы қадағалауды жүзеге асыру, меншік қатынастары және экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстылықпен күрестің тиімділігін бағалау.

Жоғарыда көрсетілгендерді тиісті деңгейде жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін, біздің ойымызша, меншік қатынастары өрісінде жасалатын қылмыстардың криминологиялық зерттелуі және экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстылықпен күресуді ұйымдастырудың өзара тығыз байланыстылығы орын алады.

Біріншіден, аталған ұйымдастырудың өзі де криминологиялық негіздеуді талап етеді. Бұл жерде әңгіме, ұйымдастырушылық немесе басқарушылық шешімдердің криминологиялық негіздемесі туралы болып отыр.

Екіншіден, соның шеңберінде ұйымдастыру жүзеге асырылатын экономикалық қылмыстармен күрес жүргізу саясатының өзі де криминологиялық зерттеулерге негізделмей жүзеге асырыла алмайды. Басқа сөзбен айтар болсақ қылмыстылықтың берілген түрімен күрес жүргізу саясаты – қарастырылатын мәселенің өзегі. «Қылмыстылықпен күрес саласындағы кез келген қызмет – аса маңызды саяси аспект, қылмыстылықпен күрес саясатының негізгі бағдарламасы» [4].

Басқаша айтқанда, меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстылықпен күрес бұл – тиісті бағдарламаның, экономикалық, әлеуметтік саясаттың бөлшегі болып табылады. Біздің еліміздің экономикалық дамуының негізгі бағыттары жоғарғы дәрежедегі жалпылама құжат болып табылғандықтан ол аталған дамудың тұжырымдамасын көрсетеді, олар әлеуметтік дамудың аса маңызды мәселелері бойынша мақсатты бағдарламаларда жасақталады және нақтыланады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстылықпен күрес бағдарламасы да осындай мақсатты бағдарламалардың бірі бола алатындығы айқын. Ол тиісті перспективалық жоспарлармен тығыз байланысты болуы тиіс және оның негізгі идеялары экономикалық және әлеуметтік дамудың концепцияларында қарастырыла алады. Бұл мәселе бағдарламаның жасақталуы барысында экономикалық қылмыстылықпен күресті ұйымдастыруға қатысты саяси құжаттарда да өз шешімін табуы тиіс. Оларда экономикалық іс-әрекеттердің және қылмыстық жазаланушылықтың, меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстар үшін жауаптылықтың «шеңберін» айқындайтын заңнама да көрініс табады.

Басқаша айтар болсақ, меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстылықпен күресті ұйымдастырудың негізгі бөлшегі болып қылмыстық заң табылады және де ол заң төмендегідей сұрақтарға жауап береді: нақты не нәрсе меншік қатынастары өрісіндегі қылмыс болып табылады, іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігі қандай, қандай нақты құндылықтар қорғауға алынады және олардың қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі. Қылмыстық заңның мақсаттарының бірі меншіктің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заңнамалық негізін тұжырымдау, меншік және экономикалық қызмет саласындағы қылмыстылықпен күрес саясатының құқықтық мәселелерін айқындау болып табылатындығы белгілі.

Меншік қатынастары және экономикалық қызмет саласындағы қылмыстылықпен күрес саясаты Қазақстанның мемлекеттік саясатының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан да оның ұғымын анықтау барысында мемлекеттің жалпы саясатын басшылыққа алу қажет. Бұл саясат меншік қатынастары және экономикалық қызмет өрісіндегі қылмыстылықпен күресудің негізгі бағыттарын, мақсаттары мен құралдарын айқындайды және нақты мемлекеттік құжаттарда, құқық нормаларында және мемлекеттік органдардың қызметтерінде өзінің көрінісін табады. Меншік қатынастары өрісіндегі қылмыстылықпен күрес саясаты қылмыстылықпен күресудің мемлекеттік саясатының құрамдас бөлігі болып табылса, ал ол өз кезегінде құқық қорғау саясатының бөлшегі ретінде қарастырылады. Алайда осылардың барлығы әлеуметтік саясаттың құрамына кіргізіледі.

Меншік қатынастары және экономикалық қызмет саласындағы қылмыстылықпен күрес жүргізу саясаты сонымен бірге өзінің ішіне аталған қылмыстардың алдын алудың бастапқы талаптарын, тиісті шаралардың кең көлемін жасақтау мен жүзеге асыру жолымен меншіктің барлық түрлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, криминализациялау мен декриминализациялауды бекітетін құқықтық нормаларды жасау мен қолдануды тұжырымдайтын мемлекеттік саясаттың бір бағыты болып табылады.

Біздің ойымызша, меншікке қарсы қылмыстар, сондай-ақ көптеген өзге де іс-әрекеттер – мәңгі құбылыстар. Оларды толықтай құрту мүмкін емес шығар. Олар бұрын да болған, қазірде бар және болашақта да кездесетін шығар. Меншікке қарсы қылмыстар меншік қатынастары бар жерде әрдайым орын алады.

Әңгіме олардың деңгейін, қарқындылығын әлеуметтік қақтығыстарға алып келмейтін, қоғамда жаппай наразылықтың туындауына себепші болмайтын деңгейде ұстап тұру туралы болғаны дұрыс шығар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Яковлев А.М. Социология экономической преступности. – М., 1988. – 225 с.
2. Игнатенко Н.Т. Преступления в сфере новых рыночных отношений и проблемы собственности. – Нижний Новгород, 1996. – 241 с.
3. Лунеев В.В. Преступность XX века. Мировой криминологический анализ. – М., 1997. – 308 с.
4. Боков А.В. Криминология и управление в сфере борьбы с преступностью. – М., 2002. – 201 с.

ӘОЖ 338.121

ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗДМЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Кирбасова Л. Ғ.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кездегі елімізде жаңа технологиялардың іске қосылуы, оларды пайдалану, сонымен қатар аймақ деңгейінде жаңа технологияларды құрастыру және пайдалану көрсеткіші бойынша жоғары жетістікке жеткен облыстар мен қалалар қарастырылған. Заман талабына сай инновациялық қызметтің, саясаттың жандануы кең өріс алууда.

Түйінді сөздер: инновация, инновациялық қызмет, инновациялық саясат, инновациялық стратегия, бәсеке, бәсекелес аймақтар, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі

Қазақстан Республикасының дамуының қазіргі замандағы мәселелерінің бірі нарық жағдайында мемлекеттік аймақтық инновациялық саясатты қалыптастыру, оны жүзеге асырудың құрлымын жасау болып табылады. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік инновациялық саясатын жасау қандай салалар экономикалық өсудің генераторы болғандығы және инновациялық ресурстардың дайын болу мүмкіндіктері және ғылыми-техникалық үдерісті басқарудың теңдей ұйымдастырушылық құрылымын жасаудың қажеттілігі туралы маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдауды талап етеді. Экономикалық саясат пен мемлекеттік стратегияның маңызды басылымдылықтарының бірі аймақтардың инновациялық белсенділігін күшейту болып табылады. Осыған орай 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының инновациялық саясатты ұйымдастыру және дамыту тұжырымдамасы бекітілген. Аймақтың инновациялық саясатының стратегиясы экономикадағы құрылымдық өзгерістерді және олардың орындауда мемлекеттік қолдауды қамтамасыздандыру болып табылады. Аймақтың инновациялық дамуының стратегиясы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік инновациялық саясатының принциптеріне негізделген және Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнеркәсіптік саясатымен өзара байланысқан, облыстың табиғи-ресурстық, кадрлық, ғылыми-техникалық потенциалын ескереді. Сонымен қатар, аймақтық экономиканың жағдайы, мемлекеттің инвестициялық саясаты ескере отырып жасалды, бірақ мұнда қарастырылған іс-шаралар макроэкономикалық деңгейде қамтыла отырып, аймақтық деңгейде инновациялық саясатты жүзеге асыру тәжірибелері қарастырылмаған. Жалпы, аймақтық инновациялық саясат тұжырымдамасында аймақтық ғылыми-инновациялық даму бағыттары туралы нақтыланып көрсетілмеген және аймақтық инновациялық бағдарламаны дамыту іс-шаралары көбіне технопарктер арқылы жүзеге асырылу жолдары қарастырылған [1]. Инновациялық қызметті жүзеге асыруды әртүрлі территориялық бірліктердің орналасуына байланысты және олардың түрлі ғылыми-техникалық үрдіске икемделуін қарай анықтауға болады.

Компанияның инновациялық қызметінде ғылыми, ғылыми-техникалық және интеллектуалдық жаңа немесе жақсы өнім алу мақсатында, оларды өндірудегі қажеттілікті, индивидуалдық сұранысты және жаңалыққа қоғамның сұранысын жаңа тәсілмен қанағаттандыру мақсатында құрылымдық қызметкерлер жасайтын жүйесі бар. Техникалық жаңартулардың нұсқаларын орынды таңдау нақты жағдайға, жаңалықтың ерекшелігіне, бағытқа сәйкестілігіне, ресурстық-ғылыми-техникалық кәсіпорын дамуына, нарық талабына, техника және технологияның ерекше қажеттілігі мен өмірлік циклмен байланысында.

Қазіргі күнде аймақтарда жаңашылдық үрдісін қолдану деңгейі ыңғайластырылмаған, бұл өз кезегінде олардың территориялық сәйкессіздігін көрсетеді. Осындай жағдайда батыс ғалымдарының ұсынған инновациялық қызметті жүзеге асырудың аймақтың типологиялық тұжырымдамасын қолдануға болады:

- креативті және инновациялық аймақ – апробациялық базасының жаңарту ғылыми орталықтары бар;
- адаптивтік аймақ – инновациялық жағдайдың кеңіне таралуы;
- консервативтік аймақ – көптеген инновациялық ареалдың жарамсыздығы.

Креативтік, адаптивтік және консервативтік тұжырымдамаға байланысты, аймақтың дамуы инерциялық мөлшері мен инерциялық қозғалысының теңсіздігін білдіреді. Олар географиялық орналасуына байланысты «орталық – орта шет – шет» шарты бойынша аймақаралық және ішкі аймақтық деңгейде орналасқан [2]. Инновациялық саясатты жүзеге асырудың аймақтың типологиялық тұжырымдамасына қарай Қазақстан аймақтарын топтастыратын болсақ, онда мынадай аймақтарға бөлуге болады:

Бірінші топқа – инновациялық аймақтар жатады. Бұл топқа бірінші Алматы қаласы кіреді, ғылыми потенциалының және қаржы ресурстарының көп бөлігі шоғырланған және басқа аймақтармен салыстырғанда кәсіпкерлік жағдайы жақсы дамыған. Сонымен бірге, Астана қаласы кіреді, оның астаналық мәртебесі, қомақты қаржы ресурстарының, белсенді жұмыс күшінің орналасуы. Бұл аймақтар ірі инновациялық қызметтерде көшбасшы деуге болады және қолдану артықшылықтары да бар.

Екінші топқа – креативті аймақтар жатады. Бұл топқа ескі индустриялық аймақтар кіреді: Қарағанды, Шығыс-Қазақстан, Павлодар облыстары. Бұл аймақтарға өңдеу өнеркәсібі және ғылыми потенциалының дамуына байланысты Оңтүстік Қазақстан облысында қосуға болады. Ал Батыс-Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында ескі өнеркәсіп кәсіпорындары сақталған. Бұл аймақтардың өзбетінше инновациялық қызметті жүзеге асыруы мүмкіндігі бар және инновациялық жобаларды сырттан да игеруге қабілетті бар.

Үшінші топқа – адаптивті аймақтар жатады. Мұнда шикізаттық аймақтар кіреді: Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстары. Қарқынды түрде шикізат ресурстарын игеруіне байланысты бұл аймақтардың инвестициялық және экономикалық белсенділігі жақсы дамыған. Осы арқылы аймаққа қомақты қаржы ресурстары жұмылдырылуда және шетелдік капиталдарды игеруде, бұл аймақтарда инновацияны жақсы игере алатынын көруге болады.

Төртінші топқа – консервативті аймақтар жатады. Бұл аймақтарға аграрлық аймақтар кіреді: Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай облыстары. Инновациялық жағдайының төмендігіне, өнеркәсіп орындарының болмағандығы, аграрлық секторды ғана қолдануына байланысты, бұл аймақтарда инновациялық қызмет жақсы дамымаған.

Қазіргі глобализациялық және постиндустриялық трендтердің даму шарттары біріншіден жоспарда көрсетілген ғылыми технология, білім, инфрақұрылым жоғарлауы, микро шаруашылығына байланысты болуы. Осы шартқа байланысты аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемесі көзгереді. Мысалы, Европалық жағдайда аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау құрылымдық факторларына байланысты, адам капиталы және информациялық технология, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық зерттеу мен инновация жүйесі ұзақ мерізімді және бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Қазақстанда инновациялық саясатты аймақтарда дамыту үшін әртүрлі әдістер мен формаларды қолдануға болады. Жалпы, инновациялық қызметтің дамуын бағалау көрсеткіштерін ескере отырып, аймақтардың шаруашылық қайта құрылымдауға және технологиялық жаңаруға дайын екенін анықтау керек. Біріншіден, аймақтың индустриялық даму деңгейін анықтау, бұл басты көрсеткіштерді жүйелеу арқылы аймақтардағы кәсіпорындардың өндірістік қуаттылығын бағалаудан тұрады. Екіншіден, аймақтардың инновациялық даму мүмкіндігін ескеру қажет. Көптеген аймақтарда инновациялық жағдайы төмен және оларды сыртқы инновациялық жағдайларға бейімдеу керек. Үшіншіден, шетелдік инвестиция мен жұмыс күшінің келуі бәсекелес аймақтар үшін маңызды, ол аймақтардың кәсіпкерлік қызметін дамытады және халықтың өмір сүру қабілеттілігін жақсартады [3].

Қазақстанда инновацияға өте аз шығындар жұмсайды, басқа елдердің ЖҰӨ-імен салыстырғанда 0,3% ғана құрайды. Бірақ тенденциялық даму көрсеткіштері абсолютті және қатыстылық түрде орын алады. Ұйымдардың инновацияға жұмсаған шығындары айрықша дамуын көрсете алады. Инновациялық белсенді ұйымдардың саны уақытына қарай азайғанын, сол арқылы инновациялық өнім көлемі де төмендеді. Орта жылдық көрсеткіштер бойынша инновациялық белсенді кәсіпорындар саны да төмендеуде. Бүгінгі күнде елімізде жаңа технологиялар мен пайдаланылған жаңа технологиялар көлемі ұлғайуда. Аймақ деңгейінде жаңа технологияларды құрастыру және пайдалану көрсеткіші бойынша жоғары жетістікке жеткен Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы. Отандық кәсіпорындардың бүгінгі күндегі инновациялық қызметті қолдану дәрежесі күн санап артып келеді. Жалпы аймақтар деңгейінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін қарастыратын болсақ, жоғары инновациялық белсенділікке Алматы, Астана қалалары, Қарағанды, Жамбыл облыстарының кәсіпорындары жоғары дәрежеде пайдаланып отырғанын көруімізге болады. Қазақстанда кәсіпорындардың қаншалықты инновациялық белсенділігін Ұлттық статистика агентігі жылдық көрсеткіштерін анықтап отырады және аймақтардағы барлық кәсіпорындарының инновациялық қарқынын көрсетеді. Қазақстанда инновациялық белсенділік төмен дәрежеде екенін мәліметтерде көрсетілген. Инновациялық белсенділік үш аймақта ғана 5% -дан жоғары, олар Жамбыл облысы, Қарағанды облысы мен Алматы қаласы. Қазіргі таңда өндірістік өнімнің шығарылуында инновациялық өнімінің көп үлесі Ақмола және Қарағанды облыстарында шығарылады. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау

облыстарында инновациялық өнімін өндіру төмен дәрежеде. Басқа аймақтарда инновациялық өнімнің үлесі 2%-тен 5%-ке дейін ғана, бұл өте төмен көрсеткіш. Жалпы елдермен салыстырғанда 2,4% ғана көрсетеді. Ел аймақтарының экономикалық жаңарудың инновациялық-технологиялық әлеуетіне талдау жасау арқылы мынадай қорытындыға келеміз:

- ЖҰӨ-нің ғылымға деген шығынының үлесінің аз болуы;
- зерттеушілер санына қарағанда зерттеу ұйымдарының саны тез өсуде;
- мемлекеттік ұйымдарда жұмыс жасайтын зерттеушілердің үлесі азайуда;
- ғылыми сфераға деген инвестиция өсуде, ғылымға жас кадрлардың келуін қамтамасыз етуде;
- Қазақстанда пайдаланылған технологияға қарағанда шығарылатын технология артуда;
- кәсіпорынның инновациялық белсенділігі өте төмен;
- барлық өндірістік өнімінің шығарылуында инновациялық өнімнің үлесі төмен[4].

Аймақтық инновациялық саясатты жүзеге асыру механизмдерін орындау жоғары технологияларды пайдалану аймақтық орталықтарын дамыту негізінде жаңа технологиялар сферасына дамыту стратегиясы; аймақтағы кәсіпкерліктің тәуекелді ынталандыру; аймақтың өнеркәсіптік-өндірістік сферасын дамыту және жандандыру; инновациялық қызмет көрсетулер нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру қажеттілігін дәлелдейді. Аймақтарда инновациялық қызметті табысты жүзеге асыру үшін инновациялық қызметті қамтамасыз етуші және инновациялық даму талаптарына және сипаттамалары сай ұйымдар мен кәсіпорындардың жиынтығы ретінде инновациялық саланы талап етеді. Қазақстан өңірлерінде инновациялық қызметтің қазіргі жағдайын ескере отырып, оны жетілдірудің төрт негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- аймақтық инновациялық жүйенің ұйымдастырушылық құрылымын құру;
- инновация үрдісіне аймақтағы шаруашылық субъектілерді интеграциялау;
- аймақтардағы бар ғылыми әлеуетті және жоғары технологиялық мүмкіндіктерді тиімді қолдану;
- қолданыстағы өндірістік әлеуетті арттыру және тиімді пайдалану.

Аймақтағы экономикалық субъектілердің инновациялық дамуы үшін инновациялық саясаттағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру мақсатында инновациялық саладағы барлық элементтерді қайта құрылымдауды жасауға мүмкіндік беретін әртараптандырылған құралдардың икемді жүйесі қажет. Аймақтың инновациялық даму үрдісін жүзеге асыру бірінші кезекте механизмдерді әзірлеумен байланысты, сонымен қатар бұл инновациялық экономиканы дамытуды қолдау мақсатында қоғамдық қатынастардың барлық саласын қайта құруға мүмкіндік береді. Осылайша, аймақтардың инновациялық даму механизмін жетілдіру мәселесін шешу тұтастай аймақтық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, аумақтық және экономикалық мүдделер ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін аналитикалық құралдарды әзірлеу қажеттілігін анықтайды. Аймақтың инновациялық даму механизмдері құрамына келесі құралдар жиынтығын кіргізу қажет:

- өңірдің инновациялық әлеуетін бағалау;
- ғылыми-техникалық нәтижелерді беру тетіктерін әзірлеу;
- инновациялық қызметті қаржыландыру тетігін әзірлеу.

Осы механизмнің жұмыс істеу нәтижесі аймақтық инновациялық саланың жан-жақты, мақсатты жаңғырту болуы тиіс және де, оның институционалдық ортаны, инфрақұрылымды, қаржыландыру жүйесін және басқару тетіктерін қалыптастыруды жетілдіру арқылы көрініс табуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы.

2 А.К. Туленбаев Инновация в науке Казахстан. – Деловой мир Казахстана, 2008.

3 Герасимов А.В. Инновационный потенциал регионов: теория практика. М.: Наука-Бизнес-Паритет, 2012.

4 Г.Т. Мустапаев «Инновационный механизм повышения конкурентоспособности регионов». Астана: Елорда, 2011.

УДК 342.7

ПРАВО ГРАЖДАН НА УЧАСТИЕ В ГОСУДАРСТВЕННОМ УПРАВЛЕНИИ

Кобегенова Г. Ж.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье рассматриваются вопрос возможности реализации права граждан в управлении государством. Автор анализирует формы непосредственного осуществления гражданами политической государственной власти, а также систему экономических, политических, организационных и юридических гарантий прав и свобод граждан.

Ключевые слова: государство, граждане, управление государством, государственные органы, права и свободы граждан.

Принципиальной особенностью современного государственно-правового развития Республики Казахстан является всеобъемлющий характер модернизационных процессов, затронувших все институты социальной, политической и экономической сфер жизнедеятельности переходного общества и государства. Дело в том, что конституционные реформы 1995 года до сегодняшнего дня не завершили переходный процесс в развитии современного казахстанского общества и государства: наоборот, политическая практика четко показала, что переходный период развития страны должен охватить временной отрезок, в течение которого будут заложены основы демократического, правового, социального и светского государства, гражданского общества и рыночной экономики, соответствующие общецивилизационным критериям. И именно в переходности современных политических, социальных, экономических и иных процессов, протекающих в стране, лежат корни фундаментальной ускоренной модернизации общества и государства [1].

В ежегодном Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» отмечается: «Каждый казахстанец должен четко понимать суть проводимых реформ и важность в деле процветания нашей Родины. Для успешной реализации сегодня как никогда важна консолидация общества вокруг общих целей» [2].

Современное конституционное развитие Республики Казахстан является составной частью политической модернизации казахстанского общества. Демократические институты и процедуры неразрывно связаны с принципами, нормами

и институтами действующего конституционного права как ведущей отрасли правовой системы страны. В этой связи в ежегодных Посланиях главы государства народу Казахстана первостепенное внимание уделяется вопросам участия граждан в государственном управлении, важной гарантии построения демократической правовой государственности, гражданского общества и рыночной экономики. Важной составляющей частью конституционного строя являются политические отношения, закрепляющие политическую систему государства.

В политическую систему входят следующие составные части: народовластие, государство и его органы, политические партии, профессиональные и иные общественные объединения. Четкая координация и согласованность функций элементов политической системы обуславливают эффективность конституционного строя, его успешное функционирование на демократической основе. Очевидно, что вопросы участие граждан в управлении делами государства может осуществляться или через непосредственные формы (путем проявления своей воли на референдуме, выборах, а также личного участия в деятельности органов власти), либо с помощью представительных форм (через избираемых в органы государственной власти депутатов, институты политической системы и т.д.).

Любое государство не может существовать без профессионального управленческого аппарата, однако, для того, чтобы он не встал над народом, в демократическом государстве существует система социального контроля за составом и деятельностью государственного аппарата, для чего в нормах конституционного права имеются соответствующие институты.

Граждане совместно с другими гражданами страны управляют (участвуют в управлении) делами государства на конкретной территории. Управление делами государства, будучи разновидностью социального управления, «есть только там, где имеет место совместная деятельность людей».

Конституционные права, свободы и обязанности всегда представляют собой систему. Все они, закрепленные во 2-й главы Конституции Республики Казахстан, выступают как некое единое целое, что обусловлено единством исходных принципов, прежде всего, равноправия и социальной справедливости, вытекающих из теории естественного права.

Оно является выражением суверенитета народа и формой осуществления им своей власти, признаком демократии и конкретным выражением принципа народовластия.

Это право признается важной формой участия граждан и их объединений в управлении делами государства. Закрепленное в законодательстве право участвовать в управлении делами государства является наиболее общим политическим правом граждан Республики Казахстан, включающим права, предусмотренные в Конституции. В соответствии с Конституцией Республики Казахстан граждане участвуют в управлении делами государства не только непосредственно, но и через своих представителей, избранных в органы государственной власти и органы местного самоуправления.

Формами непосредственного осуществления гражданами политической государственной власти являются: референдумы, всенародное голосование по вопросам государственной и местной жизни, все виды участия в выборах в органы государственной власти и местного самоуправления.

За каждым закреплено право на объединение в общественных организациях, включая право создавать политические партии для непосредственного решения государственных проблем, профсоюзы для защиты своих производственных, социальных и других интересов, достижения установленных целей и т. д.

Согласно п.1 статьи 33 Конституции Казахстана, граждане Республики Казахстан имеют право участвовать в управлении делами государства непосредственно и через своих представителей, обращаться лично, а также направлять индивидуальные и коллективные обращения в государственные органы и органы местного самоуправления.

П. 2 ст. 33 Конституции Граждане Республики имеют право избирать и быть избранными в государственные органы и органы местного самоуправления, а также участвовать в республиканском референдуме.

П.3 ст. 33 Конституции не имеют права избирать и быть избранными, участвовать в республиканском референдуме граждане, признанные судом недееспособными а также содержащиеся в местах лишения свободы по приговору суда.

Граждане Республики имеют равное право на доступ к государственной службе. Ст. 33 Конституции требования, предъявляемые к кандидату на должность государственного служащего, обуславливаются только характером должностных обязанностей и устанавливаются законом.

Таким образом, можно выделить несколько форм непосредственного политического волеизъявления народа:

- во-первых, это парламентские выборы;
- во-вторых, голосование во время проведения референдума;
- в-третьих, через посредство специальных органов [3].

Важнейшей формой прямого народовластия является референдум. Референдум - это всенародный опрос, в котором принимают участие все граждане государства, имеющие избирательные права. Он проводится по особо важным вопросам государственной либо общественной жизни.

В п. 2 статьи 3 Конституции Казахстана говорится, что народ осуществляет власть непосредственно через республиканский референдум и свободные выборы, а также делегирует осуществление своей власти государственным органам.

Никто не может присваивать власть в Республике Казахстан. Присвоение власти преследуется по закону. Право выступать от имени народа и государства принадлежит Президенту, а также Парламенту Республики в пределах его конституционных полномочий. Правительство Республики и иные государственные органы выступают от имени государства в пределах делегированных им полномочий.

Таким образом, в Конституции закреплены основы представительной демократией, что означает свободу народа выдвигать своих представителей для управления государством, т. е. для принятия решений, выражающих волю народа.

Итак, граждане Казахстана участвуют непосредственно в формировании представительных органов всех уровней: от районных, городских, областных маслихатов до Парламента Республики.

Права и свободы граждан в сфере государственного управления, так же как и в других сферах общественной жизни, реально обеспечиваются социально-экономическими условиями. В нашей стране существует система экономических, политических, организационных и юридических гарантий прав и свобод граждан

Экономические гарантии - это материальные условия для фактической реализации прав и свобод граждан. Они базируются на экономической системе Казахстана, основу которой составляют частная, государственная, и иные формы собственности.

К политическим гарантиям относятся:

- принадлежность государственной власти народу;
- соблюдение и защита прав и свобод человека и гражданина государством;
- широкие возможности для участия граждан в управлении делами государства и общества.

Юридические гарантии - это система правовых норм, определяющих условия и порядок реализации прав и свобод граждан, а также средства их охраны и защиты. Ведущее место в этой системе принадлежит конституционным нормам, которые устанавливают, например, гарантии прав и законных интересов граждан путем предоставления им права:

- обжаловать решения и действия органов государственной власти, органов местного самоуправления, общественных объединений и должностных лиц;
- на судебную защиту от посягательств на честь и достоинство, жизнь и здоровье, на личную свободу и имущество;
- на возмещение государством ущерба, причиненного незаконными действиями (или бездействием) государственных органов и их должностных лиц.

Административно-правовая охрана прав и свобод граждан регламентируется нормами административного законодательства, которые регулируют порядок реализации права граждан на государственную службу, образование, пользование достижениями культуры и др. Они оберегают жизнь и здоровье, честь, достоинство, личную свободу граждан, устанавливая правила поведения в общественных местах, правила пожарной безопасности, правила дорожного движения и др. Наряду с наличием административно-правовых норм, содержащих гарантии против любых нарушений прав и свобод граждан, важная роль в их охране административно-правовыми средствами принадлежит органам исполнительной власти и их должностным лицам. Органы призваны защищать жизнь, здоровье, права и свободы граждан, собственность, обеспечивать личную безопасность от преступных и иных противоправных посягательств.

Вместе с тем законодательством предусматриваются специальные гарантии охраны прав и свобод граждан в государственном управлении. К ним относятся право и обязанность вышестоящих органов исполнительной власти осуществлять контроль за работой нижестоящих органов, в частности за правоприменением, связанным с реализацией гражданами своих прав и свобод, а также деятельность контрольно-надзорных органов (государственных инспекций, служб и др.). Важная роль в защите прав и свобод граждан принадлежит суду, правоохранительным органам: прокуратуре, органам внутренних дел.

В заключение статьи хочется отметить, что обеспечение и защита прав и свобод граждан наполняют деятельность государственных органов и органов местного самоуправления социальным смыслом, служат целевым ориентиром всех управленческих действий и решений, способствуют реальному человеческому измерению эффективности государственной администрации и вопрос о соблюдении прав граждан на участие в управлении государством в настоящее время остается весьма актуален.

ЛИТЕРАТУРА

1 Ащеулов А.Т., Караев А.А. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы. 2004.-254с.

2 Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации». // Казахстанская правда от 05 октября 2018 года № 189 (28818)

3 Мукашев Р. Избирательное право и процессы демократизации в РК // Саясат.- № 12, 2006.

УДК 304.2:33849

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ И ЭКОНОМИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ МОДЕРНИЗАЦИИ СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЫ В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Косымбаева Ш.И.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В данной статье демографический потенциал и экономические условия модернизации социальной сферы в Мангистауской области. Показаны динамика численности городского населения и городов Мангистауской области и демографические показатели развития региона. В виде рисунка показан коэффициент естественного прироста населения Казахстана в разрезе регионов за 2015-2017 гг, промилле.

Ключевые слова: социальная сфера, демографический потенциал, социально-экономическое развитие.

Мангистауская область находится на юго-западе Казахстана на побережье Каспийского моря. Территория области равна 165,6 тыс. кв. км.

В области 5 сельских района и 2 небольших города (кроме Актау), 7 поселков, 29 сельских и аульных округов.

Центр области расположен в городе Актау, который является портом на Каспийском море и основан в 1963 году. В Актаускую городскую администрацию входят поселки: Мангистау и Умирзак.

Город областного подчинения Жанаозен образован в 1968 году. Расстояние от Актау до Жанаозен – 150 км. В Жанаозенскую городскую администрацию входит поселок: Тенге (с численностью проживающих 11,5 тыс. человек) и село Кызылсай (3,5 тыс. человек).

Бейнеуский район образован в 1973 году. Районный центр – село Бейнеу. Расстояние от Актау до Бейнеу – 470 км, территория района равна 40,5 тыс. кв. км. В составе района 10 сельских администраций, в которые входят 13 сел. Экономика района имеет сельскохозяйственное направление.

Каракиянский район образован в 1973 году. Районный центр – село Курык. Расстояние от Актау до Курыка – 72 км., территория района равна 63,3 тыс. кв. км. В составе района 4 сельских администрации, в которые входят 8 сел. Экономика района имеет сельскохозяйственное направление.

Мангистауский район образован в 1928 году. Районный центр – село Шетпе. Расстояние от Актау до Шетпе – 159 км., территория района равна 47,9 тыс. кв. км. В составе района 11 сельских администраций, в которые входят 22 села. Экономика района имеет сельскохозяйственное направление.

Тупкараганский район образован в 1992 году. Центр района расположен в городе районного подчинения Форт- Шевченко. Расстояние от Актау до Форт- Шевченко – 132 км., территория района равна 12,6 тыс. кв. км. В составе района 3 сельских администраций, в которые входят 5 сел. Экономика района имеет сельскохозяйственное направление, что обусловлено особенностями расселения.

В 2007 году на территории Мангистауской области Указом Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева создана новая административно-территориальная единица для оралманов (казахов-репатриантов) - Мунайлинский район. Впервые за годы независимости нашего государства в отдельно взятой области появился новый район [1].

Только в 2008 году ряды бывших соотечественников в крае пополнились четырьмя тысячами человек, всего же их на сегодня проживает в Мангистау 76 тысяч.

В состав Мунайлинского района вошли пригородные села Мангистау, Умирзак, Баянды, Кызылтобе. В этих населенных пунктах проживает 47 тысяч жителей, большую часть которых составляют оралманы.

Формирование социальной сферы в регионе и ее функционирование зависят от степени урбанизации, подвижности и мобильности рабочей силы, что влияет на внутриреспубликанское перераспределение населения в направлении «село - город», из экономически неблагополучных регионов в районы с более благоприятными условиями жизни [1].

По сравнению с республиканским уровнем (56,7%) показатели уровня урбанизированности Мангистауской области не превышают и 50% (2015 г., таблица 1).

Таблица 1 - Динамика численности городского населения и городов в Мангистауской области

Показатель	Республика Казахстан 2015	Западный Казахстан 2015	Мангистауская область			
			1989	1999	2009	2015
Всего	17417673	2640838	322728	314669	446265	606892
Городское население	9868641	1395975	285673	246848	235 766	298734
Коэффициент урбанизации (%)	56,7	52,9	88,5	78,4	52,8	49,2
Количество городов	87	15	3	3	3	3
Примечание – составлено авторами по источнику [2]						

Согласно данным таблицы 1, а период с 1989-2015 гг. заметно сократилась доля городского населения в Мангистауской области. На период 1989 года уровень урбанизации в области составлял наивысший показатель по республике - 88,5%, тогда как всего в регионе насчитывалось 3 города. За первый межпереписной период (1989-1999 гг.) численность городского населения, и соответственно численность населения всей области резко сократилась (на 38825 чел. и 8059 чел. соответственно).

Согласно данным статистики, высокие показатели эмиграции и низкий естественный прирост значительно отразились в показателях численности населения городов и области.

Внутренняя миграция в регионе характеризуется интенсивным переселением экономически активного населения из сел в города с более благоприятной экономической ситуацией.

Демографический фактор развития регионов позитивно определяется имеющимся генофондом, природно-климатическими условиями, плотностью населения. Для Мангистауской области характерен самый высокий рост численности населения (27,41 %, см. рисунок 1).




Рисунок 1 - Коэффициент естественного прироста населения Казахстана в разрезе регионов за 2015-2017 гг, промилле

Примечание – составлено автором на основе систематизации источников [3]

Мангистауская область относится к числу регионов с высокими темпами роста населения. В республике по рождаемости Мангистауская область занимает первое место (в год рождается свыше 18 тысяч малышей).

Оценка демографического потенциала регионов осуществлена по показателям численности населения, плотности их на определенной территории, доли городского и сельского населения, ожидаемой продолжительности жизни, суммарного коэффициента рождаемости, коэффициента смертности по причинам, младенческой смертности и миграции населения (таблица 2).

Таблица 2 - Демографические показатели развития Мангистауской области за 2016 г.

	Численность населения регионов, %	Плотность населения, чел./км2	Удельный вес населения, %	
			городск ого	сельского
Республика Казахстан	100,0	6,1	54.5	45.5
Мангистауская	3.27	3,3	51,6	48.4
	Величина суммарного коэффициента рождаемости (СКР)	Коэффициент смертности. чел. на 100 тыс.чел. населения	Отношение численности умерших к родившимся. %	
Республика Казахстан	2,59	860	38,7	
Мангистауская	2,63 и выше	510	17.7	
Қазіргі қалыптасқан нарық жағдайында, жер учаскесінің азаматтық айналым объектісі ретінде танылған уақытта жер нарық қатынастарына мемлекеттің араласуы орынды болып отыр.

Заңгер ғалымдар Ә.Е.Бектұрғанов пен Ә.С.Стамқұловтың айтуы бойынша: «жер нарығы мемлекет тарапынан бақылаусыз болуы мүмкін емес». Мемлекеттің жерге ақы төлеуді орнатуы жер қатынастарын мемлекеттік реттеу нысандарының бірі болып отыр. Бүгінгі күнде мемлекет жер нарығын реттеуге келесі әдістер: жерге азаматтық құқықтарды жүзеге асыру тәртібін заңды түрде белгілеу арқылы, жермен жасалатын мәмілелерді міндетті мемлекеттік тіркеуді орнату арқылы қатысып отыр. Отандық заңгерлер: «Қазақстанда жер нарығын мемлекеттік реттеу мәселесін толық қалыптастыру үшін келесі қағидаларды ұстану керек, яғни, шаруашылық қызмет үшін пайдалану барысында жерді табиғат сыйы ретінде экологиялық талаптардың сақталуына қамтамасыз ету, жерді өз сапасына байланысты негізгі мақсатына сай пайдалануды қамтамасыз ету, жер учаскелерін алып сатарлықтың алдын алу мақсатында жер нарығын қалыптастыруды реттеу қажет» -деген болатын [2].

Жерді қорғау үшін ақы төлеу жер төлемдерінің экологиялық құқықтық көрінісі болып танылады. Жердің қоршаған ортаның ажырамас бөлігі болып табылатын табиғи объект екендігін нақты анықтайды. Себебі, жоғарыда қарастырылған жер төлемдерінің түрлері экономикалық сипаттағы, жердің кез-келген еңбек процессінің аумақтық негізі, өндіріс құралы және азаматтық айналымның объектісі екендігін айқындайды. Жерді қорғау үшін төленетін төлемдердің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: жерді ластағаны үшін ақы төлеу, яғни жерге эмиссияға ақы төлеу; жерді табиғи ресурс ретінде молықтырғаны үшін ақы төлеу; жерге келтірілген зиянның орнын толтыру т.б.

Жерді ластағаны үшін төлемақы жерге өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін ұйымдар мен азаматтардан алынады. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу мәселесі анықталған. Жердің қоршаған ортаның бір бөлігі екенін ескере отырып, экологиялық кодекс

нормаларының жерді ластағаны үшін ақы төлеу қатынастарын реттеуге таралатыны анық [3].

Егер жер учаскесін жалға беруші, яғни жер учаскесін уақытша өтеулі пайдалану құқығын беруші мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушы болса, онда бұл аталған қатынастар Салық кодексінің ережелерімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 9-бабына сәйкес, мемлекет уақытша өтемді пайдалануға берген жер үшін жалдау ақысы алынып, ол жергілікті бюджетке аударылады. Төлемақының мөлшері жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалған жер учаскесін уақытша өтеулі пайдалану шартының негізінде айқындалады [4].

Жер реформасын жүзеге асыру және жер қатынастарын нарықтық экономика талаптарына сәйкестендіру – бұл нәтижелі жүзеге асырылуы дамыған елдердің әлемдік даму тәжірибелерін есепке алып, кешенді түрде қараған кезде ғана мүмкін болатын. Шет елдік құқықтық тәжірибені Қазақстандық ұлттық заңдарға бірден және жедел енгізуге жол беруге тіптен болмайды. Қазақстан – бұл әлеуметтік-экономикалық, этно-мәдени және табиғи-географиялық ерекшеліктерімен негізделген өздеріне тиесілі құқықтық салт-дәстүрі және менталитеті бар қайталанбас және бірегей ел. Міне, сондықтан нарыққа бағдарланған шет елдердің құқықтық тәжірибесі нақты қазақстандық жағдайларға мән бере бейімдеуді қажет етеді.

Осы орайда жер қатынастарын реформалаудың әлемдік тәжірибесін пір тұтуға жол бермеу және олардың теріс тенденцияларын айқындауға объективті түрде талпыну қажет және оның маңызы зор.

Қазақстан Республикасының жер заңдары жерге ақы төлеудің басты мақсаты - жерді ұтымды пайдалану, қорғау мен игеру, топырақ құнарлығын арттыруға ынталандырумен ұштасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Алматы: Юрист, 2008, 164б.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 9 қаңтар 2007ж. 5 сәуір 2017.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы алудың Ережелерін бекіту туралы" Қаулы // Нормативтік актілер жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2007. – 95-118 бб.
4. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 20 маусым 2003 жылы. 2016ж. 30 маусым

ӘОЖ 339.9

ТЕҢІЗ ЖҮК ТАСЫМАЛЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨЛІК КЕШЕНІНДЕГІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Шодыраева Ш.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Автор мақалада жүк ағымының ұлғаюына әсер ететін негізгі факторларды және жүк ағымдары көлемін кідіртуші факторларды зерттеп, теңіз тасымалыны нарығының даму бағыттарын анықтаған. Ақтау порты арқылы халықаралық тасымалдардың дамуы, басқа Каспий жағалауы мемлекеттерінің порт

және шектес көлік инфрақұрымымен, Каспий бассейнін басқа дүниежүзілік бассейндермен байланыстырушы су көлік жолдарының дамуымен тікелей байланысты.

Түйінді сөздер: Ақтау порт, теңіз тасымалы, жүк ағымы, инвестор, көлік торабы.

Ақтау көлік торабының дамуы – көлік құралдарының тиімді өңделуі мен рационалдық көліктік-экономикалық байланыстардың қалыптасуының объективті және қажетті шарты. Бұл дамудың бағыты жекелеген көлік түрлерімен жүк тасымалдаудың технологиялық процестерінің ерекшеліктерімен және көлік кәсіпорындарының клиентермен қарым-қатынастары қажеттіліктерімен байланысты.

Ақтау көлік торабы- өндіріс қорларының құрылымы бойынша күрделі, көпжақты көлік кәсіпорындарының кешені. Ол мұнай-газ және басқа да өндірістік кешендер аймағында әртүрлі көлік түрлерінің өзара қатынастарының тоғысуында қалыптасады. Көлік торабының қызмет атқаруы Қазақстан территориясы арқылы өтетін транзиттік жүктер ағымын, Қазақстанның және басқа мемлекеттердің арасындағы экспорттық-импорттық тауар айналымын көрсететін жұмыстар көлемінің қатынасы арқылы анықталады.

Жүк ағымдарының біркелкі еместігі бірқатар теңіз көлігіне қатысты сыртқы факторларға байланысты болғандықтан, мекемеаралық қатынастарды реттеудің шаруашылық механизмі көлік торабында тоғысатын көлік түрлерінің өзара қарым-қатынастарын барынша айқын анықтауы қажет. Тек қана осы жағдайда экономикалық шығындар мен эффект қолданып отырған ресурстарға пропорционалды бөлінетін болады [1].

Қазіргі заманға сай жағдайларда экономикалық субъектілердің бәсеке қабілеттілігінің жоғары жөрежесін Қазақстанның көлік жүйесінде Ақтау портының дамуы бойынша мақсатты шаралар жүргізбей қамтамасыз ету мүмкін емес.

Ақтау теңіз сауда портының Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқандығымен және Қазақстан Республикасының әртүрлі құрғақ жүктердің, шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің халықаралық тасымалына арналған жалғыз теңіз порты болып табылатындығымен сипатталады.

Менің ойымша, жүк ағымының ұлғаюына әсер ететін негізгі факторлар болып табылатындар:

1. «АХТСП» РМК-ң икемді тарифтік саясатты және жеңілдіктер бар теміржол тасымалын қолдану есебінен транзиттік жүктердің үлкен көлемдерін тарту;
2. Жүк тасымалы мерзімін қысқарту;
3. Жақсарған қызмет көрсету (ақысыз сақтау мерзімдерін ұлғайту, клиенттерге қызмет көрсетудің жеделділігі және т.б.);
4. Шығыс Еуропалық нарыққа жеткізілетін металл өнімдерінің экспорттық ағымын Жаңа ауыл-Новороссийск маршрутынан Жаңа ауыл-Ақтау-Баку-Батуми, Жаңа ауыл-Ақтау-Волга-Дон-Қаратеңіз-Жерорта теңізі бассейні порттары маршрутына қайта бағыттау;
5. Шикізат тасымалының дамуы мен сәйкес түрде сусымалы жүктер импорттының жоғарылауы.

Қазіргі уақытта, жүк ағымдарының көлемін ұстаушы факторлар болып келесілер табылады: Ирандағы металл өнімдері нарығының толық қанағаттануы; альтернативті тасымал маршруттарының болуы (қазақстандық металл өнімдерінің «Испат-Кармет»-тен Сарахсарқылы, Новороссийск порты арқылы, ресейлік металл өнімдерінің металлургия комбинаттарынан Астрахан порты арқылы).

Жүк-технологиялық процестердің интенфикациясының маңызды бағыттарының бірі болып табылатын Ақтау порты арқылы дөңді дақылдар тасымалдау көлемінің үлкен потенциалы бар. Қазақстан үшін жылына 6 миллион тоннаны құрайтын нарық

сұранысы көлемі бар Иран ерекше маңызға ие. Ақтау порты арқылы дәнді дақылдар тасымалы республиканың батыс облыстарының өнімдерін экспорттауда елеулі үнемдеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді, дәнді дақылдар терминалы құрылысының аяқталуы тек қана қазақстандық өндірушілердің дәнді дақылдар тасымалының көлемін ғана емес, сондай-ақ транзиттік жүктерді тартуға жағымды жағдайлар жасайды.

Сонымен, жүк ағымдарының ұлғаюына әсер ететін негізгі факторлар болып келесілер табылады:

1. «Қазақстан темір жолы»ҰК АҚ Бейнеу – Аксарайская бағытынан Бейнеу – Ақтау бағытына тасымал жоспарын өзгертуге дайындығы мен қазақстандық теміржол бөлігінде төмендету коэффициенттерінің болуы.

2. «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-ң Бейнеу-Маңғыстау тармағын күшейту және жүктерді қабылдау технологиясын жетілдіру[2].

Жүк ағымдары көлемін кідіртуші факторлар болып табылады:

1. Еуропадағы мақта сатып алушылардың мақтаны өзен жолдары арқылы тасымалдауға қызығушылығының жоқтығы.

2. Тасымалдау мерзімінің ұлғаюы.

3. Жүктің сипаты мен ерекшелігі.

4. Бәсекелес маршруттардың дамуы (Түркменбашы портының қалпына келтірілуі; Саракс станциясының өткізу қабілетінің ұлғаюы).

Жағдайды аналитикалық талдау келесіні айта кетуге мүмкіндік береді:

а)қорғасын және мырыш концентраттары дайын өнімді Иранға экспорттау шартымен Ираннан импортталады;

б) Иранның Исфahan қаласының металлургия комбинатына бағытталған кокс тасымалы әлі де төмен. Бұл Атырау мұнай өңдеу зауытында жіберу бағасын жоғарылатуымен байланысты болуы мүмкін. Иран нарығына кокс тасымалдау стихиялық сипатқа ие;

в) Азербайжан мен Ираннан импортталатын жемістер импорты маусымдық сипатқа ие. Жоғары болжам көлемі жылына 3 мың тонна, төменгі болжам көлемі 2 мың тоннаны құрайды;

д) жабдықтар тасымалы негізінен үлкен көлемді жүктердің тасымалынан тұрады. Ол Каспий шельфінің кен орындарына және Батыс аймақтың басқа да кен орындарына тасымалданады[3].

«Маңғыстаумұнайгаз» мұнай компаниясы географиялық факторларға, өндіру көлемінің өсуіне, өткізу нарықтарының болшағына және Бозашы мұнайының мейлінше арзан әдісі болуына байланысты мұнай тасымалдау бойынша негізгі клиент болып табылады

SWAP жобасы жүзеге асырылуда, бұл мұнайды Иранның солтүстік порттарына және әрі қарай алмастыру жүйесіне байланысты тасымалдауды білдіреді. Бұл схемада Иранның солтүстігіне (Анзали портына) жеткізілген бозашы мұнайын Иранның оңтүстігіндегі (Бандер-Аббас порты) иран мұнайымен алмастыру қарастырылған. [4].

Сонымен қатар Ақтау теңіз порты ұзақ уақыт бойы негізінен екі мақсатты орындауға бағытталды: жүк ағымдарын қабылдауды тездету және олардың ретсіздігінің порт қызметіне жағымсыз әсерін төмендету. Инвестициялардың шектеулілігіне байланысты порттың кейбір шаруашылықтары қажетті дамуға жете алмады.

Қазақстанның дәнді дақылдарының негізгі импортерлері болып Азербайжан Республикасы, Грузия мен Иран табылады. Қазақстан Республикасының оңтүстік және орталық аймақтарынан дәнді дақылдарды тасымалдау келесі маршруттарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасының оңтүстік және орталық аймақтары– Аксарайская

– Самур – Баку;

- Қазақстан Республикасының оңтүстік және орталық аймақтары–Ақтау порты, Ақтау – Баку паромына тиеу;

- Қазақстан Республикасының оңтүстік және орталық аймақтары– Ақтау порты – Иран порттары;

- Қазақстан Республикасының оңтүстік және орталық аймақтары– Өзбекстан бойынша транзит, Түркменстан – Иранға теміржол арқылы тасымалдау.

Қазіргі кездегі Қазақстанның Иран бағытындағы дәнді дақылдар экспорты аз көлемді құрайды, экспорттың азаюының негізгі себептерінің бірі Иранның өз азық-түлік бағдарламасын қабылдауы болып табылады.

Сондай-ақ «Азық-түлік корпорациясы» дәнді дақылдар жеткізуді қайта жандандыру туралы келіссөздер жүргізуде. Келісімшартқа қол қойылған жағдайда және Иранға бидайды экспорттау көлемінің ұлғаюы жағдайында, Ақтау порты арқылы тасымалдау маршруты басқа Сарахс арқылы теміржолмен тасымалдаумен салыстырғанда едәуір тартымды болып көрінеді.

Қазақстан Республикасы территориясы арқылы өтетін мақтаның транзиттік ағымын құраушы мемлекеттер болып Өзбекстан Республикасы (тасымалдағы үлес салмағы 75% құрайды), Түркменстан (14%), Тәжікстан – (6%), Қырғызстан – (4%) табылады.

Мақта тасымалының негізгі бағыттары болып Батыс Еуропа елдер мен Балтық бойы мемлекеттерінің теңіз порттары табылады. Ресейге – 26%, Латвия – 18%, Швейцария – 11%, ҚХР – 7%, Ұлыбритания – 6%, Австрия мен Бельгияға 4%-дан, қалғандары -24%.

Сонымен бірге, мақта тасымалының елеулі бөлігі Бандер-Аббас, Поти порттары арқылы теңіз тасымалына өтуде.

Иран бағыты маршруты Оңтүстік-Шығыс елдері, сондай-ақ Пәкістан, Үндістан мен Бангладеш нарықтарына тасымалдау үшін ерекше тиімді болды.

Мақта экспортының жалпы көлемінің салыстырмалы төмендеуі Өзбекстан Республикасының жеңіл өнеркәсібінің ішкі өндірісінің өсуімен түсіндіріледі. Қазақстан, Өзбекстан және Ресей Федерациясы өкілдерімен Ақтау порты арқылы Ресейдің су жолдарымен Еуропа елдеріне өзбек мақтасы тасымалының жобасын жүзеге асыру бойынша шаралар анықталды. «АХТСП» РМК өзбек мақтасының тасымалының порт арқылы тасымалдану схемасы мен технологиялық карталары дайындалды, осы тасымал маршрутының технологиялық және экономикалық тартымдылығын дәлелдейтін Бизнес-Жоспар дайындалды. Сондай-ақ өзбек мақтасының экспорты мерзімі Волга-Балт каналы бойынша навигация жабылу кезеңіне сәйкес келетінін ескеріп, «АХТСП» РМК Өзбекстан тарапына тасымалдау шығындарының арзандататын Иран порттарына бағытталған металл өнімдерін тасымалдаушы кемелер трюмдерінде контейнерлік теңіз тасымалдарының схемасын ұсынды.

Мұнай тасымалдау қазіргі кезде қолданылып отырған келесі маршруттар бойынша жүзеге асырылуда:

- Каспий Құбыржелісі Консорциумы (КТК) жүйесі бойынша Новороссийск порты арқылы;

- Атырау-Самара, Кеңкияқ-Орск, Павлодар-Омск құбыр желілері бойынша;

- Ақтау-Махачкала – Новороссийск және Ақтау-Баку-Бами (Супса) теміржол-су-құбыр желілері аралас байланыс жолы арқылы.

Ақтау теңіз порты Каспий теңізінің қазақстандық секторын (КСКМ) игерудің Мемлекеттік бағдарламасы бойынша мұнай тасымалдауда маңызды болашақ көлік жолдарының бірі ретінде қарастырылуда. Осыған байланысты Ақтау-Баку, Ақтау-

Махачкала, Ақтау-Нека желілері арқылы мұнайды танкерлік тасымалдауды ұлғайту мақсатында құрылып жатырған жаңа аймақта жылдық өткізу қабілеті 9,6 млн тонна құрайтын төрт мұнай айлақ құрылысын жүргізу уақтылы болып табылады.

Жоғарыда айтылғанды түйіндеп Ақтау порты арқылы мұнай жөнелтуді кепілді түрде ұлғайту келесі факторлармен қамтамасыз етіледі:

-мұнай өндіруші мекемелердің мұнай өндіру көлемін ұлғайтуы;

-мұнай өндіруші мекемелердің географиялық тартымдылығына және қажетті инфрақұрылымы мен коммуникацияларының барлығына байланысты Ақтау портына бағыт алуы;

- мұнай тасымалын әртүрлі бағыттарда жүзеге асыруға мүмкіндік беретін танкерлік жүк тасымалының көп бағыттылығы.

Ақтау порты арқылы тұрақты көлік коридорын құру «Казмортрансфлот» Ұлттық компаниясы бойынша үкімет шешімдері қабылдануы жағдайында өзіндік мұнай құю және құрғақ жүк флотын құруға жағдай жасайды.

Ақтау порты арқылы халықаралық тасымалдардың дамуы, басқа Каспий жағалауы мемлекеттерінің порт және шектес көлік инфрақұрылымымен, Каспий бассейнін басқа дүниежүзілік бассейндермен байланыстырушы су көлік жолдарының дамуымен тікелей байланысты[4].

Сонымен қатар, теңіз тасымалының нарығы келесі бағыттарда дамиды:

1. Иран бағыты (Парсы шығанағы елдеріне транзитпен өтетін жүктердің және Иранға экспорттық-импорттық жүктердің тікелей су байланысы);

2. Ресей бағыты (Ресей Федерациясына жөнелтілетін экспорттық-импорттық жүктердің Ресейдің азов және каспий бассейні порттарымен (Махачкала, Астрахань, Оля) тікелей су байланысы);

3. Қара теңіз-Жерорта теңізі бассейні (Кавказ елдерінің экспорттық-импорттық жүктер мен Қара теңіз-Жерорта теңізі бассейні елдеріне өтетін Ақтау-Баку-Батуми аралас теміржол-теңіз байланысы, Волга-Дон каналы арқылы тікелей су байланысы);

4. Солтүстік бағыты (Балтық бассейні елдеріне баратын экспорттық-импорттық (транзиттік) жүктердің Волга-Балт каналы арқылы тікелей су байланысы);

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Исследование проблемы увеличения торговых потоков и разработка организационно-правовой системы освоения мультимодальных перевозок по международным транспортным коридорам РК. – Алматы.: НИИ ТК, 2010.

2 Указ президента Республики Казахстан «О государственной программе освоения казахстанского сектора Каспийского моря»

3 Милославская С.В. Мультимодальные перевозки в условиях перехода к рынку // Сб. научн. трудов МГАВТ. – 2004. – 187 с.

4 Инвестиционная программа развития порта Ақтау до 2015 года

ПРАКТИКА БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ

Избасова А.Б.

КазНУ имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается справочная информация о зарубежном опыте противодействия коррупции среди государственных служащих. Круг стандартных запретов, ограничений и предписаний для государственных служащих содержится в законах всех развитых стран. Все эти меры зарекомендовали себя как относительно эффективные при условии их строгого исполнения.

Ключевые слова: преступность, коррупционная преступность, доказательство коррупционной преступности, противодействие коррупции.

Говоря о международной практике борьбы с коррупцией, можно условно разделить все страны на две большие категории — тех, которые успешно справляются с этой проблемой и тех, для кого коррупция представляет неразрешимые трудности.

В первую категорию можно отнести: Финляндию, Данию, Новую Зеландию, Исландию, Сингапур, Швецию, Канаду, Нидерланды, Люксембург, Норвегию, Австралию, Великобританию, Гонконг, Австрию, США, Германию, Японию.

Некоторые особенности организации антикоррупционной деятельности в вышеперечисленных странах сводятся к тому, что правительства этих стран осознают коррупцию как серьезную угрозу национальной безопасности, поэтому коррупция воспринимается как внутренняя и внешняя угроза, в связи с чем и усилия по борьбе с ней носят масштабный и комплексный характер.

Например, система борьбы с коррупцией в Нидерландах включает в себя:

- систему мониторинга возможных точек возникновения коррупционных действий в государственных и общественных организациях и строгий контроль за деятельностью лиц, находящихся в этих очагах. Систему подбора лиц на должности, опасные с точки зрения коррупции;
- систему наказаний за коррупционные действия, где основной мерой является запрещение работать в государственных организациях и потеря всех социальных льгот, которые предоставляет государственная служба;
- систему поощрений позитивных действий должностных лиц, направленную на то, чтобы чиновнику было выгодно и в материальном плане, и в моральном вести себя честно и эффективно;
- систему государственной безопасности по борьбе с коррупцией типа специальной полиции, обладающей значительными полномочиями по выявлению случаев коррупции.

Ярким примером «культуры прозрачности» является Сеул, где с 1999 г. действует программа «OPEN» — онлайн-система контроля за рассмотрением заявлений граждан чиновниками городской администрации, которая произвела настоящую сенсацию среди национальных антикоррупционных программ. Она явилась показателем реализованной политической воли по борьбе с коррупцией.

Так, эта система, обеспечивая свободный доступ граждан к информации о состоянии дела, исключает необходимость личных контактов с чиновниками или предложения им взятки с целью ускорить завершение процесса принятия решения. Таким образом, «OPEN» путем исключения личного общения чиновников и граждан, как

необходимого условия существования коррупции, выполняет основную свою задачу — предупреждение коррупционных деяний и восстановление доверия граждан к городской администрации. Эталонным назвала международная общественность закон Южной Кореи «О борьбе с коррупцией», вступивший в силу с 1 января 2002 г. В соответствии с ним, право начинать расследование о коррупции фактически предоставлено любому совершеннолетнему гражданину страны: комитет по аудиту и инспекции (так называется в стране главный антикоррупционный орган) обязан начать расследование обвинений по любому заявлению.

Антикоррупционная политика Сингапура впечатляет своими успехами. Ее центральным звеном является постоянно действующий специализированный орган по борьбе с коррупцией — Бюро по расследованию случаев коррупции, обладающее функциональной и политической самостоятельностью. Этот независимый орган расследует и стремится предотвращать случаи коррупции в государственном и частном секторе экономики Сингапура, при этом в Акте о предотвращении коррупции — это явление достаточно квалифицированно с точки зрения различных форм «вознаграждения». Бюро проверяет случаи злоупотреблений среди государственных чиновников и сообщает о них соответствующим органам для принятия необходимых мер в дисциплинарной области. Бюро изучает методы работы потенциально подверженных коррупции государственных органов с целью обнаружения возможных слабостей в системе управления. Если выясняется, что подобные пробелы могут привести к коррупции и злоупотреблениям, Бюро рекомендует принятие соответствующих мер главам этих отделов. Главная идея антикоррупционной политики Сингапура заключается в «стремлении минимизировать или исключить условия, создающие как стимул, так и возможность склонения личности к совершению коррумпированных действий». Это достигается за счет целого ряда антикоррупционных принципов, в частности:

- оплата труда государственных служащих приравнена к средней заработной плате успешно работающих в частном секторе лиц;
- контролируемая ежегодная отчетность государственных должностных лиц об их имуществе, активах и долгах; прокурор вправе проверять любые банковские, акционерные и расчетные счета лиц, подозреваемых в нарушении Акта о предотвращении коррупции;
- большая строгость в делах о коррупции в отношении высокопоставленных чиновников для поддержания морального авторитета неподкупных политических лидеров;
- ликвидация излишних административных барьеров для развития экономики.

Общепризнано, что успешная борьба с коррупцией явилась одним из ключевых факторов экономического успеха Сингапура.

Японский опыт борьбы с коррупцией доказывает, что отсутствие единого кодифицированного акта, направленного на борьбу с коррупцией, не препятствует эффективному решению проблемы. Нормы антикоррупционного характера содержатся во многих национальных законах. Обращает на себя внимание, что японский законодатель придает запретам в отношении политиков, государственных и муниципальных служащих. Они, в частности, касаются многочисленных мер, которые политически нейтрализуют японского чиновника в отношении частного бизнеса, как во время службы, так и после ухода с должности.

Как и в Сингапуре, японский законодатель устанавливает строгие ограничения финансирования избирательных компаний, партий и иных политических организаций, вводит жестко регламентированный порядок осуществления пожертвований в пользу кандидатов на выборах, политических фондов, устанавливает порядок отчетности по

поступающим и расходуемым ими средствам. Нарушение положений закона влечет применение санкций, распространяющих свое действие на ответственные лица как представляющей, так и получающей политические пожертвования стороны, а также и на посредников между ними.

Японский законодатель квалифицирует как уголовное преступление действия политиков, пробивающих за вознаграждение от заинтересованного лица выгодное для него решение путем воздействия на государственных, муниципальных служащих, а также служащих юридических лиц с 50 % капиталом государства и местного самоуправления. В Японии, как и во многих странах, одним из главнейших направлений борьбы с коррупцией является кадровая политика. Государственное администрирование здесь ориентировано на беззаветную и преданную службу. Японским чиновникам гарантирована постоянная оплата труда.

Большое внимание японский законодатель уделяет этичному поведению политиков и служащих. С 2000 г. в стране действует Закон «Об этике государственных служащих», а также утвержденные правительственным указом этические правила государственного служащего и нормы административных наказаний за их нарушение. В этических правилах государственного служащего дается развернутое определение «заинтересованного лица» и подробный перечень неэтичных действий, что исключает произвольное толкование требований закона.

В Японии признают, что Закон «Об этике государственных служащих» оставляет лазейки для злоупотреблений. Так, данный закон не распространяется на политиков — депутатов парламента, назначаемых на правительственные посты. В этой связи, в японской прессе отмечают, что объектами аналогичного закона, принятого в 1978 г. в США, являются все без исключения правительственные должностные лица[1].

В 2001 г. в Японии вступил в силу Закон «О раскрытии информации». Этот акт гарантирует гражданам право на доступ к официальной информации, имеющейся у правительственных учреждений, и возможность подать апелляцию в Совет по контролю за раскрытием информации в том случае, если правительство решит не раскрывать определенную информацию. Эти условия позволили общественным группам разоблачить несколько случаев коррупции.

Соединенные Штаты Америки первыми ввели законодательство, направленное на борьбу с подкупом должностных лиц, после разоблачения в 80-х годах случаев взяточничества со стороны сотрудников корпораций при получении заказов. Для пресечения этого явления был принят Закон «Об иностранной коррумпированной практике» (ФКПА), где предусматривалось наказание в виде штрафа до 2 млн. долларов для юридических лиц и до 5 лет тюремного заключения для физических лиц.

Как выяснилось, крупные корпорации охотно выплачивали комиссионные должностным лицам органов государственного управления за содействие в совершении сделки или при решении вопроса о получении крупного заказа. Так, по данным неправительственной организации «Transparency International» (Международная гласность) 5 % суммы сделки от 100 тыс. долларов могут заинтересовать старшее должностное лицо, а от 100 млн. долларов — главу государства, тогда как для крупной корпорации комиссионное вознаграждение в виде 5 % считается низкой [2, с. 79].

В США создана система надзора за коррупционными правонарушениями, в которую входят комитеты Сената и Палаты представителей Конгресса США, Комитет по этике Правительства США. Главным координирующим ведомством является Министерство юстиции.

Непосредственно в Министерстве юстиции борьбой с коррупцией занимается криминальное управление, которое осуществляет надзор за соблюдением уголовного законодательства, отмечает проникновение организованной преступности в легальный

бизнес и профессиональные союзы для извлечения дополнительных доходов и маскировки запретной деятельности.

Секция по борьбе со злоупотреблениями занимается «беловоротничковой» преступностью, коррупцией среди «белых воротничков», срывами выполнения правительственных программ и мошенничествами, имеющих национальные масштабы и затрагивающими транснациональные операции [3, с. 150].

Особая роль в борьбе с коррупцией отведена Федеральному бюро расследований (Federal Bureau of Investigations). Специфика деятельности этого учреждения заключается в том, что обычно ФБР внедряет своих агентов в окружение высокопоставленных лиц либо провоцирует создание коррупционных правонарушений, что обычно документируется при помощи видео- и аудиосредств.

Определенную роль в борьбе с коррупцией играют прокуратура, специальные службы Пентагона, полиция и суд [4, с. 81].

Проблемами коррупции занимаются в основном Специальный сенатский комитет по этике и Комитет по стандартам служебного поведения должностных лиц Палаты представителей. Также дела о коррупционных правонарушениях заслушиваются в Комитетах по правительственным операциям, делам почтового ведомства и гражданской службы, науке, космосу и технике, доходам и расходам.

В 1978 г. был принят Закон «Об этике в правительстве» [5, с. 72], в который в 1989 г. были внесены изменения. Согласно данному закону, его нормы распространяются на все ветви федеральной власти — законодательную, исполнительную и судебную.

В США действует Закон «О федеральном регулировании лоббистской деятельности» (принят в 1946 г.), в соответствии с которым любая организация, оказывающая давление на Конгресс, должна регистрировать своих лоббистов и сообщать свои интересы в законодательной сфере. Каждый лоббист обязан ежеквартально публиковать отчет о своей деятельности в «Ведомостях Конгресса». За нарушение этого закона может быть вынесено наказание в виде штрафа в размере до 10 тысяч долларов или тюремного заключения сроком до пяти лет. Несмотря на это, монополии, формально не нарушая законов, оказывают давление на законодателей, а сами лоббисты торгуют своим влиянием [6, с. 81].

В целях оказания влияния на принятие тех или иных решений, бывшим членам палат Конгресса США запрещено заниматься лоббистской деятельностью в течение одного года. По завершении службы в должности конгрессмена, они не имеют право в течение одного года вступать в деловые контакты со своими бывшими сотрудниками, появляться в палате или в законодательном отраслевом офисе с намерением повлиять на официальные действия от имени третьей стороны [7, с. 90].

Ядром коррупции является взяточничество. Однако это деяние практически не значится в ежегодниках криминальной статистики ведущих стран мира. Например, в США взяточничество учитывается по арестам подозреваемых и обнародуется лишь в общей графе «все другие преступления». Выделить арестованных взяточников невозможно. В то же время, в главе 2 Свода Законов США «Дача взятки, подкуп, конфликты интересов» имеется 25 статей, предусматривающих уголовную ответственность за различные формы взяточничества. А в 1989 г. был принят дополнительно Закон о борьбе с коррупцией. Кроме того, каждый штат имеет собственные законы, направленные на борьбу с этим деянием. Уголовные кодексы большинства штатов США предусматривают следующие разновидности коррупции:

—извлечение финансовых выгод из частного предприятия, с которым государственный служащий связан по службе;

- получение взятки в обмен на обещание устроить кого-либо на федеральную службу;
- организация частному лицу или предприятию за взятку займа в банке, депозиты которого гарантированы правительством;
- принятие вознаграждения за улаживание фермерской задолженности;
- фальсификация документов и заведомое использование их с целью скрыть чье-либо мошенничество либо относящиеся к нему факты;
- владение фальшивыми документами, предназначенными для получения выгод или ценностей США;
- дача заведомо ложных показаний и заявлений с целью скрыть злоупотребления или мошенничество по любому делу, относящемуся к компетенции органов США;
- корыстные злоупотребления или мошенничество в делах почтового ведомства США, в частности, использование ложных адресов и имен;
- умышленное злоупотребление в области радиокоммуникаций, радио и телевизионных передач [8].

Коррупция в государственных учреждениях США относится к преступлениям, совершаемым государственными должностными лицами в ходе осуществления ими своих обязанностей.

По уголовному законодательству США государственным должностным лицом признается любой человек, работающий в одной из трех ветвей власти на федеральном уровне, в правительстве штата или местном правительстве. В исполнительной ветви власти к таковым относятся президент, губернаторы штатов, мэры городов и лица, работающие на них в любом государственном учреждении. В законодательной власти — это члены Конгресса или законодательных органов штатов и их сотрудники. В судебной власти — судьи и лица, работающие в судах [9, с. 210].

Федеральные законы, предусматривающие ответственность за коррупцию, можно условно разделить на несколько категорий.

Первая — это законы, регламентирующие преследование за взяточничество и подобные преступления, за совершение официальных действий.

Вторая категория предусматривает конфликт интересов. Законы о «конфликте интересов» запрещают государственным должностным лицам и их определенным родственникам иметь финансовую заинтересованность в тех делах, на которые эти должностные лица могут оказать влияние, либо о которых они в силу своих служебных обязанностей имеют информацию.

В третью категорию входит обман государственных учреждений. Обман обычно совершается лицами, которые не работают в государственных учреждениях. Эти преступления совершаются путем умышленного искажения, извращения или сокрытия важной информации с целью получения материальных или иных выгод от государства.

В четвертую группу входят ложные заявления государственным органам, вне зависимости от получения какой-либо выгоды [10, с. 117-118].

В законодательстве США понятие взяточничества можно условно разделить на «коммерческое взяточничество» и взяточничество в сфере публичной администрации. Нормы о «коммерческом взяточничестве», в основном, помещены в разделе об имущественных преступлениях, а не в разделе о должностных преступлениях. Как рекомендует примерный Уголовный кодекс «коммерческое взяточничество» должно пониматься как разновидность мошенничества, одна из форм обмана в области частного бизнеса [11, с. 158]. Сама коммерческая взятка характеризуется как взятка или получение вознаграждения с целью повлиять на какого-либо служащего, чтобы он нарушил, или не исполнил свои обязанности, возложенные на него корпорацией или частным лицом [12, с. 112].

Уголовным кодексом Нью-Йорка статья о коммерческом взяточничестве помещена в разделе «Преступления, связанные с мошенничеством». Здесь происходит разделение коммерческого подкупа и получения коммерческой взятки. Коммерческий подкуп определяется как предоставление какого-либо блага служащему или доверенному лицу без согласия его наймодателя с намерением повлиять на его поведение в делах наймодателя или руководителя. Получением коммерческой взятки называется получение лицом какого-либо блага «по соглашению или с пониманием» того, что это окажет влияние на его поведение в делах наймодателя или руководителя. Обязательным признаком указанных преступлений является то, что в субъективную сторону взяткодателя входит обязательное понимание того, что его действия окажут влияние на поведение служащего или доверенного лица либо (со стороны получателя) намерение оказать влияние на поведение определенных лиц [13, с. 112-113].

В большинстве штатов обязательным элементом преступления является незнание главой корпорации или директором о получении взятки его служащим или агентом. Причинение же ущерба директору не является необходимым элементом преступления [14, с. 59-60]. Субъектами коммерческого взяточничества являются служащие или агенты, администраторы, попечители, доверенные лица, частнопрактикующие юристы, врачи, бухгалтеры, оценщики и так далее. Стратегия противодействия коррупции должна дифференцироваться в зависимости от степени пораженности общества данным явлением. Вот почему мы, рассмотрев антикоррупционную политику вышеприведенных стран, столкнулись с таким разнообразием механизмов воздействия на коррупцию.

Анализ борьбы с коррупционными проявлениями в этих странах позволяет сформировать представление об основах передовой национальной антикоррупционной стратегии, которая, несомненно, была бы полезна и для Казахстана.

Во-первых, сильная политическая воля высшего руководства государства к борьбе с коррупцией и сформированная на ее основе единая государственная политика в области борьбы с коррупцией, включающая комплекс мер государственного, экономического, социального и правового характера. Во-вторых, организованный социальный контроль со стороны гражданского общества за всей системой государственного администрирования (непременным условием для этого является создание атмосферы прозрачности) и обеспеченная возможность возбуждения в этих рамках уголовного преследования правонарушителей.

В-третьих, жесткая подотчетность лиц, наделенных властными полномочиями, перед реально независимым органом, осуществляющим мониторинг чистоты деятельности государственных служащих, а также наделенных полномочиями по привлечению к ответственности должностных лиц вне зависимости от их положения в иерархической структуре власти.

Полагаем, что соблюдение этих положений будет прочным фундаментом национальной антикоррупционной политики.

ЛИТЕРАТУРА

1. Астанин В.В. Коррупция и борьба с ней в России второй половины XVI XX вв. Дисс. кан. юрид. наук. М., 2001;
2. Афанасьев В.Г. Человек в управлении обществом. М., 1977;
3. Бабаев В.К. Правомерное поведение // Общая теория права. 1993;
4. Базылев Б.Т. Юридическая ответственность (теоретические вопросы). Красноярск, 1985;
5. Бахрошин.Н. Дорогой субъект // Версия, 2003;

6. Бахтина И.Н. Коррупция и предпринимательство (криминологический аспект) // Альманах «Организованная преступность, терроризм и коррупция», М., 2003, №1;
7. Безверхов А.Г. Должностные (служебные) преступления и проступки. Дисс. кан. юрид. наук. М., 1995;
8. Безверхов А.Г. О должностных преступлениях и преступлениях по службе // Рос. юрид. журн., 1995. № 4;
9. Белостоцкий В.В. Провокация взятки // Преступность в России и борьба с ней: региональный аспект. М., 2003;
10. Бессарабов В.Г., Капитонова Ю.В., Макаренченко В.А., Рябцев В.П. Координация деятельности правоохранительных органов борьбе с преступностью. Научно-методические рекомендации. М., 2001;
11. Борзенков Г.Н. Уголовно-правовые меры борьбы с коррупцией // Вестник Московского Университета. Серия 11. Право. 1993. - № 1;
12. Борков В.Н. О некоторых вопросах ответственности за взяточничество // Подходы к решению проблем законодательства и правоприменения: Межвуз. сб. науч. тр. -Омск, 1998.-Вып. 3;
13. Бурлаков В.Н. Индивидуальная профилактика правонарушений. Проблемы и суждения // Вестник ЛГУ. Экономика, философия, право. 1982.- № 23. Вып. 4;
14. Буторин Л. Регистрация и учёт преступлений // Законность. 2001, № 8;

**ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН: АҚПАРАТТЫҚ
ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ**

**ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН:
ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ И
ЭНЕРГЕТИКА**

ӘОЖ 51-77

**МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ
БІЛІМДЕРДІ КІРІКТІРУ**

Кошанова Г.Р., Шаленова С.М.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл жұмыста математикалық және экономикалық білімдерін
кіріктірудің негізгі бағыттары айқындалып, экономиканың математикалық моделдерін
құру мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: математикалық модельдеу, математикалық әдістер.

Қазіргі таңдағы еліміздің нарықтық қатынастарға өтуіндегі Қазақстан қоғамының
қарқынды экономикалануы математикаға көзқарасты да өзгертуде. Банкілік,
инвестициялық және қамсыздандырудағы іс-әрекеттер, қазіргі нарықтық қатынастарды
математикалық модельдеу, фирмалар қызметі, т.б. біздің еліміз үшін жаңа мамандық –
қаржылық математика саласының мамандарын дайындауды қажет етуде.

Сондықтан математикалық және экономикалық дайындықты кіріктіру
математиканы оқытудың бұл мәселесіне барабар әдістемелік жүйе дайындауды талап
етуде. Мұндай кіріктірудің негізгі өзегі экономикалық міндеттерді математикалық
модельдеу бола алады.

Математика курсына экономикалық бағытты имплантациялау тұжырымдамасын
жүзеге асыру математиканы оқыту үрдісін тұтастай алғанда біздің қоғамымыз және
жекелей алғанда әрбір оқушы өмір сүріп отырған ортаға тікелей қатысты нақты
мазмұнмен толықтыруға мүмкіндік береді және оқушыларға функция, кері функция,
теңдеу мен теңсіздік және олардың жүйесі, функциялар графиктерін құру, прогрессия,
туынды, интеграл, т.б. секілді абстракциялық математикалық ұғымдарды меңгерулеріне
мықты уәждеме бола алады [1].

Оқушыларға экономикалық білім берудің мақсаттары адамзат нарықтық
экономика жүйесінде үш фундаменталды «Қандай товарды өндіру?», «Товарды қалай
өндіру?», «Кім үшін өндіру?» деген сұрақтарға жауап іздеуге үнемі мәжбүр
болатынымен байланысты.

Математиканы оқыту барысында экономикалық білім беру мақсаттарын жүзеге
асыру барысында оқушылардың экономикалық ойлау жүйесі қалыптасады, оның
негізінде, олар жоғарыда қойылған сұрақтарға жауап таба алады: кәсіпкерлер мен
компаниялар максималды табыс беретін тауарларды өндіреді («Не өндіру?»);
минималды шығынды талап ететін технологияны қолданады («Қалай өндіру?»); «Кім
үшін өндіру?» деген сұрақтың жауабы жеке дара тұлғалардың экономикалық заңдарға
сәйкес жүзеге асырылған әрекеттер нәтижесінде алынған еңбек ақыны немесе табысты,

сондай-ақ, банк салымдарынан, облигациялардан, жылжымайтын мүліктен және т.б. түсетін кірісті қалай жұмсау шешіміне тәуелді болады.

Экономика элементтері қосылған математиканы оқытудың білім берушілік функциялары туралы сөз етер болсақ, біз оқушыларды экономиканың негізгі ұғымдары мен терминдерімен таныстыруды, оларды ары қарай тереңдету және дамыту, олардың негізінде математикалық әдістердің көмегімен, мектепті бітіргеннен кейін әлеуметтік ортаға араласатын, экономикалық білім және дағдыларды қалыптастыру туралы айтуға болады.

Экономиканың элементтері енгізілген математиканы оқытудың дамытушы функциясы дегеніміз мектептегі математикадан алған білімдерін, экономика және іскерлік саласында (несиелеу, сақтандыру фирмаларының қызметі, инвестициялар және т.б.) қолдану болып табылады [2].

Экономика элементтері енгізілген математиканы оқытудың тәрбиелік функциясы жеке тұлғаның - жауапкершілік, қалыптасқан жағдайдың ары қарай даму қарқынын болжай алу және осы болжамға сәйкес фирмасының қызметін реттей алу (мысалы, нарықтағы жағдайға орай өндірісті кеңейту немесе қысқарту жөнінде, немесе фирманы жою туралы шешім қабылдау) сияқты қасиеттерден тұрады.

Математикалық модельдердің дидактикалық функцияларын қарастырайық.

1. Танымдық функция. Қоршаған әлемнің математикалық модельдерін зерттеу арқылы, сырт көзге сан түрлі болып көрінетін құбылыстардың математикалық модельдері бірдей болатынын көрсетуге болады. Яғни, бірдей математикалық әдістер мен модельдер түрлі есептерді шығаруға қолданылуы мүмкін. Бұл математикалық модельдеудің танымдық мәні болып табылады. Келесі екі мысал осы жағдайды өрнектеп береді:

Мысал 1. Ұзындығы 116 м құрылыс материалы бар. Онымен құс фермасындағы ауданы 4,8 а, тіктөртбұрыш тәрізді үйрек қамайтын орынды қоршап шығуға бола ма? Оның қабырғаларының ұзындығын анықтандар.

Шешуі. $\frac{480}{x} + x = 58$, мұнда x - қабырға ұзындығы.

Мысал 2. Зауыт белгіленген уақытта 480 машина жасап шығаруы керек еді. Әр күні бір машинадан артық жасай отырып, белгіленген уақыттан бір күн артық жұмыс істеп, жоспардан артық 59 машина жасады. Завод белгіленген уақытта жоспардан артық неше машина жасады?

Шешуі. $\frac{480}{x} + 1 = \frac{480 + 59}{x + 1}$, мұнда x - бір күнгі шығарылатын машинаның саны.

Осы есептерді шешімін табу үшін $x^2 - 58x + 480 = 0$ теңдеуін шешуге келтіріледі.

Нәтижелерді салыстыра отырып, модельдердің математикалық сипаттамалары және есеп барысында қолданылатын сандардың мағынасы бірдей екендігіне, ал экономикалық жағдайлар мен есеп нәтижесінің интерпретациясы әртүрлі екендігіне көз жеткізуге болады.

2. Оқушылардың қызметін басқару функциясы. Математикалық модельдер қарастырылатын 7-9 сыныптарға арналған алгебра және 10-11 сыныптарға арналған алгебра және анализ бастамаларының негізгі тарауы – мәтіндік есептерді шығаруға арналған тарау. Есептің шарттарынан, оның математикалық моделіне өту кезінде, мұғалім оқушылардың логикалық жүйесін қалай жүретінін бақылап тұруға мүмкіндігі болады және бағыттаушы сұрақтарды қою арқылы, оқушылардың ойлау жүйесін басқара алады.

3. Математикалық модельді құрастырғанда олардың өмірдегі шынайы жағдайларды жуықтап сипаттайтын негізгі қасиеті айқын көрінеді.

Мәтінді есептер мен олардың шешу жолдарына талдау жасау барысында, математикада бізді қызықтыратын жағдайларды үйрету емес, олардың жуық модельдер қолданылатынын көреміз. Ол, модельде қандай да бір ғылыми немесе техникалық мәселердің барлық өзара қатынастары мен байланыстарын ескеру мүмкін емес екендігімен байланысты, ал егер ол мүмкін болғанның өзінде, алынған математикалық есептер сондай қолайсыз және құрылымы ауыр болғандықтан, есептеуші машиналар мен заманауи математикалық аппарат оларды өңдеуге дәрменсіз болар еді. Сондықтан, математика шынайы нысанға тікелей қатынаста қолданылмайды, ол оның қарапайымдалған «математикалық» моделіне қатысты қолданылады және ол нақты нұсқасына ұқсас және ондай күрделі болмауға тиісті.

4. Жалпы білім беретін мектепке арналған математиканың бағдарламасына экономикалық материалды енгізу қағидасын жүзеге асыру. Экономиканың аса қарапайым математикалық модельдерін қолдану, математиканың сәйкес тарауындағы математикалық мазмұн инвариантты болып қала беретіндей, бірақ, есептің фабуласы көрнекті экономикалық мәнге ие болатындай құрылу керек [3].

Экономикада қолданылатын кейбір функцияларды келтіріп өтейік.

1. Сұраным, пайдаланым және ұсыным функциялары жеке бұйымдарға немесе ұсыныстарға сұраным, пайдаланым және ұсыным көлемдерінің әр түрлі жағдайлардан қалай тәуелділігін көрсетеді. Мысалы, заттың бағасы p теңге болса, онда белгілі бір шарттар орындалғанда сол затқа сұраным q оның бағасына тәуелді, яғни $q = f(p)$ - сұраным функциясы болады. Кей жағдайларда бағаны сұранымға тәуелді етіп талдау жүргізуге, яғни $p = f(q)$ функциясын зерттеуге тура келеді.

2. Өндіріс функциясы өндіріс нәтижелерінің оларға жұмсалатын өндіріс күштерінен, себептерден қалай тәуелділігін көрсетеді.

3. Шығын функциясы (өндіріс функциясының бір түрі) өндіріс шығындарының өндіріс нәтижелеріне қалай тәуелділігін көрсетеді.

Мысалы, егер x - өндірілетін өнім мөлшері болғанда зат өндіргенде кететін жалпы шығынды $K(x)$ арқылы белгілесек, онда $\frac{K(x)}{x}$ функциясы орта немесе меншікті

шығын функциясы деп аталады да, ол $\Pi(x)$ - пен белгіленеді, яғни $\Pi(x) = \frac{K(x)}{x}$.

4. Түсім функциясы (өндіріс функциясының дербес түрі) өнім көлемінің оны шығаруға жұмсалатын шикі заттардан, жұмыс күшінен қалай тәуелділігін береді. Мысалы, егер q мөлшерде зат сатылса, онда осы сатылатын зат көлемін әр түрлі заттың бағасына көбейтсек жалпы түсім шығады, яғни $U = p \times q = q \times f(q)$ функциясы пайда болады. Бұл функцияны жалпы түсім функциясы деп атайды.

5. Пайдалылық функциялары кең мағынада іс нәтижесінің осы істі жүргізу деңгейіне қалай тәуелділігін көрсетеді

Мысал 3. Нарықтағы тауар сатушыларының ұсыныс функциясы белгілі бір уақыт арасында $q = \frac{1}{\sqrt{15}} \sqrt{p-25}$ түрінде болады, ал сол тауарға деген тұтынушылар

арасындағы сұраныс $q = \frac{11160}{p}$ түрде болады. Бұл жерде: q - сатылған тауардың мөлшері, белгілі бір бірлікпен өлшенеді. p - белгілі бір ақша бірлігінде өлшенетін тауар бірлігінің бағасы. Нарықтық тепе теңдікті табу қажет.

Шешімі. Нарықтық тепе - теңдік теңдеулер жүйесінен анықталады.

Қорытынды: нарықтық тепе -теңдік $q = 9$ болғанда $p = 1240$ болады, яғни, сатып алушылар өнімнің 9 бірлігін сатып алып, әрқайсысына 1240 ақша бірлігін төлейді.

Сонымен қатар, есептің экономикалық құрылымы тағы бірнеше қатар пікірлерге экономикалық иллюстрация жасауға мүмкіндік береді.

Мысалы, нарықтағы монополист өндіруші тауар бірлігіне $p = 1525$ ақша бірлігіне тең келетін бағаны белгіледі делік. Сонда, нарықтағы тауарға деген ұсыныс $q = \frac{1}{\sqrt{15}} \sqrt{1525 - 25} = 10$ тауар бірлігіне тең келеді.

Сатып алушылар 1525 ақша бірлігінен тұратын бағаға тек $q = \frac{11160}{1525} \approx 7,32$ тауар бірлігін сатып алады, ал ол, сатушылар ұсынған тауардан 10 бірлікке кем болып тұр. Яғни, нарыққа тауар артығымен шығып кеткен. Егер мемлекет нарықта 1240 ақша бірлігінен төмен бағаны белгілесе, мысалы, тауар бірлігіне 558 ақша бірлігін тағайындаса, тұтынушылар осы бағамен $q = \frac{11160}{558} = 20$ тауар бірлігін сатып алуға келіседі. Ал ол уақытта сатушылар оларға тек $q = \frac{1}{\sqrt{15}} \sqrt{558 - 25} \approx 5,97 \approx 6$ тауар бірлігін ұсынады. Бұл жерден біз нарықта тауар жетіспеушілігі – дефицит орын алғанын байқаймыз және ол $20 - 5,97 \approx 6$ тауар бірлігіне тән.

Бұл есепке талдау жасау барысында, маңызды экономикалық тұжырымға келеміз: бағаны түсіру арқылы баршаның бір тауарды сатып алу қажеттілігін қанағаттандыра алмайды, ол тек «қара нарықтың» дамуына ғана әкелуі ықтимал: тауарлар көп болу үшін оларды жоғары мөлшерде өндіру жағдайларын жасау керек.

Банктік есептер және пайыздар. Жинақ банкісіне алғашқы салынған теңгенің көлемі Q_0 болсын. Егер банк жыл сайын $p\%$ өсім беретін болса, онда t жылдан кейінгі банкте жиналған теңгенің көлемі Q_t -ді есептейік. Жай пайызды қолданатын болса, онда банкке салынған теңгенің көлемі жыл сайын $\frac{p}{100} Q_0$ -ге өсіп отырар еді, яғни

$$Q_1 = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100} \right), \quad Q_2 = Q_0 \left(1 + \frac{2p}{100} \right), \quad \dots \quad Q_t = Q_0 \left(1 + \frac{pt}{100} \right).$$

Өмірде көбінесе күрделі пайыз пайдаланылады. Мұндай жағдайда банкке салынған теңгенің көлемі жыл сайын $1 + \frac{p}{100}$ рет өсіп отырады, яғни

$$Q_1 = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100} \right), \quad Q_2 = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100} \right)^2, \quad \dots, \quad Q_t = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100} \right)^t.$$

Егер банкке құйылған теңгенің пайызын жылына бір рет емес n рет есептейтін болса, онда $p\%$ жылдық өсім бойынша жылдың $\frac{1}{n}$ бөлігінде салым $\frac{p}{n}\%$ - ға өседі, ал t жылда nt қосылу болғандықтан $Q_t = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100n} \right)^{nt}$ көлеміндегі теңгені құрайды.

Мысал 4. Салымшы банкте шот ашып және оған 150000 тенге салды делік. 4 жыл мерзімге жай пайыздар жылына 18% ставкамен салымды жапқан кезде салымшының алатын соммасы қандай болады? 4 жылға салым қанша тенгеге өседі? Өсу коэффициенті неге тең?

Шешуі. Біздің жағдайымызда

$$S_4 = 150000 \cdot \left(1 + \frac{18 \cdot 4}{100} \right) = 258000$$

4 жылға салым $258000 - 150000 = 108000$ тенгеге өсті.

Осу коэффициенті $\frac{S_4}{S_0} = \frac{258000}{150000} = 1,72$ тең. Бұл бастапқы салым 4 жылда 1,72

өскенін көрсетеді.

Осылай, математикалық есептің құрамына экономикалық мазмұнды енгізу қандай ерекшелік туындататынын көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Глейзер Г.Д. О школе // Университет и школа, 1999, №2. - 17-18 б.
Қазақ халқының патша өкіметінің отарлау саясатына дейін-ақ өзіндік білім беру жүйесі арқылы қалыптасқан рухани болмысы, дүниетанымы мен көзқарасы есепке алынбай жокқа шығарылып, надан, тобыр ретінде қаралды. Қазақ, сауаттылығы екі пайызға жуық, өздіктерінен өмір сүре алмайтын қараңғы ел деген сыңар жақ пікір қалыптасты. Ашықтан- ашық елдік сананы айыру үшін жасаған Ресей империясының отаршылдық әрекеттері көп жағдайда ескерілмей, керісінше оның прогрессивтік мәні жоғары болды деп бағаланды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.Бердібай. Ел боламыз десек...- Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2000, 400 бет.
2. Қ.Ж.Адамбосынов.Медреселердің оқу-әдістемелік кешенінің қалыптасуы және дамуы. «Қазақстандағы дәстүрлі діни танымдық үрдіс және оның сабақтастығы» ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Алматы, 5 желтоқсан 2003 ж.
3. Егеменді Қазақстан. 1993,8-қаңтар (3).
4. Әбиев Ж.Педагогика тарихы: Оқу құралы.Алматы: Дарын, - 2006. - 480 б. Абиев -бет №3, 1995.
5. Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар,зерттеулер және мақалалар).- Алматы: «Ел-шежіре», 2007.- 368 б.
6. М.Мырзахметов. Қазақ қалай орыстанды?.. Алматы: Атамұра –Қазақстан, - 1993.128б

ӘОЖ 378.16

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Егенисова А.Қ., Нұрова Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту проблемалары айтылады. Ақпараттық технология, ақпараттық мәдениет, ақпараттық – коммуникациялық технология ұғымдарына түсінік

беріліп, АКТ оқу-тәрбие процесіне пайдалану мүмкіндіктері туралы сөз қозғайды. Сонымен қатар, болашақ педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда ескерілетін қағидалар баяндалады.

Түйінді сөздер: ақпараттық технология, ақпараттық – коммуникациялық технология, компьютер, электрондық хат, телеконференция.

Қазақстан қоғамында болып жатқан әлеуметтік – экономикалық, саяси өзгерістер, күннен - күнге үдеп келе жатқан интеграциялық үрдістер, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы жоғары оқу орнын бітіретін мамандарға қойылатын талаптарды күшейтуде. Сондықтан да жоғары оқу орындарында уақыт талабына сай білім мен ғылымды игерген, сауатты да салауатты, шығармашыл, кәсіби құзыретті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдана алатын мамандар дайындау қажеттілігі артауда.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан - мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», - деп білім саласының алдына зор міндет жүктеген болатын [1].

Осыған орай, ЖОО оқу-тәрбие процесінде АКТ-ды қолдану қарқынды жүруде. Осыған байланысты білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендірудің объективті және субъективті жағдайлары бар екенін көреміз. Объективті себептер қатарына білімге қойылып отырған жоғары талаптар, жаңа технологияларды қолданудың өзектілігі, жалпы білім жүйесінің модернизациялануы жатады. Ал, субъективті себепке қазіргі білім алушылардың да, оқытушылардың да өзгешелігі жатады. Олар – прагматистер, яғни, тез нәтижеге жетуді мақсат етеді.

Педагогикалық ғылымда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында В.П. Тихомиров, М.П. Лапчик т.б. ғалымдар қарастырса, отандық ғалымдардан Е.Ы. Бидайбеков Ж.А. Қараев электронды-педагогикалық оқулықтар мен жүйелерді жасауда Г.К. Нұрғалиева, С.С. Құнанбаева т.б. ғалымдарымыз зерттесе, оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды комплекстеді интеграциялау арқылы енгізу мәселесімен Д.М. Джусубалиева, Б.Б. Баймұханов т.б. ғалымдар зерделеп өзіндік тұжырымдама жасады [2,3, 4,5]. Жалпы «Ақпараттық технология» термині ғылымда XX ғ.-дың 40-50 жылдары пайда болып, Америкада XX ғ.-дың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа» (instructional media), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction) сияқты ұғымдармен байланыстырылған.

Ақпараттық технология ақпараттық мәдениеттен тығыз байланысты. Ақпараттық мәдениет – кез келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу, ақпараттық мәдениет – әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (ғаламторды) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігінді шектей білу деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық – коммуникациялық технология - электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, ғаламторда жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық технологиялар – ақпаратты пайдалану үрдісін жеңілдетуге арналған әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы, ақпаратты алу, түрлендіру, жіберу,

сақтау және пайдалану әдістері мен құралдары. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялар деп микропроцессорлық және есептеуіш техниканың, сондай-ақ, ақпаратты жинау, жасау, қорға жинақтау, сақтау, талдау және жіберу жұмыстарын қамтамасыз ететін ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен жүйелері негізінде қызмет ететін бағдарламалық-құрылғылық құралдар мен қондырғыларды айтамыз.

Бұл ретте осы мәселемен айналысқан шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарын талданды. Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын Е.И.Машбиц, И.В.Роберт, Б.С.Гершунский, Н.В.Чекалева оқу үдерісінде пайдалану мәселелеріне т.б. өз еңбектерін арнаған[7,8].

Ақпараттық технологияларды қолдану кезінде:

- студенттер компьютермен қатысқан сабақтарға көбірек қызығып, олармен жұмыс істегенде өздерін ыңғайлы сезінеді;
- студенттер арасындағы, студенттер мен компьютер арасындағы қатынастың сипаты өзгереді;
- топтың ауызбірлігі артып, өзін-өзі және басқаларды сыйлаумен қатар, сыншыл көзқарас, өзінің және басқалардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ компьютердің де мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алу қабілеті артады;
- компьютерлік желіде (мысалы, ғаламторда) жұмыс істегенде, аса маңызды әлеуметтік дағдылар қалыптасады: әдептілік, жауапкершілік, басқа адамдардың ұстанымын ескере отырып, өз мінез-құлқына ие болу – қарым-қатынастың гуманистік түрткілері және т.б.

Мультимедиа технологияларының сан алуан түрлерін кешенді түрде қолдану, жетекші-педагогтан бастап қарапайым студентке дейін, барлық қолданушылардың өзара қарым-қатынасының дамуына ықпал етеді, ол студентке өзін-өзі таныстыруға бар күш-жігерін салып, өз қабілетін жандандыруға мүмкіндік береді, ол оқытушының қолдау көрсетуі арқылы өз мүмкіндіктерін, өз адамгершілігі мен құндылығын танып, өзін-өзі өзгертеді.

Ақпараттық технологияларды олардың қызметі бойынша жіктеуге болады. А.В. Дворецкая ақпараттық технологиялардың мынадай түрлерін бөліп қарастырады: тұсаукесер, жаттықтыратын ойындар мен дамытатын бағдарламалар, дидактикалық материалдар, бағдарламалар-жаттықтыру құрылғысы, виртуалды тәжірибе жүйелері, электронды оқулықтар, электронды энциклопедиялар[9].

Тұсаукесер (презентация) – көрсету материалдарын ұсынудың кеңінен тараған түрі. Тұсаукесер бұл – электронды диафильмдер, бірақ қарапайым диафильмдерге қарағанда, оларда анимация, аудио және видеоүзінділер, интербелсенділік іздері болуы мүмкін, яғни пайдаланушының әрекетіне қарсы жауабы ескеріледі. Тұсаукесердің ең қызықтысы – оны қолында компьютері бар кез келген мұғалім азғана уақытын жұмсай отырып жасай алады. Студенттер оларды өз жобасын ұсынуда белсенді түрде қолданады.

Электронды энциклопедияларда көрсету және анықтамалық материалдар қызметі біріктірілген. Қолдану мақсатына қарай олар қарапайым анықтамалық-ақпараттық басылымдардың электронды баламасы болып табылады. Қағаз бетіндегі баламаларына қарағанда мұндай энциклопедиялардың қосымша қасиеттері мен мүмкіндіктері бар: басты сөз немесе ұғым бойынша ыңғайлы іздеу жүйесі, гиперсілтеме негізінде ыңғайлы шарлау жүйесі, аудио және видеоүзінділер қосу мүмкіндігі.

АТК-ның көмегімен пайдаланушыға ақпаратты жеткізіп қана қоймай, оны алуға да болады. Ақпараттық технологиялар кез келген жерде және кез келген уақытта оқытуға мүмкіндік береді, бұл оларды білім беру өрісіндегі оқу материалдарын оқытудың аса қуатты құралына айналдырады. АКТ-ның өзіне тән ерекшеліктері ЖОО-да білім беру мақсаттарын жүзеге асырудағы оның орнын бағалауға мүмкіндік береді. Біріншіден, АКТ материалды оқып-білудің мазмұны мен әдістемесін толықтырады, ол студенттің

сезімдік тәжірибесін байытып, жүйлендіру мүмкіндігін арттырады. Әсіресе, шынайы оқу жағдайында материалды қабылдау мүмкін емес немесе қиындық тудыратын кездерде.

Екіншіден, АКТ оқуда қиындықтарға кезігетін студенттерді де, озат студенттерді де жеке-дара оқыту үрдісі үшін жағдай жасайды. Үшіншіден, баспа оқулықтарына қарағанда көрнекілік деңгейі айтарлықтай жоғары. Өйткені жоғары деңгейдегі бұл көрнекілік анимация, дыбыс, видеоүзінділер көмегімен орындалады. Бұған қоса, АКТ арқасында мұғалімнің жағымды зияткерлік оқыту ортасын жасауға мүмкіндігі пайда болады, бұл үлгерімі жақсы студенттер үшін аса қажет. АКТ бірнеше дидактикалық қызметті атқарады: білім беру; дамытушылық; тәрбиелік.

АКТ- мен жұмыс істеу барысында студент материалды толық меңгереді, теориялық және эмпирикалық ойлауы біркелкі дамиды, білім- білік дағдысы, қызығушылығы, танымдық белсенділігі артады, ал оқытушы студенттердің зейінін өзіне тарту жетістігіне ие болады. Оларды ойландыра, толғандыра отырып, зейінін оқу үрдісіне тарту әрекеттері оқытушының тиімді құралы болып табылады. Білімді игеру дегеніміз – оны ұғу, есте сақтау, қолдана білу. Білімді игеру – алғашқы оқу материалын меңгерегін, білімді бекітетін, бақылау және оқу жұмыстарының нәтижесін бағалайтын, сондай- ақ, дидактикалық міндеттерді шешетін күрделі жүйе. Жүйелей келе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, біріншіден, білім сапасының артуына, екіншіден, оқытушы мен студенттің үздіксіз ізденіс арқылы дамуына ықпалы зор екендігімен түйіндеймін.

АКТ-ның мүмкіндіктерін қолданудың студентке берер мынандай тиімділіктері аңғарылды:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан-жақты жетілдіреді, дамытады;
- өз бетінше сарамандық тапсырмаларды орындайды;
- тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;
- пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;
- ойлау, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;
- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізеді;
- түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап, өзінің алған білімін тексереді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әдістері.


Студенттер ғаламтор желісімен түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатыса алады. Сонымен қатар, тест жұмыстарымен түрлі ойындар арқылы өтетін қызықты жаттығулар жасауға мүмкіндіктері болады.

Соңғы он жылдықта адамзаттың жеткен жетістіктерінің бірі, оқыту үрдісіне елеулі әсерін тигізген халықаралық желі – ғаламтор. Ғаламторды оқу мақсатында қолдану әдістемесінің жаңа бағыты болып саналады.

Қазіргі таңда білімді дамыту – студенттің ақпараттық потенттік деңгейін дамыту деген сөз. Әлемдік ақпараттық қоғамға ену үшін студент ақпараттық мәдениетті, компьютерлік экранды білу қажет, яғни ғаламтормен тығыз байланыста болу керек.

Ақпаратты жүйе ретінде ғаламтор түрлі ақпараттар мен ресурстарды ұсына алады:

- электрондық хат;
- телеконференция;
- бейнеконференция;
- өзінің ақпаратын беру, өзінің сайтың құрып Web- серверге орналастыру;
- ақпараттық ресурстарды қолдану;
- желіде сөйлесу мүмкіндігі.



Сурет 1 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әдістері

Ғаламтор – әлемде болып жатқан соңғы жаңалықтар жайлы мәлімет алудың тез және ең оңай жолы. Ғаламтордың көмегімен аудиторияны жаңалықтар өзегімен қамтамасыз етіп, студенттерді тәжірибелі журналистерге айналдыруға болады. Қазіргі таңда көптеген газеттердің жеке WEB парақшалары бар. Сонымен қатар, WEB газеттер түрлі бөлімдерге бөлінеді: жаңалықтар (мәдениет және өнер, сауда, экономика, т.б.), спорт, жарнама, ауа райы жаңалықтары[9].

Студенттер WEB газеттер арқылы әлемде болып жатқан жаңалықтарды көру арқылы, есту процесі арқылы және оқу арқылы хабардар бола алады. Әсіресе, аудиторияда баспамен тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін сайттар бар. Бұл арқылы студенттер оқыған мақаласы жөнінде өз ойын айтуға және автормен тікелей байланысқа түсуге мүмкіндік алады.

Студенттерді екі - екіден немесе үш - үштен бөліп, мақаланы зерттеуге тапсырма беруге болады. Бұл әдіс бүкіл аудиторияның қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып отыруына үлкен ықпалын тигізеді. Дарынды студенттер күрделі мақаламен жұмыс жасай алады, ал үлгерімі төмен студенттер ауа райымен, мәдениетпен байланысты мақаламен жұмыс жасауға болады.

Студенттер белгілі бір оқиғаға байланысты өзінің жеке тұжырымдамаларын жасауға болады. Мақалаларды зерттеудегі мәдениаралық біліктілікті дамыту арқылы студенттер мәселені терең меңгереді, өз ойын жеткізе алады және сараптама жасап үйренеді. Жұмыс жасалғаннан кейін, әрбір студент жұмысын талқылау мақсатында дөңгелек үстел немесе телеконференция өткізу қажет.

Халықаралық хат алмасуды кез келген және түрлі деңгейдегі аудиторияларда өткізуге болады. Электрондық хат алмасу қағазға жазуға қарағанда, тезірек, ыңғайлы және арзан. Электрондық хат алмасуды түрлі мақсатта қолдануға болады: біріккен жобаларды жасауға, мәселелерді шешуге.

E-mail бағдарламасы – электрондық хат алмасудың жеңіл жолы. Электрондық хат алмасу арқылы оқу бағдарламасынан ауытқымай, кейін сол мәліметтерді баяндама ретінде қолдануға болады.

Студенттер өздеріне қажетті ақпаратты табуды, оны оқып, ішінен ең маңыздысын табуды және өз қажеттілігіне жұмсауды үйренуі шарт. Және студенттердің бойында өзіндік білім алуды, бүгінгі күн талабына сай ізденуді, ақпараттық ағымда жол табу және өзін - өзі дамытуды әрі қарай жетілдіру қажет.

Қорыта айтқанда, білім беру процесінде АКТ –ны жаңа заман талабына сай түрлерінен саналатын мультимедиялық энциклопедия, қашықтықтан оқыту, электрондық оқулықтар мен түрлі дыбыстық таспа материалдары бүгінгі таңда студенттердің қай пәнді болмасын тез әрі терең, шығармашылықпен игеруіне мейлінше қолайлы жағдай тудырып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Лапчик М.П. Методика преподавания информатики Академия. - 2009. - с.294
3. Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: автореф. ... докт.пед.наук:13.00.02. – М., 1998. – с.34
4. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: автореф. ... докт. пед. наук:13.00.01. – Алматы, 1994. – с.48

5. Нурғалиева Г.К. Педагогические технологии информатизации образования – Алматы: Алем, 2002. – с.269

6. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. - М.: Педагогика, 1998. - с.192

8. Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). - М.: ИИО РАО, 2007. – с. 18.

ӘОЖ 371.4

ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Егенисова А.Қ., Теңізбаева С.Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру проблемасын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыру жолдары баяндалған. Сонымен қатар, кәсіби бағдардың мынадай түрлері: кәсіби сауат ашу; кәсіби насихат; кәсіби бейімделу; кәсіби ақыл-кеңес беру, кәсіби іріктеу, кәсіби жарамдылық ұғымдарына сипаттама беріліп, қалыптастыру жолдары сөз етіледі.

Түйінді сөздер: кәсіби сауат ашу, кәсіби насихат, кәсіби бейімделу, кәсіби ақыл-кеңес беру, кәсіби іріктеу, кәсіби жарамдылық, кәсіптік диагностика.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарға сай жастарға кәсіптік бағдар беру жұмысы қоғамдағы өзекті мәселер қатарына жатады. Қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі жаңаруларға байланысты республикамыздың білім беру мекемелеріндегі шәкірттің кәсіп таңдау проблемасына жаңа талаптар қойылуда.

ТМД ғалымдары Е.А.Климов, А.П.Меньшиков К.К.Платонов, В.Н.Шубкин, И.С.Кон, және қазақстандық ғалымдар, психолог-педагогтар Жарықбаев Қ.Б., Қоянбаев Р.М., Иманбекова К., Өстеміров К., Шәметов Н. және т.б. өз еңбектерінде жас ұрпаққа кәсіби бағдар беру және мамандық таңдау проблемасын қарастырған [1,2].

Жас ұрпаққа кәсіптік бағдар беру проблемасы бұрыннан қарастырылып келе жатқан мәселелердің бірі. 1908 жылы профессор Ф.Барсонс Гарвард университетінде (АҚШ) жеткіншектерге болашақ өмір жолын дұрыс таңдау үшін «Кәсіптік бағдар бюросын» құрған. Соңынан 1910 жылы Нью-Йоркте аналогиялық бюро құрылды. Олардың міндеті адамдарға, әсіресе оқушыларға терең түрде, әр түрлі кәсіптің талаптарын үйретіп, білім беру болды. Бюро өз жұмысында анкеталармен, тесті пайдалана отырып, оқытушылармен тығыз қарым-қатынаста болды. Бұл бюроның тәжірибелері АҚШ, Испания, Финляндия, Швейцария, Чехословакия және т.б. елдерге кең таралды. Ал, Англияда кәсіптік бағдар беру мекемелерін дамытуды заңды түрде ұйымдастырды. Ресейде бірінші кәсіптік кеңес беру бюросы 1927 жылы, Ленинград еңбек биржасында құрылды [3].

Кәсіптік бағдар – бұл өзара байланыста компоненттерден тұратын тұтас жүйе. Оқушылардың әр түрлі қызметке икемділігін – ойын, танымдық еңбек (кәсіптік белсендендіру) арқылы қызығушылығын дамыту; кәсіптік психодиагностика, кәсіптік кеңес, кәсіптік іріктеу, кәсіптік бейімделу және кәсіптік тәрбие қарастырады.

Кәсіпті саналы таңдау адамның алдағы өмірін, өзін-өзі тарату, әлеуметтену, маман және кәсіптік өсуде жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Жасөспірім үшін кәсіп таңдау белгісі бір дәрежедегі моральдық проблема. Таңдау диапазоны кең болса, соғұрлым ол психологиялық күрделі болады.

И.С.Кон жас ерекшеліктер психологиясында кәсіптік анықтауды бірнеше кезеңдерге бөлген [2].

1-ші кезең – балалар ойыны, ойын барысында бала өзінің мінез-құлқына байланысты жекелеген элементтерді, әр түрлі кәсіптік рольдерді ойнап көрсетеді.

2-ші кезең – жеткіншектің фантазия, жеткіншек өзіне ұнайтың кәсіпті армандап, өзін сол мамандық өкілі ретінде сезінеді.

3-ші кезең – жасөспірімдердің мамандық таңдауы. Әртүрлі қызметтің түрлерін сұрыптайды. Әуелгі олар қызығушылығы тұрғысынан бағалайды, сосын өзінің қабілетіне қарай, соңынан бағалау жүйесі тұрғысынан қарайды.

4-ші кезең – өзіне ұнаған кәсіпті таңдауға практикалық шешім қабылдау, өзіне ең басты 2 компонентті кіргізеді; болашақ еңбектің біліктілік деңгейін, көлемін және оған дайындалу ұзақтығын және нақты мамандық таңдауды анықтайды.

Кәсіптік бағдар – бұл жастардың еркін және өз бетімен мамандық таңдауға ғылыми-практикалық дайындық жасау жүйесі.

Іс-әрекеттің түрлері таңдалынып ең алдымен жасөспірімнің көзқарас бағаланады (мен тарихты жақсы көремін, тарихшы болайыншы) сонан кейін қабілеттілік көзқарасы (менде математика пәні жақсы келе жатыр, сонымен айналысайын ба?) ең соңғы көзқарасы бағалы мамандық (мен ауырған жандарға көмектескім келеді, дәрігер боламын т.б.).

Мамандық, ізденіс бұл әлеуметтік қана емес, сонымен бірге психологиялық проблема осыған байланысты психологияда 3 негізгі теориялық жақындау бар.

1. Адам ойының тұрақтылығы мен жеке қабілетінің практикалық өзгеріссіздігі осыларға байланысты, яғни адамның іс-әрекетіндегі, қызметіндегі мүмкіндігі мен жетістігі. Бір жағынан кейбір жұмысқа сәйкес келетін адамдарды таңдап алу, ал екінші жағынан адамның жеке қабілетіне сәйкес келетін жұмыс таңдап алу.

2. Әрбір адамның керекті қабілетін қалай болса да бөліп алуға болады деген ойдан туындайды. Бұл екі жақындау да әр түрлі болып жіктелуі мүмкін, бірақ олардың ортақ методологиялары жетіспеушілігі сонда, яғни жеке қабілеттілік пен еңбектік іс-әрекет. Егеменді және бір-біріне қарама-қарсы алыптар деп қарастырылады. Сонда да оның бірі екіншісіне бағындырылады.

3. Бұл іс-әрекеттің жеке стиліндегі жіктелу ізденісі, яғни іс-әрекетпен естің жалғыздығы.

Бұл концепция Е.А.Климовтың келесі жіктелген алғы шарттарында негізделген:

- іс-әрекеттің жетістігі үшін тұрақты тәрбиеленбейтін жеке психологиялық қасиеттер профессионалды іс-әрекет талаптарына тәсілдену нұсқасы;
- кейбір нашар дамыған жеке қабілеттерді жаттығулар арқылы басқа қабілеттің араласуымен немесе тәсілдерімен орнын толтыру;
- қабілеттің жіктелуін тұлғаның жеке өзіндік қасиетімен бірге жүргізу қажет, яғни дамудың ішкі талаптарын, сыртқы талаптарымен есептестіру [2].

Мамандық таңдауда профессионалды түрде кәсіби кеңес өткізу керек. Бұл арнайы дайындықты қажет ететін қиын іс. Кеңес беретін орталықтар еліміздің көп қалаларында болса да, олардың аздығы сезіледі. Жоғарғы сыныптағылардың көбі мамандықты бірлесіп таңдайды. А.П.Чернявская зерттеулерінде ерекше бөлім «болжаушылар бағасы» болған [5]. Мұның мәні мынада: көктемде мектеп бітірердің алдында, әрбір оқушыдан олар ертеңгі болашағында не көреді, қандай мамандықты таңдайды, қандай жұмыс іздейді немесе қайда оқуға барасың деген сұрақтар қойған. Сондай сұрақтарды

өздері сыныптастарына (әрбір оқушы басқа оқушы жайында өз ойын айтқан), сонымен қатар бұл сұрақты ата-аналарына және мұғалімдерге де қойған. Жарты жыл өткен соң өткен соң күзде әлеуметтанушылардың зерттеулері бойынша шығарған қорытындылары мынадай: бітірушілердің болжамы қалай болған, көбінесе сыныптастарының айтқаны көбірек орындалған, ал ата-анасының немесе сынып жетекшісінің айтқан болжаулары орындалмаған.

Кәсіпке бейімделу элементтері мектептегі оқу-тәрбие процесінде де жүргізілсе құба-құп. Мәселен, сабақ үстінде, әр түрлі үйірме жұмыстары кезінде шәкірттерді практикалық мәні бар қызметпен жәй таныстырып қоймай, оларды бұл іске тікелей араластырған абзал. Мамандық таңдауға ерекше көңіл бөлетін әрбір жас өскін мектепте оқып жүрген кездерінің өзінде-ақ, бұл жөнінде жазылған әдебиеттермен танысып отыруды ойластырады. Бұл жерде оған мамандық таңдау жайлы жазылған психологиялық кітаптар көп көмек көрсетеді. Мұндай басылымдарда – жастарды кәсіптік бағдар, оларды жеке икемділіктеріне қарай іріктеу, тиісті кеңестер беру, әртүрлі мамандықтарды психологиялық жағынан сипаттау, бұлардың профессиограммасын жасау, әр жастағы адамдардың еңбектің түр - түріне қабілеттілігі ажырату, еңбек экспертизасының мәселелері қарастырылады. Мұнда сондай-ақ әртүрлі мамандыққа қажетті білім жүйесі мен дағды, икемділіктердің қалыптасу жолы, жұмыс үстінде түрлі бақытсыз жағдайға душар болудың профилактикасы, адамның еңбек үстіндегі қолайлы көңіл күйінің бірқалыпты болуын қамтамасыз ету мәселелері, еңбек ұжымдарындағы жарасты моральдық – психологиялық ахуалдың қалыптасу факторлары жұмыс үстіндегі шаршау мен болдыруға қарсы күрес, техникалық құралдарды гуманизациялау (өндірістік эстетика), мастерлер мен ұстаздардың, инженер-техниктердің психологиялық білімдерін жетілдіру, т.б. мәселелері жайлы сөз қазғалады.

Мәселен, оның психологиялық профессиография дейтін бөлімінде адамның мамандыққа қажетті ерекшеліктері профессиограммаға (түрлі мамандыққа қажетті, талаптардың сипаттамасы) түсіріледі. Психологиялық профессиограмма (психограмма) – мамандықтың бір түрінің адам психикасына қоятын талап-тілегінің жинақ мәліметі. Ис-әрекеттің әр саласына тән өзіндік профессиограммалары болады. Оларға техника (мамандықтың технологиялық аспектілерін сипаттау), экономика (экономикалық мәнін сипаттау), психология, педагогика, медицина, т.б. профессиограммаларын жатқызуға болады. Профессиологияның айналысатын мәселелерінің келесі бір саласы – кәсіби бағдарлау. Бұл мамандықты дұрыс таңдап алмау жағдайынан туатын қателіктердің алдын алып, болдырмау жағына бағытталған еңбек экспертизасы.

Кәсіби бағдардың мынадай түрлері бар: а) кәсіби сауат ашу; ә) кәсіби насихат; б) кәсіби бейімделу; в) кәсіби ақыл-кеңес беру, кәсіби іріктеу [2].

«Кәсіби кеңес» - түрлі мамандықтың өзіндік ерекшелігі жайлы түсінігі кем, жастарға практикалық ақыл-кеңес беріп, жөн-жосық көрсету. Кәсіби бағдардың бұл түрінде адам тәнінің, сондай-ақ жан дүниесінің өзіндік ерекшеліктері (көргіштік, естігіштік, заттарды бір-бірінен тез айыра алу секілді арнаулы психикалық қабілеттер, т.б.), яғни тиісті мамандыққа қажетті медициналық, психологиялық талаптар туралы ақыл-кеңес беріліп, осы мамандыққа қоғамның зәрулігі, кейіннен жұмысқа орналасу мәселелері сөз болады.

Мұндай кеңесті арнаулы мекемелер, сондай-ақ мектептегі мұғалімдер мен психолог мамандар жүргізіп отырады.

«Кәсіби жарамдылық» дегеніміз адамның еңбектің белгілі бір түріне жарамдылығын көрсететін психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерінің, оған қажетті тиісті білім, дағды, икемділіктердің жиынтығы. Кәсіби жарамдылықты ажыратуда диагностикалық тест әдісімен адамдардың мамандық таңдауда қандай мотивтері болатындығы, олардың мән-мәнісі зерттеледі.

«Кәсіби іріктеуде» жас өскіннің белгілі мамандыққа жарамды-жарамсыздығы арнаулы шаралар арқылы тексеріледі. Мұнда адам медициналық, физиологиялық, психологиялық кешенді тексеруден өтеді.

«Кәсіби бейімделу» бұл жұмысқа жаңа түскен адамның өз ортасына біртіндеп төселіп, бейімделуі. Төселудің алғашқы кезеңі өндірістік практика кезінде, негізгі жағы нақты жұмыс үстінде жүзеге асады.

Қазіргі жоғары сынып оқушылары 70-80 жылдардағы құрдастарымен салыстырғанда жалпы мәдени деңгейінің, интеллектілік мүдделерінің кеңдігі мен жан-жақтылығын аңғармауға мүмкін емес. Радио, теледидар, кино, көпшілікке арналған ғылыми басылымдардың арқасында олар ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін біліп отырады. Бос уақытын өткізуі де аға ұрпақтардан гөрі мазмұндырақ. Ғылымға, елдің саяси өміріне, халықаралық қатынастарға, спортқа, өнерге ынта қоятын. Физикалық – математикалық, химиялық және басқа олимпиадаларға қатысушылардың барған сайын көбеюі жастарда ғылымға деген ынтаның белсенді, шығармашылық сипатта екендігін көрсетеді. Оқушылар ғылыми дүниетанымды қалыптастыру үшін айрықша мыңызы бар әлеуметтік проблемаларға, қоғамтануға, философияға ден қояды.

Мектепте психологтың кәсіптік кеңес беру жұмысының мәні, мақсаты мен міндеті, оқушылардың жас ерекшеліктеріне, педагогикалық ұжым мен психологтың тығыз байланысының өзіндік шарттарына қарай анықталады. Дәстүр бойынша кәсіптік кеңес беруші жұмысында, жеткіншектер мен ересектерге және жұмыссыз тұрғындарға зейінін аударады.

Жасөспірім кәсіптің қиындығын, оның болашақта даму тенденциясымен, медициналық қарсы көрсеткіштері туралы объективті түсінік берілуі қажет. Әр түрлі мамандықтағы оқушылармен кәсіптік кездесулер өткізген дұрыс. Ол оқушылардың кәсіптік қызығушылығына, дұрыс ойластырылып және ұймдастырылған оқушылардың кәсіптік қызығушылығына тікелей әсер етеді. Мұндай кездесудің мақсаты – мамандық түрлерінен дұрыс таныстыру болып табылады.

Мамандық иелерімен кездесуді дайындау процесін сынып жетекшісіне, ата-аналар, оқушылар және басқа да мамандар кіргізіледі [5].

Оқушыларға қажетті ақпараттарды жинау тапсырылады:

- кәсіп жөнінде жалпы мағлұмат;
- еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайы;
- мамандыққа деген психо-физиологиялық талап;
- кәсіптік қызметтің экономикалық және құқықтық арнайы дайындығы

туралы.

Кәсіптік кеңестің ең маңызды компоненттерінің бірі алдын-ала кәсіптік диагностика жасау болып табылады. Алдын-ала диагностикалау жұмысының мазмұны оқушылардың тұлғалық және жан-жақты ерекшеліктерін, олардың қызығушылығын, қабілетін, икемділігін, кәсіптік өлшемін, нерв жүйесінің жеке ерекшеліктерін оқып үйрену.

Кәсіптік диагностикалауда кәсіптік кеңесшінің жұмысының тиімділігі оқушының өз өмірін бағыттарын анықтау белсенділігіне байланысты. Мектептегі алдын-ала кәсіптік диагностикалаудың ең басты міндет – оқушылардың белгілі бір мамандыққа тұлғалық психофизиологиялық қасиеттің сай келуі мен жарамдылығын анықтау болып табылады. Адамның психофизикалық ерекшеліктері – бұл оның психикасының, дамуы, организмнің құрылысын, денсаулық жағдайының ерекшеліктері жатады.

Әрбір адамның өзіндік психофизикалық ерекшеліктері болады. Ол адамдарды белгілі бір кәсіпке дайындығы мен жарамдылығын айтамыз. Тұлғаның ең маңызды ерекшелік, диагностикалауға кіретін құндылық бағдары қызығушылығы, қажеттілігі,

икемділігі, кәсіптік өлшемі, кәсіптік бағыттылығы, кәсіп таңдаудағы мотиві, мінез сипаты, темпераменті, денсаулық жағдайы т.б.

Кәсіптік диагностикада кәсіптік бағдар беру мақсатына байланысты әр бір оқушыны зерттейді. Осының нәтижесінде мамандықты таңдауды оған баланың дайындығын, ынтасын және қабілетін анықтайды. Ол үшін мынадай әдістерді қолдануға болады: оқушылардың құжаттарын, іс-әрекетінің жемісін (жеке іс, сынып журналы, шығармашылық жазбалар, қолөнер бұйымдары т.б.) талдау; практикалық іс-әрекетін, жүріс-тұрысын (мектепте, қоғамдық орындарда, үйелменде, еңбекте) зерттеу, анкета мәліметін зерттеу; әңгіме-сұхбат; психологиялық эксперимент; тәуелсіз мінездемені жинақтау әдісі.

Профессиограмма жинау. Профессиограмма – белгілі бір кәсіпті меңгерген және кәсіптік өсуі үшін қажетті әр түрлі деңгейдегі қызметкерлердің мінездемелерінің жиынтығын сипаттау. Профессиограммада кәсіпті меңгеру қабілеті мен уақыты, кәсіптің негізгі талаптары туралы ақпараттар болады. Әр түрлі кәсіп профессиограммалары жинақталған арнаулы жинақтарда болады.

Кәсіптік бағдар беретін тестілер мен сауалнамалар.

Кез келген тест пен сауалнаманы қолдану, оқушыларды, өзін-өзі тану мақсатында арайы дайындықты қажет етеді. Тақырып бойынша ресурс каталог (кортотека, электрондық каталог айдары). Жалпы каталог рамкасы бөлек болғаны дұрыс, сонда ғана кәсіптік бағдар орталығының құрылымы жөнінде, айта аламыз. Мектеп кітапханасындағы кәсіптік бағдар орталығының қорын мүмкіндігінше тақырыптық бөлімі ретінде бөлек сақтаған дұрыс. Осы тақырып бойынша жаңа түсірілімдерді, мақалаларды көрме ретінде кәсіптік бағдар беру қорының жанында орналастырған жөн.

Мектептегі әлеуметтік психологиялық қызмет.

Әлеуметтік психологиялық қызмет оқушылар ата-аналар педагогтар қатысатын барлық оқу-тәрбие процесін қамтиды. Әлеуметтік психологиялық қызмет үш негізгі бағытта қызмет етеді. Оқушылар, ата-аналар, педагогикалық ұжым. Қызметтің ең басты міндеті сыныпта-кәсіп таңдау процесін белсендендіру.

Кәсіптік бағдар беру мақсатындағы әңгімелесу

Кәсіптік бағдар беру әдетегідей психологтың әңгімелесуімен басталады. Әңгімелесу барысында жасөспірімнің білім деңгейі (қандай сыныпта оқитындығы) қандай үйірме, секцияға қатысатындығы, кәсіп таңдаудағы проблемасы (ештеңе ұнамайды немесе керісінше бірнеше нұсқалық қайсысы таңдауды білмеуі т.б.).

Сонымен, жастарға кәсіби бағдар беруге ата аналар, педагог, психолог мамандардың біріккен жұмысының нәтижесінде жетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кон И.С., Психология юношеского возраста, М., Просвещение, 1989, 32с.
2. Климов Е.К. «Как выбрать профессию» М.; 1994, 65-68с.
3. Павлютенков Е.М. Формирование мотивов выбора профессии. -Киев, 2000, 156с.
4. Шавир Л.Ф. Психология профессионального самоопределения в ранней юности, Тюмень, 2006, 68с.
5. Чернявская А.П. Психологическое консультирование по профессиональной ориентации. – М.: Владос-пресс, 2009. – 96 с.

ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТАЛҒАН ОҚЫТУ ОРТАСЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ ШАРТЫ

Аренова А.Х., Жарылгасова П.Е.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада тәжірибеге бағдарланған оқыту тәсілдерін қолдану мәселесі, студенттің кәсіби құзыреттілігін біртіндеп қалыптастыруға тәжірибеге бағдарланған технологиялардың маңыздылығы ашылған.

Түйінді сөздер: тәжірибеге бағдарланған оқыту, іс әрекеттік тәсіл, құзыреттер, кәсіби құзыреттілік.

Адамның кәсіби тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру білім беру мекемелерінде орын алады. Кәсіптік білім беру кәсіпқой жан-жақты дамыған, әр іске шығармашылықпен қарайтын, әлеуметтік белсенді, тәуелсіз, құзыретті тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталған.

Білім беру ортасы жеке тұлғаны дамытуда шешуші фактор болып табылады. Білім алушылар өз іс-әрекеттері мен әрекеттері арқылы қоршаған орта элементтерін белсендіреді және осылайша оны өздігінен жасайды.

Психологияда, философияда, педагогикада, тұлғаны қалыптастыруда қоршаған ортадағы білім беру мүмкіндіктерін құру және пайдалану мәселесі қарастырылған, оларға: әлеуметтік, мәдени, білім беру, даму, гуманитарлық, педагогикалық, экологиялық, технологиялық, өмірлік және т.б. типтері жатады.

Алайда, педагогикалық теория мен практикада болашақ мамандардың оқу орнының білім беру ортасындағы кәсіби дамуының негізгі сипаттамалары жеткілікті негізделмеген, олардың іске асырылуы түрлі салаларда кадрларды дайындау сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін тиісті үлгі жоқ.

Оқу орнының тәжірибеге бағдарланған білім беру ортасын құру, оның қалыптасуына, жүзеге асырылуына, ашылуына және өзін-өзі жетілдіруге әсерін зерттеу педагогиканың өзекті мәселесі болып қала береді.

Бүгінде түлектердің проблемаларының бірі кәсіби біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі болып табылады. Бұл проблемаларды шешу жолдарының бірі мамандарды даярлауда тәжірибеге бағдарланған тәсіл болып табылады.

Мамандарды даярлауда тәжірибеге бағдарланған тәсіл дегеніміз не?

Кейбір авторлар тәжірибеге бағдарланған білім беру мақсатын білім беру, өндірістік және диплом алдындағы тәжірибе барысындағы кәсіби ортада алған студенттердің кәсіби тәжірибесін қалыптастыру деп түсінеді (Ю.Ветров, Н.Клушина) [1].

Басқа авторлар (Т. Дмитриенко, П. Образцов) болашақ мамандардың білімі, дағдылары мен біліктіліктерін, кәсіптік маңызды қасиеттерін дамытуға бағытталған кәсіптік бағдарланған оқыту технологияларын тәжірибеге бағдарланған білімге жатқызады [2].

Көптеген авторлар (В. Вербицкий, В.Шершнева) тәжірибеге бағдарланған білім беру мамандандырылған және бейінді емес пәндердің студенттерінің контекстік (кәсіптік бағдарланған) оқу мүмкіндіктерін пайдалануымен байланысты деп есептейді [3].

Ф.Ялалов тәжірибеге бағдарланған білім берудің мақсаты студенттердің білім, дағды, қабілеттерін және әлеуметтік маңызды құзыреттерін қалыптастыру деп түсінеді, мұны іс-әрекеттік құзыреттілік тәсілі деп түсіндіреді [1].

Қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, бастауыш кәсіптік білім беру білім мен тәжірибелік дағдыларды даярлаудың сапалы жаңа деңгейіне негізделуі керек.

Соңғы жылдары түлектерді жұмысқа орналастыру тәжірибесі әлеуетті жұмыс берушілер қызметкерлерді іріктеуде арнайы білімі мен жұмыс тәжірибесіне ие кадрларды таңдауға қызығушылық танытатындығын көрсетеді.

Басқаша айтқанда, олардың мамандығы бойынша практикалық білімді талап ететінін атап өту керек. Бүгінгі таңда жас мамандар еңбек нарығындағы бәсекелестікте және қызмет жағдайына бейімделуде қиындықтарға тап болды. Білімді беру мекемесін бітіргеннен кейінде кәсіби тұрғыда қалыптасу бірнеше жылдарды алады және жас мамандардың қосымша күш-жігерін жұмсауына және олардың қайта даярлауын талап етеді.

Бітірушілердің кәсіби біліктілігінің төмен болуына және олардың бәсекеге қабілетсіздігінің негізгі проблемасы болашақ кәсіптік қызмет саласында тәжірибенің болмауы болып табылады.

Белгіленген проблемаларды шешу үшін бүгінгі күні кәсіптік білім берудің мазмұнының қағидаларын қалыптастыру, әдістерін және рәсімдерін қайта анықтап, сондай-ақ мамандарды белгілі бір саланың кәсіби стандарттарымен оқыту аймақтарын үйлестіру қажет.

Сондықтан білім беру мазмұнын қалыптастыруда және білім беру стандарттарында мамандар даярлауды ұйымдастырған кезде диалогизм мен тәжірибеге бағдарланған қағидастарға назар аудару керек.

Бұл болашақ мамандардың диалогтық дағдыларды қалыптастыруға, әріптестердің пікірлері мен көзқарастарына төзімділікпен қарауға, проблеманы жалпы жағдайдан оқшаулауға, маманның кәсіби құзыреттілігінің критерийлеріне сәйкес келетін нәтижелерді шешудің және талдаудың ең тиімді әдісін таңдауға мүмкіндік береді.

Осы принциптерді іске асыру үшін:

- күрделілігі біртіндеп курстан курсқа дейін өсетін, нақты кәсіби тапсырмалар беру;

- жеке, шағын топтарда және ірі топтарда жұмыс істейтін мамандардың кәсіби қызметінің ерекшеліктері;

- ғылым мен адамзат тәжірибесіндегі білімдермен, әртүрлі әдістер интеграциясы.

Оқытудың алғашқы күндерінен бастап ақ тәжірибеге бағдарланған оқыту әдісі қолданылуы қажет. Зертханалық және практикалық сабақтарда компьютерлік техниканы қолдана отырып жүзеге асыру және білім алушының жеке пән бойынша іздену жұмыстарына бағытталуы керек, онда білім алушы академиялық пәннің негізгі теориялық ұстанымдарын ғана игеріп қоймай, проблеманы шешу үшін таңдап алынған әдісі бойынша өз пікірлерін және позицияларын ашық диалог формасында жеткізуге және өз іс-әрекеттерін дербес ұйымдастыруға үйренеді.

Дәстүрлі оқытудан тәжірибеге бағдарланған білім берудің айырмашылығы білім, білік, дағдыларды меңгеру процесінің практикалық тәжірибеге бағытталуынан көрінеді.

Білім алушылар тәжірибесі практикалық дағдыларын дамыту арқылы, дәстүрлі дидактикалық триада «білім - білік - дағды» шеңберінде жүзеге асырылады. Ал, іс-әрекеттік құзыреттілік тәсілінде дәстүрлі үшбұрыш жаңа дидактикалық бірлікте толықтырылады: «білім - білік – дағды-іс әрекет тәжірибесі».

Оқу орындарында тәжірибеге бағдарлап оқыту педагогикалық кадрлар даярлаудың алғашқы күндерінен бастап қолданылып және одан әрі тұлғаның кәсіби құзыреттілігін кезең-кезеңмен қалыптастыруға үлес қосуы керек.

1 кезең - маңыздылық

Оқу кеңістігіне бейімделу. Студенттер мәдени сұраныстары мен қажеттіліктерін қалыптастырады, болашақ мамандықтың табиғаты мен әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, оған тұрақты қызығушылық танытады.

2 кезең - құндылық

Мамандандырудың басталуы, студенттердің кәсіби мүдделерін нығайту және тереңдету. Кәсіби және жеке даму міндеттерін анықтаудағы тәуелсіздік.

Лабораториялық және практикалық жұмыстың міндеттері жеке оқу-тәрбие жұмыстарына бағытталуы керек, онда білім алушы оқу материалының негізгі теориялық ұстанымдарын бекітіп қана қоймай, білім беру проблемасын шешудің таңдап алынған әдісі бойынша өз көзқарастары мен ұстанымдарын ашып, өздерінің қызметін дербес ұйымдастырады. АКТ көмегімен зертханалық және практикалық жұмыстарды жүзеге асыруды ұйымдастыру орынды.

3 кезең - практикалық

Кәсіптік модульдерді меңгеру және оқу тәжірибесінен өту, өзінің кәсібилігін белсенділігін ажыратып, бағалауға дайындау. Оқу пәндерін, пәнаралық курстарды дамыту барысында студенттерді диалогтық жұмысқа негізделген 5-6 адамнан тұратын шағын топтарда жобаларды әзірлеуге үйрету. Диалог - бұл проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдары. Бұл кезеңде ғылыми-зерттеу жұмыстарының толық циклі өткізіледі. Оқу практикасының нәтижесі мамандардың жетекшілігімен әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады, ол өзекті мәселелердің ішінен таңдап алынған кішігірім міндеттерді шешеді. Практикалық жұмыстардан басқа, болашақ мамандар өндірістің нақты міндеттерімен, олардың тұжырымдамасымен, шешімімен, құжаттамасымен танысады.

4 кезең - қорытынды

Өз іс-әрекеттерін ұйымдастыруға дайындық, стандартты әдістер мен кәсіптік тапсырмаларды орындау жолдарын таңдап, олардың тиімділігі мен сапасын бағалау.

Оқытудың соңғы кезеңіне мыналар кіреді:

- кәсіби өндірістік тәжірибеден өту, кәсіби мамандық бойынша емтихан (біліктілік) тапсыру;

- диплом алдындағы тәжірибе және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау.

Осылайша, тәжірибеге бағдарланған оқыту және диалог студенттерге қажетті кәсіби біліктілікке, ұйымдастырушылық қабілетті игеруге, теориялық білімдерін нығайтуға, кәсіби стандарттарға сай келуге және біліктілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді және бітірушілерді бәсекеге қабілетті етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Михеев В.А. Основы социального партнерства: теория и политика, практика: Учебник для вузов. М., 2007

2. Модульно-компетентностный подход и его реализация в среднем профессиональном образовании. /Под общ. ред. докт. педагогич. наук, профессора А.А. Скамницкого. – М., 2006. – 247 с.

3. Скамницкий А.А., Модульно-компетентностный подход и его реализация в среднем профессиональном образовании, М., 2006. – 247 с.

УДК 656.615

РАЗРАБОТКА КОНСТРУКЦИИ СУДНА ДЛЯ СБОРА РАЗЛИТОЙ В МОРЕ НЕФТИ

Жумадилов К.Б.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье обоснована актуальность исследований по сбору разлитой в море нефти, проведён анализ существующих способов по сбору разлитой в море нефти и разработан новый наиболее совершенный способ сбора нефти.

Ключевые слова: акватория порта, нефтемусоросборщик, аварийный танкер, сосуд Дьюара.

Способы очистки акваторий портов от разлитой нефти

Порты осуществляют очистку акваторий портов при разливах нефти, в случаях аварии танкеров, сбор нефти производится различными способами. Очистка открытой акватории порта должна производиться последовательной обработкой нефтемусоросборщиком загрязненной площади акватории.

Очистка открытой акватории порта от разлитой нефти может производиться путем ограждения загрязненного участка оперативными бонами в следующем порядке:

- 1) концы бокового ограждения (длину выбирают в зависимости от площади загрязненного участка акватории) крепят к носовой части двух нефтемусоросборщиков либо к нефтемусаросборщику и катеру или буксиру;
- 2) очистку открытой акватории начинают с наиболее загрязненного участка;
- 3) нефтемусоросборщики либо нефтемусоросборщик и буксир должны двигаться малым ходом вперед параллельным курсом (рис. 1);




Рисунок 1 - Движение нефтемусоросборщиков при очистке открытой акватории:

1- загрязняющие вещества; 2 - оперативные боновые ограждения; 3- нефтемусоросборщик; 4 – вспомогательный нефтемусоросборщик

4) расстояние между нефтемусоросборщиками либо между нефтемусоросборщиком и катером или буксиром выбирают из расчета максимального захвата загрязняющих веществ;

5) после выхода нефтемусоросборщиков за границу загрязняющих веществ один нефтемусоросборщик либо катер или буксир останавливается, а другой, описывая циркуляцию, подходит к первому нефтемусоросборщику и швартуется к нему носом к корме (рис.2);




Рисунок 2 - Ограждение загрязненного участка открытой акватории боами:
1-вспомогательный нефтемусоросборщик или катер; 2– рабочий нефтемусоросборщик; 3- оперативные боновые ограждения; 4 - загрязняющие вещества

6) нефтемусоросборщик начинает всасывать загрязняющие вещества с поверхности огражденного участка акватории, при этом постепенно сокращая площадь огражденного участка за счет протягивания конца бокового ограждения вдоль борта нефтемусоросборщика за корму (рис.3);




Рисунок 3 - Сбор загрязняющих веществ с огражденного участка открытой акватории:
1- загрязняющие вещества; 2- вспомогательный нефтемусоросборщик или катер;
3- рабочий нефтемусоросборщик; 4 - оперативные боковые ограждения

7) очистку огражденного участка прекращают после удаления всех загрязняющих веществ, затем операцию повторяют для следующего участка акватории.

Проведенный анализ существующих методов сбора и устройств, применяемых на судах - нефтемусоросборщиках показал, что все способы и конструкции имеют определенные недостатки основным, из которых является неполная очистка, т.е. определенная часть разлитой при авариях танкеров нефти остается на поверхности моря и негативно влияет на флору и фауну. В данной статье предложен принципиально новый и более совершенный способ сбора разлитой нефти при аварийных ситуациях.




Рисунок 4 - Схема сбора разлитой в море нефти




Рисунок 5 - Схема подачи жидкого азота

Нефть из аварийного танкера (Рис.4) растекается шлейфом нефтьесборщик двигаясь в направлении шлейфа нефти рассеивает по пятну жидкий азот.

Жидкий азот температура -197°C из сосуда Дьюара через через перфорированные трубы рассеивается над пятном разлитой нефти (Рис.5) после чего нефть замораживается и образует с морской водой твердую субстанцию, которая при помощи траления собирается и перегружается в танкера где после размораживания делится на нефть и воду.

ЛИТЕРАТУРА

1. Булатов, А. И. Охрана окружающей среды в нефтегазовой промышленности / А. И. Булатов, П. П. Макаренко, В. Ю. Шеметов. – М. : Недра, 2007. – 483 с

УДК 341.225

МОРСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОЙ ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ В РЕГИОНЕ КАСПИЙСКОГО МОРЯ

Малов К.В.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье обоснована актуальность вопросов обеспечения морской безопасности в условиях развития экономического развития, в том числе морской экономической деятельности Казахстана от противоправных действий в регионе Каспийского моря.

Ключевые слова: морские перевозки, инфраструктура морского транспорта, морская экономическая деятельность, безопасность судоходства, противоправные действия.

Казахстан, исходя из своих географических, пространственных и геофизических особенностей, располагаясь на стыке европейских и азиатских экономик, с проходящими через ее территорию континентальных и трансконтинентальных транзитных коридоров в направлениях Север-Юг и Запад-Восток, стал занимать свое место и отводить свою роль с учетом расположения в регионе Каспийского моря в глобальных и региональных международных отношениях – как новое морское государство.

Казахстан заслуживает такой статус благодаря географическому положению с выходом к Каспийскому морю и протяженности морских границ, которая составляет почти более двух тысяч километров. Имеющийся (морской порт Актау, грузовой порт Баутино, речной порт Атырау) и построенный (паромный порт Курык) современный портовый комплекс способен перерабатывать в год более 20 млн. т. грузов. Грузоперевозки осуществляются сотнями морского класса судов, причем объем перевалки и перевозки грузов ежегодно растет [1].

Для Республики Казахстан морские перевозки стали иметь важнейшее значение как в обеспечении внутригосударственных перевозок (особенно в регионе северной части Каспийского моря при создании, морских объектов нефтегазовой отрасли как месторождение Кашаган, где морской транспорт является безальтернативным видом транспорта), так и во внешнеэкономической деятельности.

В последние десятилетия особую значимость приобретает постоянно возрастающая интенсивность использования Каспийского моря, связанная с общим процессом глобализации, развитием мировой и региональной экономики и

международного экономического сотрудничества стран Каспийского региона. Стали появляются новые виды морской экономической деятельности государств в Каспийском регионе, все больший размах получает практика освоения углеводородных ресурсов расположенных в акватории Каспийского моря. В этих условиях, в странах имеющих выход к Каспийскому морю, значительно вырос к проблемам обеспечения безопасности на море, а также к их правовому регулированию.

Согласно программам освоения казахстанского сектора Каспийского моря и развития водного транспорта Республики Казахстан, которые нашли свое отражения в основных нормативных документах, таких как Закон РК «О торговом мореплавании», задачи связанные с охраной человеческой жизни на море, предотвращением загрязнения морской среды, обеспечением контроля над функционированием важных морских коммуникаций – относятся к национальным интересам Республики Казахстан на Каспийском море [2].

Значение казахстанского сектора Каспийского моря для Республики Казахстан имеет важное и продолжает расти. Западные регионы Казахстана (Атырауская и Мангистауская области) обладает уникальными ресурсами углеводородного сырья, биологических ресурсов особенно в территориальных водах и морской экономической зоне, при этом западный регион Казахстана недостаточно и малочисленно населен и относительно изолирован от промышленно развитых регионов Республики Казахстан.

